



Жылдық есеп

2021

СИНЕРГИЯҒА БАҒЫТ

МАЗМҰНЫ

ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ 2

Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	8
Басқарма Төрағасының үндеуі	10
2021 жылғы негізгі оқиғалар	14
Бизнес-үлгі	18
Даму жоспары	20

ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ 26

Макроэкономикалық шолу	27
Негізгі қызмет түрлері бойынша Холдинг құралдарының нарықтық үлесі	34

МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ 36

Қызметтің қаржылық нәтижелері	37
Капитал нарықтарында қаражат тарту	39
Кәсіпкерлікті қолдау	43
Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету	55
Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту	57
Цифрландыру стратегиясы	59
Клиенттік деректердің қауіпсіздігі	61

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 62

Корпоративтік басқару жүйесі	63
Жалғыз акционер	68
Директорлар кеңесі	69
Корпоративтік хатшы	84
Басқарма	86
Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу жүйесі	92
Ішкі аудит қызметі	92
Корпоративтік этика және мүдде дауларын реттеу	94
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	96
Сыртқы аудитор	97

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ 98

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері	99
Холдингтің негізгі тәуекелдері	101

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ 104

Тұрақты дамуды басқару жүйесі	105
Холдингтің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі	108
Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу	110
Ақпараттық саясат	114
Персоналды басқару	116
Жауапты инвестициялау	123
Экономикалық нәтижелілік	125
Сатып алу қызметі	126
Қоршаған ортаны қорғау	127
Демеушілік және қайырымдылық көмек	129

ҚОСЫМШАЛАР 130

Есеп туралы	131
2021 жылғы еншілес ұйымдардың қызметі	134
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау жөніндегі есеп	139
Жасалуына қызығушылық бар мәмілелердің тізбесі	151
Жылдық қаржы есептілігі	152
«Operating Principles for Impact Management» ХҚК қағидаларына сүйену туралы ақпарат	159
GRI көрсеткіштер кестесі	160
Глоссарий	165
Байланыс ақпараты	169



«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Жылдық Есебін мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде электрондық форматта веб-сайттан алуға болады.





Холдинг туралы

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, Холдинг) – дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 100%-ы Холдингке меншік құқығы бойынша тиесілі 8 еншілес ұйымды¹ қамтитын интеграцияланған даму институты. Еншілес ұйымдардың қызметі кәсіпкерлікті қолдауға және халық үшін тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

№	Еншілес ұйым	Қолдау құралы	Қызмет бағыты
1.	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Қарыздық қаржыландыру Кепілдіктер Лизинг Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру 	Орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерін қолдау
2.	«ЭСК «KazakhExport» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Сақтандыру Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру 	Экспорттық әлеуетті арттыру ²
3.	«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ ³	<ul style="list-style-type: none"> Үлестік қаржыландыру Венчурлық қорларды құру/қатысу Технологиялық консалтинг 	<ul style="list-style-type: none"> Үлестік қаржыландыру Венчурлік қаржыландыру Эксперттік-технологиялық сүйемелдеу
4.	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Кепілдік беру Субсидиялау ЕДБ/МҚҰ-на шартты түрде қаражат орналастыру арқылы кредит беру Кеңес беру 	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау
5.	«Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ ⁴	<ul style="list-style-type: none"> АӨК субъектілеріне кредит беру Инвестициялық жобаларды қаржыландыру Көктемгі-далалық және егін жинау жұмыстарына кредит беру Қаржы институттарын қорландыру Шағын бизнеске микрокредит беру Сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау 	Агроөнеркәсіп кешенін қолдау
6.	«ҚазАгроҚаржы» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Ауыл шаруашылық техникасы мен жабдығының лизингі 	
7.	«Отбасы Банк» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Тұрғын үй қарыздарын беру Ипотекалық кредит беру 	Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету
8.	«Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> ЖАО-ның бағалы қағаздарын сатып алу арқылы құрылыс салушыларды қаржыландыру Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй Ипотекалық кредит беру Үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру Жекеменшік құрылыс салушылардың кредиттерін субсидиялау Инвестициялық жобаларды қаржыландыру 	

ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ

¹ 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша

² Шағын, орта және ірі бизнесті қоса алғанда

³ 2021 жылы «QazTech Ventures» АҚ мен «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС еншілес ұйымдарының функционалы мен активтері жеке қор ретінде «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ басқаруына табысталды.

⁴ 2021 жылдың желтоқсан айында «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ-на қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды.

Даму тарихы

2013

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығымен даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту мақсатында құрылды. Холдингтің құрамына бұрын мемлекеттік органдардың және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры» АҚ басқаруындағы 10 даму институты енді.

2020

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тұрғын үй блогын оңтайландыру жүргізілді, нәтижесінде «ҚИК» ИҰ» АҚ-ға «Бәйтерек девелопмент» АҚ (2020 жылғы қазан) және «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ (2020 жылғы қараша) қосылды. Сонымен қатар, «ҚИК» ИҰ» АҚ «Даму Қоры» АҚ арқылы ұсынылатын әзірлеушілерді субсидиялау құралына көшірді.

2020

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымы – «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ атауы «Отбасы Банк» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (қысқаша «Отбасы Банк» АҚ) болып өзгертілді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Нұрлы жер» және 2020–2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы бағдарламаларын іске асыру аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес құрылымы «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ-нан жалпы көлемі 970 млрд теңге облигациялық қарыздар тартылды.

2020 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ 29 млрд теңге сомасына капиталдандыруды жүзеге асырды.

2020

2014

Холдинг 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасының операторы болды. Холдинг құрамында Kazakhstan Infrastructure Fund C.V., «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобаларын қолдау орталығы» ЖШС инфрақұрылымдық қоры, Baiterek Venture Fund құрылды.

2019

«KazakhExport» ЭСК» АҚ жарғылық капиталын толықтыруға 34 млрд теңге бөлінді.

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ «QazTech Ventures» АҚ деп қайта аталды. Сондай-ақ, оның қызмет бейіні өзгертілді: қызметі венчурлік нарықты, бизнес-инкубацияларды және технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға шоғырланатын болады.

2021

2021 жылғы 26 қаңтарда «Қазақстан Ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ болып атауын өзгертті.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан Республикасына жолдау шеңберінде берген тапсырмасына сәйкес «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қосу жұмысы аяқталды.

2021 жылдың наурыз айында Қазақстан қор биржасында 10 жылдық айналым мерзімімен 50 млрд теңге сомаға теңгелік облигациялар шығарылымы орналастырылды.

2021 жылдың мамыр айында «QazTech Ventures» АҚ мен «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС еншілес ұйымдарының функционалы мен активтерін жеке қор ретінде «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ басқаруына табыстау шаралары аяқталды.

2015

«Ұлт жоспары-100 нақты қадам» 62-қадамының аясында Еуразиялық экономикалық одақта бәсекеге қабілетті көшбасшы бола алатын қатысушы-компаниялардың қарқынды өсуіне қолдау көрсету мақсатында «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – Ұлттық чемпиондар» бағдарламасына бастама жасалды.

2018

Директорлар Кеңесі елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін экономиканың жеке секторының жобаларына шоғырланатын Холдингтің инвестициялық саясатын жаңа редакцияда бекітті.

2018 жылғы желтоқсанда «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да 15 жыл айналым мерзімімен 77,7 млрд теңге сомасына теңгелік облигациялардың дебютті шығарылымы жарияланды.

2016

«Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры» АҚ «ТҰҚКБҚ» АҚ болып қайта құрылды.

2016 жылдың қыркүйегінде «Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобаларын қолдау орталығы» ЖШС мандатын кеңейту туралы және оны «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС қайта аталу туралы шешім қабылданды.

2017

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясының өзектілігі артты. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді.

«ҚДБ» АҚ және «ҚКМ» АҚ секілді Холдингтің еншілес ұйымдарымен 100 млн АҚШ доллары көлемінде «ҚДБ» АҚ жобаларын капитализациялау мақсатында DBK Equity Fund CV тікелей инвестициялар қорын құрылды.

2021–2025 жылдарға Кешенді жекешелендіру жоспарын орындау үшін 2021 жылдың тамыз айында «Қазақстан Инвестиция қоры» АҚ акциялары 100% өткізілді.

2021 жылдың тамыз айында Nur Otan партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлау алдындағы бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасын жүзеге асыру шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жанында Қоғамдық кеңес құрылды.

2021 жылдың қараша айында 2014–2023 жылдарға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ дамыту жоспары өзекті сипатқа ие болды¹.

2021 жылдың желтоқсан айында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ-на қосу жолымен қайта ұйымдастырылды.

2021 жылдың желтоқсан айында Қазақстан қор биржасында 10 жылдық айналым мерзімімен 55 млрд теңге сомаға теңгелік облигациялар шығарылымы орналастырылды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Нұрлы жер» бағдарламасы мен 2020–2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасын жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің еншілес құрылымы – «Қазақстан орнықтылық қоры» АҚ жалпы көлемі 220 млрд теңгені құрайтын облигациялық қарыздары тартылды.

2021 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ 5 млрд теңгені құрайтын сомаға капиталдандыруды жүзеге асырды.

¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Стратегиялық даму» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.

Холдингтің негізгі құндылықтары:

Әрбір қызметкер өзінің ниеті мен іс-әрекеті үшін жеке жауап береді.

ЖАУАПКЕРШІЛІК



Кәсіби қызмет міндеттерін орындауға жоғары дайындығы.

КӘСІПҚОЙЛЫҚ



Бірлескен қызметтен жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін серіктестік.

КОМАНДА



АДАЛДЫҚ

Холдинг ішінде және өз серіктестеріне адалдық.




ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Холдинг қызметінің қоғамдық саланың мүдделі тараптарына әсері үшін жауапкершілік.


Қызметтің негізгі көрсеткіштері

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


Активтер, млрд теңге




Капитал, млрд теңге




Таза пайда, млрд теңге



Қарыз/капитал




Міндеттемелер, млрд теңге




ХОЛДИНГ ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Экономиканың шикізаттық емес салаларының ірі кәсіпорындарына берілген ұзақ мерзімді кредиттер көлемі, млрд теңге




«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСУ МЕН СЕНИМ БІЛДІРУ КӨРСЕТКІШТЕРІ


Холдинг Тобы қызметкерлерінің қатысу деңгейі, %




«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне сенім білдіру индексі, %




Берілген кепілдіктер сомасы, млрд теңге




ШОБ субъектілеріне берілген кредит көлемі, млрд теңге




Берілген тұрғын үй қарыздары, млрд теңге




АӨК қаржыландыру көлемі, млрд теңге



ЖАО облигациялары сатып алынды, млрд теңге



Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі, млрд теңге



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар
кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Өзінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына жолдауына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пандемиядан кейінгі кезең ішіндегі экономиканы дамыту бағдарын белгілеп берді. Бұл бағытта «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ белсенді кірістіріліп, ол қазақстандықтардың қолдауы арқылы экономиканы әртарапандыру және экспорт географиясын кеңейту жұмысын атқарды.

«Қазақстан Даму банкі» АҚ Холдингі еншілес ұйымы (бұдан әрі – Банк) ел экономикасының дамуына тікелей үлес қосатын ірі инвестициялық шикізаттық емес жобаларға қолдау көрсетеді. 2021 жылы Банк елдің әртүрлі аймақтарында жалпы сомасы 533,2 млрд теңгеге 37 ірі жоба мен экспорт алдындағы операцияларды қаржыландырды.

Өткен жылы Банктің қатысуымен қаржыланған 7 маңызды жоба пайдалануға енгізіліп, жаңартылды. Олардың ішінде: қуаты жылына 5 млн тоннаны құрайтын Қарағанды облысы Жайрем ауылындағы полиметалл кендерін қайта өңдеу жөніндегі тау-кен байыту комбинаты, Тараз қаласындағы газ тарату желісі, Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай тау-кен байыту комбинаты (2-кезек), Шығыс Қазақстан облысындағы Тұрғысын ГЭС және басқалары бар. Бұл ретте Банк қатарға қосқан кәсіпорындарда 2 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны құрылған.

Шетелдік нарықтардағы қазақстандық өндірушілер мен қызметтерді жеткізушілерді ілгерілетуге ерекше назар аударылады. «Бәйтерек» холдингі экспортқа қолдау көрсету жөніндегі тиімді қаржылық шараларды ұсыну арқылы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Холдингінің еншілес ұйымы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ көрсеткен отандық экспортшыларға көрсеткен қолдау көлемі 50%-дан асып, 204,7 млрд теңгені құрады.

Кәсіпкерлікті дамыту – кез келген ел экономикасының тұғыры. Гүлденіп тұрған шағын және орта бизнес болмаса, мемлекеттегі макроэкономикалық жағдайдың тұрақтылығы туралы айту қиын. Бұл санат үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Холдингінің еншілес ұйымы мемлекеттік, сондай-ақ меншікті қаржыландыру бағдарламаларын жүзеге асырады. 2020 жылмен салыстырғанда барлық құрал бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету үлесі 74%-ға, яғни 2021 жылы 57,4 мың жобаға дейін артты.

Холдингінің таза табысы

111

МЛРД ТЕҢГЕ

«БӘЙТЕРЕК» және «ҚАЗАГРО» холдингтерін біріктіру аяқталды

Президент жолдауында атап көрсетілген аса маңызды міндеттердің бірі – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру. Өткен жылы «Отбасы Банк» АҚ Холдингі еншілес ұйымының қолдауымен 82 252 қазақстандық отбасы жаңа қоныс тойын тойлады. Бұл «Отбасы Банк» АҚ жұмысының тарихында бір жылда берілген қарыздардың рекордтық саны болды. Бұл жерде азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жеткіліктілік шегінен жоғары зейнетақы қаражатын пайдалану мүмкіндігі ерекше рөл атқарды.

Өткен жылы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау шеңберінде «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктіру аяқталды. Нәтижесінде Холдинг бүгінгі таңда жаңа және күшті даму институты ретінде жұмыс істейді: жеке стратегиялық бағыт бөліп көрсетілген – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту. Холдингінің еншілес ұйымдары «ҚазАгроҚаржы» АҚ мен «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ жалпы сомасы 464,2 млрд теңгеге 26 мыңнан астам қарыз берді.

Жалпы алғанда, 2021 жылдың нәтижелері көрсетіп отырғандай, Холдинг Мемлекет басшылығы белгілеген міндеттерді табысты орындап отыр және ел экономикасын әртарапандыруда маңызды рөл атқарады. Әрі қарай Холдинг мемлекеттің дамуына және қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға өз үлесін қоса отырып, Үкіметтің негізгі ұлттық қаржы операторының рөлін атқаруды жалғастырады.

Әлихан Смайылов
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар
кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



ҚАНАТ ШАРЛАПАЕВ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма Төрағасы

Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар!

«Бәйтерек» холдингінің құрылғанына 8 жыл толды, ол 2021 жылдың қорытындысы бойынша экономиканың шикізаттық емес саласын, экспортты және ШОБ дамыту, ауыл шаруашылығына қолдау көрсету және халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету міндеттерін көздейтін 8 еншілес ұйымды қамтиды. Осы бағыттардың барлығы Қазақстан тәуелсіздігінің бүкіл кезеңі ішінде мемлекеттік стратегияның тұғырында орналасқан.

Соңғы бір-екі жылда құрылымдық трансформацияны жүзеге асырды – тұрғын үй саясаты саласындағы институттар блогы оңтайландырылды,

бұрынғы «ҚазАгро» Холдингінің портфельдік ұйымдары қосылды, микрокредиттеу жөніндегі функцияларды «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ-на, кредиттерге кепілдік беру жөніндегі функцияларды «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-на табыстау жолымен «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ қайта ұйымдастырылды. Бәсекелес ортаға табыстау жолымен «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ жекешелендіру жүзеге асырылды. «QazTech Ventures» АҚ мен «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС еншілес ұйымдарының активтері мен функционалы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-на табысталды.

Нәтижесінде 2014–2023 жылдарға арналған¹ Холдингті дамыту жоспары үш стратегиялық қызмет бағытын қамтиды: кәсіпкерлікті қолдау, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету. Жаңартылған дамыту жоспары шеңберінде «Бәйтерек» холдингі Қазақстандағы жобалық қаржыландыруды дамытады. Бұл инвестициялық жобаларды қаржыландыруға мемлекеттің қатысуын қысқартуға мүмкіндік береді, жобаларды кредиттеуге барынша жеке инвесторлар тартылады. Еншілес ұйымдар кәсіпорындарға жаңа технологияларды, бизнес жүргізу әдістерін енгізуге, жеткізілім тізбегінде ұстай отырып, ірі кәсіпорындарды ШОБ-мен ынтымақтасуға ынталандыруға қолдау көрсетпекші. АӨК дамыту жолындағы жаңа стратегиялық бағыт ауыл шаруашылық өнімін өндіру мен қайта өңдеуді қамтиды. Жауапты қаржыландыруға ерекше назар аударылды. Холдинг ESG қағидаларын ұстанады және оларды өз қызметіне енгізеді. Бұл бағытты дамыту үшін «жасыл» жобаларға қолдау көрсету құралдарын дамыту күтіледі.

Пандемияның зардаптарына қарамастан Холдингтің өз қаржылық нәтижелерін жақсартып алғанын атап

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

1. Кәсіпкерлікті қолдау

Холдинг қызметінің маңызды бағыттарының бірі – жеке кәсіпкерлікті дамыту. Жаһандық экономиканың құлдырауы жағдайында ШОБ қолдау көрсету – Холдинг үшін өзекті әрі мерзімді міндет. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің еншілес ұйымы «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ барлық құрал бойынша 57,4 мың жобаға қолдау көрсетті, ал қаржылық қолдау сомасы 2,2 трлн теңгеге дейін артты. Микробизнес субъектілеріне ерекше назар аударылды. Осылайша, «ДКБ-2025» бағдарламасының алғашқы бағыты шеңберінде микробизнесінің 6 мыңнан астам жобасына қолдау көрсетілді. Кепілдік беру құралы мен портфельдік субсидиялауды белсенді қолдану есебінен осы нәтижелерге қол жеткізілді.

Холдингтің еншілес ұйымы – «Қазақстан Даму Банкі» АҚ экономиканы әртараптандыру процесіне ауқымды үлес қосады. 2021 жылы Банк жалпы со-

Холдинг активтері

9 870
МЛРД ТЕҢГЕ

өту маңызды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг активтері 45% -ға артып, 9 870 млрд теңгені құрады. Холдингтің таза табысы 111 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылғы мәннен 38 млрд теңгеге артық.

масы 533,2 млрд теңгеге 37 жобаны тікелей қаржыландырды. Банк қолдау көрсеткен жобалардың ішінде – Ақмола облысындағы Бұланды ауданында бройлер өсіру жөніндегі құс фабрикасының үшінші кезегінің құрылысы, Қарағанды облысындағы қуаты 50 МВт (1-кезең) «Балқаш» күн электр станциясының құрылысы, Қостанай облысындағы қуаты 50 МВт «Ыбырай» ЖЭС құрылысы, көлемді блоктарды өндіру зауытының құрылысы, өнімділігі жылына 5 млн тоннаны құрайтын құрамында алтын бар бастапқы кенді қайта өңдеу кешенін салу мен пайдалану және басқалары.

Холдингтің тағы да бір еншілес ұйымы – «KazakhExport» ЭСК» АҚ экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға қолдау көрсетіп отыр. 2021 жылы 326,5 млрд теңге сомаға импорттаушылармен 212 келісімшарт жасады.

¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы заңына» сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді, осыған байланысты 2022 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 674 «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2014–2023 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы» қаулысының атауына сәйкес түзетулер енгізілді.

2. Агроөнеркәсіптік секторды дамыту

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясатының негізгі ұзақ мерзімді маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

«Ауыл шаруашылығына қаржылай қолдау көрсету қоры» акционерлік қоғамын «Аграрлық кредит корпорациясы» акционерлік қоғамына қосу нәтижесінде АӨК субъектілеріне кредит беру «бір терезе» қағидаты бойынша ұсынылады.

2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға 464,2 млрд теңге жұмсалды, ал жылдық жоспар 388,3 млрд теңгені құрады. 2021 жылы берілген кредит көлемі бір жыл-

Соңғы екі жылда Холдинг
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ
трансформацияны жүзеге
асырды

да 14%-ға – 26,2 мыңға артты. Бұл ретте қаржыландыру көлемінің шамамен 96%-н шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері алады.

3. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету

2020 жылы өткізілген Холдингтің тұрғын үй блогын оңтайландыру нәтижесінде 2021 жыл «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ дамытудың жаңа сатысына айналды. Бұл ретте өткен жылы «ҚТК» АҚ қызметінің маңызды нәтижелеріне қол жеткізді. «ҚТК» АҚ ұсынысын қолдау құралдарының есебінен енгізілетін тұрғын үй көлемі жоспарлы көрсеткіштерден екі есе асып түсіп, 30 047 отбасы үшін 2,4 млн м² тұрғын үйді құрады.

2020–2021 жылға арналған Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде «ҚТК» АҚ 751,7 млрд теңге

сомаға ЖАО бағалы қағаздарын сатып алу жүзеге асырылды, бұл қаражатқа шамамен 250 мың адамның жұмысқа тұруын қамтамасыз ететін 6 743 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылды.

«Отбасы Банк» АҚ бүкіл қызмет кезеңі ішінде қарыз берудің тұрақты өсімін көрсетіп отыр. 2021 жылы жалпы сомасы 1,2 трлн теңгеге 82,2 мың қарыз берілді. Осылайша, «Отбасы Банк» АҚ 2021 жылы жалпы қазақстандық ипотеканың 66% берді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Тұрақты даму – Холдингті дамыту жоспарының маңызды бөлігі. Холдинг ESG-қағидаларын ұстануды қамтамасыз етеді, бұл Холдингке экологиямен және климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді, ал өзінің әлеуметтік жауапкершілігін көрсету оның клиенттерінің бейімділігіне оң әсер етеді, бұл өз кезегінде Холдингтің нарықтық ұстанымын күшейтуге мүмкіндік береді.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қазақстанда алғаш рет көлемі 1 млрд теңгеге Қазақстан қор биржасының алаңында әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымын жүзеге асырды. Жаңа құрал экономиканы қаржыландырудағы ESG-қағидаларын ілгерілету жөніндегі бірлескен бастамалар шеңберінде шығарылды. Бұл Қазақстанның шағын және орта бизнес субъектілерін әрі қарай кредит-

теу үшін облигацияларды орналастырудан түсетін қаражатты екінші деңгейлі банктерге, микроқаржы ұйымдарына бағыттауға мүмкіндік берді.

2021 жылы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қосылуын есепке ала отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ инвестициялық саясаты өзекті сипатқа ие болды, оған «жасыл» қаржыландыру жөніндегі ұстанымдар енді.

2021 жылы 2020 жылдың қорытындысы бойынша «жасыл» жобаларды жүзеге асырудан экологиялық әсерді бағалау жүргізілді. Осылайша, қаржыландыру жүргізілген жобалар («ҚДБ» АҚ, «ҚКМ» АҚ, «ӨДҚ» АҚ желілері) бойынша 534 млн кВт*сағ электр энергиясы өндірілді. Мысалы, күн электр станциялары күн есебінен елде өндірілген электр қуаты жалпы көлемінің 27%-н өндіріп, 20% – жел қуаты есебінен.

2021 жылдың соңында Холдинг 337 млрд теңгеден аса сомаға «жасыл» энергетика саласындағы бірқатар жобаларды қолдады (гидроэлектрстанциясының, күн және жел электр станцияларының құрылысы).

КЕЛЕШЕГІ

Коронавирус пандемиясының кесірінен жүздеген кәсіпорындар зардап шегіп, орасан зор шығынға батып, кейбіреулері тіпті жабылып та жатқан соңғы жағдайларға байланысты адамдар жұмыстарынан айрылып қалып жатыр, менің ойымша, «Бәйтерек» Холдингтің әртүрлі қолдау көрсету құралдары өзекті және бизнес пен халық үшін аса қалаулы болып отыр.



Болашақта «Бәйтерек» холдингі өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға, еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыс орындарын құруға және жалпы алғанда, Қазақстан экономикасын әртараптандыруға өз күш-жігерін салуды жалғастыруда. Біздің ішкі міндетіміз – барлық бизнес санаттары үшін құралдардың қолжетімділігін, біздің бағдарламаларымыздың экономикалық сынақтарға релеванттылығын арттыру.

Біз жекелеген аймақтардың экономикасын әртараптандыруға және халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға ықпал ететін, ел үшін маңызды жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асырғанымызды мақтан тұтамыз. Біз мүлдем жаңаша жұмыс істей бастадық, бұл бізге өз қызметімізді жақсарта түсуге мүмкіндік береді.

Қанат Шарлапаев
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы

204,7
МЛРД ТЕҢГЕ
Қабылданған
сақтандыру
міндеттемелерінің
көлемі

1 235
МЛРД ТЕҢГЕ
Берілген тұрғын үй
қарыздары

2021 жылғы негізгі оқиғалар

Рейтингтер беру



- 2021 жылғы 3 қарашадағы Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі шолуларының нәтижелері бойынша Холдинг рейтингі тәуелсіз «BBB» деңгейінде тұр, болжамы – «тұрақты».
- 2021 жылғы 17 тамызда Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ұзақ мерзімді рейтингін «Ваа3»-дан «Ваа2»-ға дейін арттырды және тәуелсіз рейтингтерді арттырғаннан кейін эмитенттің қысқа мерзімді рейтингін «Р-3»-дан «Р-2»-ге дейін арттырды. Холдингтің ұзақ мерзімді рейтингтері бойынша болжам, сонымен қатар эмитент бойынша болжам тәуелсіз рейтингке сәйкес «тұрақты» деңгейде белгіленді. Эмитент «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ң рейтингін арттыру оның мемлекетпен берік институциялық және қаржылық өзара байланысын көрсетеді.

Теңгелік облигацияларды орналастыру

- 2020 жыл ішінде Холдинг «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-да айналым мерзімі 10 жыл, жылдық кіріс мөлшерлемесі 11,3% құрайтын жалпы көлемі 105 млрд теңге сомаға облигациялар шығарылымын орналастырды. Тартылған қаражат «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингтік қаржыландыруды (50 млрд теңге) жүзеге асыруға («Қазақстан Даму банкі» АҚ еншілес ұйымы), сонымен қатар агроөнеркәсіп кешені (бұдан әрі – АӨК) жобаларын қаржыландыруға және «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ (30 млрд теңге) және «ҚазАгроҚаржы» АҚ (25 млрд теңге) (Холдингтің еншілес құрылымдары) арқылы АӨК субъектілеріне әрі қарай қаржылық лизингке табыстау үшін лизинг заттарын сатып алуға бағытталды.

• Қазақстанда алғаш рет «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ жаңа қаржы құралын орналастырды – Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тіркеген әлеуметтік облигациялар. Орналастырылған акциялардың жалпы сомасы 1 млрд теңгені құрады, өтеу мерзімі – 5 жыл, кірістілігі – 11,9%, купонды төлеу мерзімділігі – жылына 2 рет. Тұрақты даму қағидаларына бағдарланған әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымы «Қазақстан қор биржасы» АҚ алаңында жүзеге асырылды.

• «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Отбасы Банк» АҚ (Холдингтің еншілес ұйымы) арқылы «Нұрлы жер» бағдарламасын (120 млрд теңге); «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ мен «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ (Холдингтің еншілес құрылымдары) арқылы 2020–2021 жылдарға арналған Жол картасы бағдарламасын (100 млрд теңге) қаржыландыру үшін облигациялар шығарылымы арқылы 220 млрд теңге тартты.

Облигациялар
шығарылымы
арқылы
220
МЛРД ТЕҢГЕ
тартты

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ біріктіру



- Ел басшысы Қ. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы халқына жолдауында берген тапсырмаға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 952 «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» мен «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына сәйкес «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қосу жұмысы жүргізілді.



«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрылымын оңтайландыру

- Холдингтің еншілес ұйымы «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» «Қазақстанның Тұрғын үй компаниясы» АҚ болып атауын өзгертті.¹
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысымен бекітілген 2021–2025 жылдарға арналған Кешенді жекешелендіру жоспарын орындау үшін Холдинг «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ бәсекелес ортаға табыстау жөніндегі іс-шараларды өткізілді.
- Холдинг тобының құрылымында келесі өзгерістер орын алды: «QazTech Ventures» АҚ мен «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС еншілес ұйымдарының функционалы мен активтері жеке қор ретінде «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ң басқаруына табысталды; «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ микрокредит беру функциясын табыстай отырып, оны «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ-на қосу жолымен қайта ұйымдастырылды, бұл ретте кредиттерге кепілдік беру функциялары «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-на табысталды.

¹ Ресми қайта тіркеу 2021 жылғы 26 қаңтарда тіркеуші органда жүзеге асырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Холдингтің тұрғын үй блогы үш еншілес компанияны – «Бәйтерек Девелопмент» АҚ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ және «Қазақстан Ипотека компаниясы» ИҰ» АҚ – Қазақстанның тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторына біріктіру жолымен трансформацияланды.

Холдингдің 2014–2023 жылдарға арналған Даму жоспарының өзектілігін арттыру¹



- ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 849 қаулысымен Холдингтің 2014–2023 жылдарға арналған өзекті сипатқа ие болған Даму жоспары бекітіліп, онда қызметтің үш стратегиялық бағыты белгіленді: кәсіпкерлікті қолдау, АӨК дамыту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету.



Инвестициялық жобаларды қаржыландыру

- 2021 жылы «Қазақстан Даму банкі» АҚ қатысуымен қаржыландырылған 7 маңызды жоба пайдалануға енгізіліп, жаңартылды, олардың арасында Тараз қ. газ бөлу желісі, Түркістан қ. «Керуен-Сарай» көпфункционалды туристік кешені, Қарағанды облысы Жайрем ауылындағы қуаты жылына 5 млн тоннаны құрайтын полиметалл кендерін қайта өңдеу жөніндегі тау-кен байыту комбинаты, Шығыс Қазақстан облысындағы Тұрғысын ГЭС мен басқалары бар. Бұл

ретте Банк қатарға қосқан кәсіпорындарда шамамен 1 876 тұрақты жұмыс орны құрылды.

Жаңа өнімдер мен бағдарламалар

- Холдингтің еншілес ұйымы – «Отбасы Банк» АҚ – «Ұмай» (әйелдер ипотекасы) бағдарламасын жүзеге асыра бастады, бұл тұрғын үйді қаржыландырудағы гендерлік теңдікті ілгерілетуге бағдарланған.
- «Отбасы Банк» АҚ «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша өтінімдерді қабылдай бастады. Бағдарламаға әкімдікте кезекте тұрған мына санаттардағы адамдар қатыса алады: көп балалы отбасылары; мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелейтін отбасылары; толық емес отбасылары.

¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.

Келісімдер жасау



- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «ДОМ.РФ» Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды, бұл меморандум мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асыру шеңберінде қазақстандық және ресейлік мемлекеттік компаниялардың зерттеулері мен тәжірибесі туралы ақпарат алмасуды болжайды. Бұл жерде әңгіме ипотека нарығын, тұрғын үй құрылысын дамытуға және қалыпты қалалық ортаны қалыптастыруға; келешектегі мүмкіндіктерді анықтауға; кедергілерді жұмсартуға, тұрғын үй құрылысын қаржыландыру секторында мемлекеттік және жеке инвесторлардың мүдделерін арттыру үшін мәселелерді жоюға арналған қаржылық құралдар туралы болып отыр.
- Холдинг пен еншілес ұйымдар «Даму» Қоры» АҚ мен «ҚТК» басшылығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Корея Республикасына мемлекеттік сапары аясында қазақстандық делегация құрамында Сеул қаласына барды. Сапар барысында Корея Республикасының Тұрғын үй кепілдігі қоры басшылығы (KNUG) мен Корей Шағын және орта кәсіпкерліктер мен стартаптар агенттігі (KOSME) басшылығымен екіжақты кездесулер өтті.
- Премьер-министр Асқар Маминнің Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмыс сапары аясында «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ мен Абу-Даби ADQ тәуелсіз қоры DisruptAD жеке меншік венчурлық платформалары арқылы қызметі инновациялық компанияларға бірлескен инвестициялар жасауға бағытталған ADQ-KCM бірлескен венчурлық қорын құру туралы келісімге келді.

Байқаулардағы жеңістер

- Холдинг PWC өткізген ESG-ақпаратын ашу деңгейіне орай ең үздік 50 компанияның арасында рейтинг қорытындысы бойынша жылдық есепте ESG-ақпаратының ашылу деңгейіне қарай Қазақстандағы ең үздік қаржылық компанияға айналды.
- Холдингтің жылдық есебі «2020 жылы қаржы секторындағы Ең үздік жылдық есеп» номинациясында жеңімпаз атанды, ал Холдингтің тұрақты дамуы туралы есеп Қазақстан қор биржасы ұйымдастырған (KASE) байқау қорытындысы бойынша «2020 жылға арналған Тұрақты даму туралы ең үздік есеп» номинациясында жеңімпаз атанды.



Бизнес-үлгі

ХОЛДИНГТІҢ ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫ

АКТИВТЕР
9 870 МЛРД ТЕҢГЕ

КАПИТАЛ
1 670

МЛРД ТЕҢГЕ

МИНДЕТТЕМЕЛЕР

8 200

МЛРД ТЕҢГЕ

Холдинг Тобына персоналдың тартылу деңгейі 2021 жылы

75%

құрады

ХОЛДИНГТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС РЕСУРСТАРЫ



- **Бірыңғай корпоративтік мәдениет мынадай принциптерге негізделеді:** жауапкершілік, кәсібилік және даму, өзара құрмет пен сенім, командалық рух



- **Тиімді корпоративтік басқару:** ЕҮ директорлар кеңестерін жұмысқа белсенді тарту



- **Жауапты инвестициялау:** қаржылық қолдау көрсету кезінде ESG факторларын есепке алу



- **Клиенттерге бағытталған тәсіл:** «бір терезе» қағидаты бойынша клиенттерді кешенді қолдау

ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

ХОЛДИНГТІҢ МИССИЯСЫ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ «2050 СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ» МАҚСАТТАРЫНА ЖЕТУ


ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ:



Кәсіпкерлікті дамыту



Ауыл шаруашылығын қолдау



Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

28%

Шикізаттық емес салалардың ірі кәсіпорындарына жыл сайын ұзақ мерзімді кредит берудегі Холдингтің үлесі

Ұлттық валютадағы бизнес субъектілеріне ұзақ мерзімді кредиттердің

40%-ы

Холдингтің қолдауымен берілді

«Отбасы Банкі» АҚ – еліміздегі барлық ипотекалық қарыздардың

66%-ын

берген Қазақстанның ипотека нарығындағы көшбасшы

Қолдау көрсетілген экспорт көлемі – Қазақстаннан шикізаттық емес экспорттың жалпы көлемінен

21%

69%

АӨК кредит берудегі Холдингтің үлесі

87,5%

2021 жылы Холдинг қызметіне деген сенім индексі

Даму жоспары

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында берген тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысына сәйкес қызметінің негізгі қорытындыларының бірі «Бәйтерек» және «ҚазАгро» холдингтерін біріктіру болды.

Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалардың орнына сәйкес 2025 жылға дейін ҚР дамытудың Ұлттық жоспарын жүзеге асыру жолындағы Ұлттық жобалар қабылданды.

Осыған байланысты Холдинг Даму стратегиясының өзектілігі арттырылып, онда мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғарыда аталған құжаттарының сәйкес мақсаттары толығымен біртіндеп қосылды.

ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді, осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы 2022 жылғы 29 сәуірде «2014–2023 жылдарға арналған Даму жоспарын бекіту туралы» 2014 жылғы 18 маусымдағы № 674 қаулысының атауына сәйкес түзетулер енгізді.



Міндеті

Қазақстан Республикасын тұрақты дамыту және «Қазақстан-2050» стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу.



Пайымдау

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ – Қазақстан Республикасы халқының өмір деңгейін арттырып, ең үздік стандарттарға сәйкес бизнеске қолдау көрсету құралдарын ұсынатын озық дамыту институты.

Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына қолдау көрсету жөніндегі өз миссиясын іске асыру шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шешетін негізгі міндеттер:

- экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
- кәсіпкерлікті (экономиканың жеке секторын) дамыту;
- шикізаттық емес өнім экспортын қолдау;
- өнімділікті арттыру;
- қаржыландырудың қолжетімділігін, техникалық жасақталу деңгейін арттыру және АӨК-дегі өндіріс қарқынын арттыру;
- экономиканы кенттендіруді қолдау.

Бастапқы төрт міндет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ірі кәсіпкерлік субъектілерін, сондай-ақ ШОБ қолдауды қамтитын «Кәсіпкерлікті қолдау» стратегиялық бағыты бойынша негізгі қызметін жүзеге асыру жолымен шешіледі.

Қаржыландырудың қолжетімділігін, техникалық жасақталу деңгейін арттыру және АӨК-дегі өндіріс қарқынын арттыру «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ң «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» шеңберінде жүзеге асырылады.

Экономиканы кенттендіруді қолдау жөніндегі алтыншы міндет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету» деп аталатын қызметінің үшінші стратегиялық бағыты шеңберінде шешіледі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР АЯСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

2024–2023 жылдарға арналған Даму жоспарын (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) жүзеге асыру жөніндегі 2021–2023 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарына сәйкес **үш стратегиялық бағыт** бойынша 98 іс-шара қарастырылды.

1. Кәсіпкерлікті қолдау
2. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту
3. Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету

Холдинг қызметінің қорытындысы туралы толық ақпарат стратегиялық бағыттар бөлігінде «менеджмент есебі» тарауының сәйкес қосалқы бөлімдерінде көрсетілген.

Анағұрлым тартымды жеке стратегиялық бастамалар арасында төмендегілерді атап өту керек.



Кәсіпкерлікті қолдау



- Ірі жобаларды қаржылай қолдау мақсатында шамамен 955 млн АҚШ доллары тартылды.
- Холдинг «Қазақстан даму банкі» АҚ-мен (бұдан әрі – «ҚДБ» АҚ) және ЕҚДБ бірігіп, энергетика саласындағы «ЖЭЦ-2 жаңарту» жобасын жүзеге асыра бастады.
- «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ң Da Vinci Emerging Technologies Fund III L.P. қорына қатысуы туралы келісім жасалды. Қор Қазақстандағы ақпараттық технологиялар саласында өсудің анағұрлым кешірек сатыларында жобаларға инвестициялар салуды көздеп отыр. Қордың басқарушы компаниясы – Da Vinci Capital – 400 млн АҚШ долларынан аса соманы басқаратын активтері бар Ресейдегі жетекші басқарушы компания болып табылады. DEG – Неміс даму институты және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ осы қордың әріптестері болып табылады.
- Кешенді қолдау шеңберінде Холдингтің бірнеше еншілес ұйымы Қазақстандағы Hyundai жеңіл автомобильдер өндірісі жөніндегі жобаларды жүзеге асырды («KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыруымен бірге «ҚДБ» АҚ кредиттеу), Петропавл қ. май сығу зауытының құрылысы жүргізілді «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «КДҚ» АҚ) ли-

- зингтік қаржыландыруымен және «KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыруымен бірге «ҚДБ» АҚ кредиттеуі), қағаз қаптар мен қатпарлы қаптамаларды өндіруге арналған технологиялық жабдық қаржы лизингіне сатып алынды («KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыруымен бірге «ӨДҚ» АҚ лизингтік қаржыландыруы), Павлодар обл. Екібастұз қаласындағы ферроқорытпа зауытының құрылысы жүргізілді («KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыруымен бірге «ҚДБ» АҚ кредиттеуі)
- Қаржылық көмек көрсетілген микро, шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – МШОК) субъектілерін қамту көлемі МШОК әрекет етуші субъектілерінің жалпы санына шаққанда нарықта 10,1% құрады (144 604 қолдау көрсетілген жоба).
- Аепксті механизмдер арқылы 5 923 МШК субъектісіне 15,9 млрд теңге сомаға қолдау көрсетілді.
- 500 Startups венчурлық қорлары мен Quest Ventures Asia Fund II қоры шеңберінде Adaptive.plus, Clockster, STOgram сияқты венчурлық жобалар қаржыланды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша екі қордың портфелінде жалпы сомасы 2,85 млн АҚШ долларына инвестиция салынған 24 қазақстандық жоба бар.

02

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту



- 2021 жылы «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – «АКК» АҚ) жүзеге асырылатын бағдарламалар шеңберінде жалпы сомасы 253,9 млрд теңгеге кәсіпкерлік субъектілеріне кредит берді, оның ішінде қаржы институттарын қорландыру есебінен – 154,2 млрд теңге (61%).
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2021 жылдың қорытындысы бойынша 141,6 млрд теңгеге 7 276 бірлік техника мен жабдыққа Қаржылық лизинг шарттарын жасады. «ҚДҚ» АҚ 2021 жылғы ауыл шаруашылық

техникасы мен жабдығына лизинг көлемі 20,8 млрд теңгені құрады.

- «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ (бұдан әрі – «АШҚҚҚ» АҚ) мен «АКК» АҚ қосу жұмысы аяқталып, микрокредит беру жөніндегі, АӨК сақтандыру жөніндегі операторының, ауыл шаруашылық ипотекасы жөніндегі агент функциялары табысталды. ЕДБ АӨК субъектілеріне беретін кредиттерге кепілдік беру жөніндегі функциялар қараша айында «АШҚҚҚ» АҚ-нан «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-на табыстады.

03

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету



- Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы мемлекеттік бағдарлама операторлары санын қысқартуға қатысты тапсырмасы шеңберінде

үш еншілес компанияны («Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ИҮ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ мен «Тұрғын үй құрылысына ке-

пілдік беру қоры» АҚ) Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторына – Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚТК» АҚ) етіп қайта ұйымдастыру арқылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрғын үй блогын оңтайландыру жүргізілді.

- Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрғын үй блогының ішіндегі қосарланған функциялар жойылды, жалпы және әкімшілік шығындар 40%-ға төмендеді (8,5 млрд теңгеден 5,1 млрд теңгеге дейін), штаттық сан 32%-ға қысқарды (311 бірліктен 210 бірлікке дейін).
- 2021 ж. «ҚТК» АҚ микширлеу тетігіне бастамашы болды, оның шеңберінде ЖАО облигацияларын сатып алу көлемі жоспарланған 109,6 млрд теңгеден 50%-ға, яғни қосымша нарықтық қарыз тарту есебінен 163,7 млрд теңгеге дейін артты. Микширлеу тетігінің арқасында енгізілетін тұрғын үй көлемі 2020 жылғы 499,7 мың м²-н (8,8 мың пәтер)

2021 жылы 809,9 мың м²-ға (13,7 мың пәтер) дейін немесе 62%-ға артты (5 мың пәтер).

- Жұмыспен қамтудың 2020–2021 жылдарға арналған жол картасын жүзеге асыру шеңберінде «ҚТК» АҚ жалпы сомасы 750 млрд теңгеге ЖАО-ң облигацияларын сатып алды, олардың есебінен 6,9 мыңға жуық инфрақұрылымдық жоба қаржыланды, 250 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.
- «ҚТК» АҚ ауданы 2,0 млн м² құрайтын 371,9 млрд теңге сомаға 70 жоба бойынша кепілдік ұсынды (21,1 мың пәтер).
- «ҚТК» АҚ жалпы сомасы 27,8 млрд теңгеге жеке құрылысшылардың кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау жүзеге асырылды.
- Қазақстандық құрылыс материалдарын өндірушілерді қолдау және «ҚТК» АҚ тұрғын үй құрылысындағы қазақстандық құрамды арттыру мақсатында «Нұрлы жер» ситуациялық орталығының базасында құрылыс материалдарының онлайн маркетплейс-алаңын іске қосты.

2024–2033 жылдарға арналған Холдингінің Даму жоспарын әзірлеу



2022 жылғы 5 мамырдағы Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңес отырысы шеңберінде Мемлекет басшысы Холдингінің жұмысын нақты теңшеуге тапсырма берді, ол көбінесе бүкіл экономикалық саясаттың тиімділігін белгілейді.

Осыған байланысты Холдинг жаңа мемлекеттік жоспарлау жүйесін ескере отырып, 2024–2033 жылдарға арналған Даму жоспары тұжырымдамасының жобасы әзірленді (бұдан әрі – Тұжырымдама жобасы).

ҰЭМ регламентіне сәйкес Даму жоспарын бекіту мерзімі алдыңғы 10 жылға арналған Даму жоспа-

рын жүзеге асыратын соңғы жыл ретінде 2023 жылдан кешіктірмей белгіленген.

Холдинг Тұжырымдама жобасын талқылау мен пысықтау жөніндегі еншілес ұйымдармен және сараптама қауымдастықтарымен бірлесе отырып, белсенді жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар Холдингінің еншілес ұйымдары клиенттерімен сәйкес қолдау құралдарына қанағаттану деңгейі туралы Холдинг тобы қызметінің негізгі мәселелері және оларды шешу жөніндегі ұсыныстар белгіленген тәуелсіз сауалнама жүргізу жұмысының нәтижелері де назарға алынады.

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ



Холдингтің және ЕҰ ҚНҚ Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу деңгейін, сондай-ақ оның қызметінің тиімділігін айқындайтын көрсеткіштер жиынтығын білдіреді. Холдингтің және ЕҰ ҚНҚ-ның карталарын қалыптастыру кезінде мынадай ішкі құжаттарды және (немесе) құқықтық актілерді басшылыққа алады, бірақ олармен шектелмейді:

- 10 жылға арналған Даму жоспары және Даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары
- Холдингтің іс-шаралар жоспары
- ЕҰ лауазымды тұлғаларының (басшы қызметкерлердің) міндеттерін бөлу туралы бұйрық
- ЕҰ-да іске асырылатын жол карталары
- Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы жолдауы
- Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістер
- Компания қызметіне айтарлықтай әсер ететін ішкі және сыртқы құқықтық ортадағы өзгерістер
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Мемлекеттік бағдарламаларды бекіту туралы қаулылары

Холдингте және оның ЕҰ ҚНҚ қалыптастырудың мынадай жүйесі құрылды:

- Холдингтің ҚНҚ (корпоративтік ҚНҚ)
- Холдингтің басшы қызметкерлерінің (Басқарма мүшелерінің) ҚНҚ
- Басқарушы қызметкерлер мен Холдинг қызметкерлерінің ҚНҚ
- ЕҰ басшы қызметкерлері мен жұмыскерлерінің ҚНҚ

Корпоративтік ҚНҚ және басшы қызметкерлердің ҚНҚ Холдингтің Директорлар кеңесі бекітеді. Басқарушы қызметкерлер мен Орталық аппарат қызметкерлерінің ҚНҚ-ін Холдинг Басқармасы бекітеді. ЕҰ басшы қызметкерлерінің ҚНҚ-ін ЕҰ Директорлар кеңесі бекітеді, ал ЕҰ еншілес ұйымдары қызметкерлерінің ҚНҚ-ін ЕҰ Басқармасы бекітеді. Холдингтің және ЕҰ басшы қызметкерлерінің ҚНҚ нақты мәндерін есептеу есептік жыл аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады, Холдингтің және ЕҰ қалған қызметкерлері бойынша – тоқсан сайын жүзеге асырылады.

Холдингтің 2014–2023 жылдарға арналған Даму жоспарына сәйкес қызметтің негізгі көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	2021	2021	2023 жыл
		жоспар	нақты	жоспар
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуына қолдау көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі шоғырландырылған ҚНҚ				
1.	Холдингтің жалпы активтерінен кредиттік және инвестициялық портфельдердің үлесі, %	76,6	73,6	77
2.	Есепті жылдағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі, %	68,7	72,7	70
3.	ROA (шоғырландырылған), %	0,2	1,3	0,5-1,0
4.	Кредиттік портфельдегі жеке сектордың үлесі, %	81,7	85,6	80
5.	Клиенттердің қанағаттану деңгейі, п.п.	–	–	База +3
6.	Корпоративтік басқару рейтингі, %	–	–	85-100
7.	Тұрақты даму рейтингі, рейтинг	–	–	C
Міндеттері:				
<ul style="list-style-type: none"> • Экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту • Кәсіпкерлікті дамыту (экономиканың жеке секторы) • Шикізаттық емес өнім экспортын қолдау • Өнімділікті арттыру 				
Стратегиялық бағыттар:				
<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкерлікті қолдау 				
8.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолдауын алған кәсіпорындар түсімінің көлемі (бір жылда), млрд теңге	7 713,0	8 497,7	8 000
9.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қолдауын алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жылда), млрд теңге	881,7	1 204,5	1 338
10.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаражат бірлігіне шаққанда ҚР-на тартылған инвестициялар коэффициенті	Кемінде 1,6	2,4	Кемінде 2
Міндет:				
<ul style="list-style-type: none"> • Қаржыландырудың қолжетімділігін, техникалық жасақтама деңгейін және АӨК өндіріс қарқындылығын арттыру 				
Стратегиялық бағыт:				
<ul style="list-style-type: none"> • Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту 				
11.	АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі (бір жылда), млрд теңге:	257,8	353,3	247,5
	- ауыл шаруашылығында	224,3	299,4	210,6
	- тағамдық азықтар өндірісі саласында	33,5	53,9	36,9
12.	Ауыл шаруашылық техникасы мен жабдығының лизинг көлемі (бір жылда), млрд теңге	88,3	162,4	108
Міндеті:				
<ul style="list-style-type: none"> • Экономиканың кенттенуін қолдау 				
Стратегиялық бағыт:				
<ul style="list-style-type: none"> • Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету 				
13.	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасындағы қолжетімді тұрғын үй құрылысына үлесі (бір жылда), %	12,0	30,6	13

ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ


Макроэкономикалық шолу



ҚР ҰЭМ деректері бойынша 2021 жылы Қазақстанның ЖІӨ нақты көріністе 4%-ға артты. ЖІӨ өсу қарқыны ақпарат және байланыс сияқты салаларда негізінен ЖҚҚ өсуі салдарынан – 12,9%, көтерме және бөлшек сауда – 9,2%, құрылыс – 7,6%-ға. Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығының көлемі 2021 жылы нақты көріністе 2,5%-ға қысқарды.

Бұдан басқа, мұнай бағасының өсуі Қазақстан экономикасына оң әсер еткен факторлардың біріне айналды. Осылайша, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2020 жылғы көрсеткішке шаққанда 63%-ға артып, бір баррель үшін 70,8 АҚШ долларын құрады.

ЖІӨ өсуі және мұнай бағасы



Дереккөз – ҚР СЖЖРА ҰСБ

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында негізгі капиталға ауқымды инвестициялар көлемі тау-кен өндіру өнеркәсібіне және карьерлерде өңдеуге (28,3%), өңдеу өнеркәсібіне (11,7%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (19,8%) тиесілі. Жалпы алғанда, 2021 жылғы негізгі капиталға инвестициялар көлемі номиналды көріністе 3,5%-ға артты, бұл ретте бұл көрсеткіш бір жыл бұрын өткен он жылдықта алғаш 3,4% көрсеткішке дейін құлаған еді.

Мемлекеттің экономикаға дағдарысқа қарсы қаражатты елеулі түрде құюы түріндегі экономиканы қалпына келтіру жөніндегі күш-жігері инфляциялық қысымға алып келді. Мәселен, 2021 жылы инфляцияның жылдық мәні соңғы жылдары өзінің ең жоғары деңгейіне жетті және 8,4%-ды құрады.

Сыртқы және ішкі факторлар аясында қазақстанның теңге 2,56%-ға нығайды және бір АҚШ доллары үшін 420,91 теңге көрсеткіштен бастап, бір АҚШ доллары үшін 431,67 теңге мәнімен аяқталды.

НАҚТЫ СЕКТОР

Алдын ала бағалау бойынша 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда ЖІӨ нақты көлемінің индексі 104% (г/г) құрады. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлт-

тық статистика бюросының алдын ала деректеріне сәйкес ЖІӨ құрылымында 2021 жылдың қорытындысы бойынша тауарлар өндіру үлесі 40,1%-ды, қызметтер көрсету үлесі – 53,5%-ды құрайды.

Өнеркәсіп секторларының ЖҚҚ нақты көлемінің индексі, % (г/г)


	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	103,5	100,1	97,5	97,8	109,5	104,6	103,6	96,3	101,7
Өңдеу өнеркәсібі	102,9	101,6	100,2	101,8	106,1	104,5	104,5	103,9	105,5

Дереккөз – ҚР СЖЖРА ҰСБ

2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өнеркәсіп өндірісінің көлемі номиналды мәнде 37 047,6 млрд теңгені құрады, бұл бір жыл бұрынғымен салыстырғанда 3,8% көп.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда өнеркәсіп өндірісінің индексі алдыңғы жылдың ұқсас кезеңінде 101,7%-ды құрады, Өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі алдыңғы жылғы көрсеткішке шаққанда 105,5%-ды құрады.

ЖІӨ өсіміне экономика секторының үлесі, %




Дереккөз – ҚР СЖЖРА ҰСБ

Экономиканың кейбір секторларындағы инвестициялардың оң серпіні экономикаға белгілі бір ынталандыру әсерін тигізді. Осылайша, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі өңдеу өнеркәсібінде – 38,1%-ға, ауыл шаруашылығында – 33,3%-ға, қаржылық және сақтандыру қызметінде – 32,2%-ға, көлік және қоймалау саласында – 4,7%-ға, жылжымайтын мүлікпен операциялар саласында – 17,9%-ға

өсті. Дегенмен, осы салалардағы инвестициялар көлемінің өсуі бұл көрсеткіштің тау-кен өндіру саласында 9,1%-ға (абсолюттік мәнде 340 млрд теңге) төмендеуі арқылы өтелді. Нәтижесінде негізгі капиталға инвестициялардың жиынтық көлемі номиналды мәнде 2020 жылдан бастап 3,5%-ға қысқарды және 13 221,4 млрд теңгені құрады.

Негізгі капиталға және ЖІӨ-ге инвестициялар




Дереккөз – ҚР СЖЖРА ҰСБ

Күрделі инвестиция шығындарының құрылымында 58,9% немесе 7 793,8 млрд теңге (+8,6% г/г) ғимараттар мен құрылыстарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына; 27,4% немесе 3 617,4 млрд теңге (6,2% г/г) – машиналар, жабдықтар мен көлік құралдарын сатып алуға және оларды күрделі жөндеуге жұмсалған.

Қарастырылып отырған кезең ішінде шағын кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің айтарлықтай өсуі байқалды (+16,9%) – атап айтқанда, машиналарды, жабдықтарды, көлік құралдарын сатып алу және оларды күрделі жөндеу сегментінде (+61,9%), сонымен қатар олардың осы сегменттегі үлесі тек 46,3%-ды құрайды.

Шығындардың негізгі түрлері бойынша негізгі капиталға инвестиция



Дереккөз – ҚР СЖЖРА ҰСБ

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі капиталына инвестициялардың салалық құрылымы, %



Дереккөз – ҚР СЖЖРА ҰСБ

2021 жылы өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялардың өсуі байқалды – (+38,1% (г/г), номиналды мәндегі көлем – 1 550,0 млрд теңге (өнеркәсіпке күрделі инвестициялардың жалпы көлемінің 23,8%). Өңдеуші өнеркәсіп секторларында инвестициялық белсенділікті жақсарту өзге көлік құралдары өндірісінде (6,2 есе), резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінде (3,9 есе), киім өндірісінде (190,7%), дайын металл бұйымдары өндірісінде (280,3%) тіркелді.


Өнеркәсіпке салынған күрделі инвестиция көздерінің құрылымында ең көп үлесті кәсіпорындардың меншікті қаражаты алады – 71,1% (9 398,3 млрд теңге), бюджет қаражатының үлесі – 15,4% (808,4 млрд теңге), банк кредиттері – 2,6% (345,6 млрд теңге), басқа да қарыз қаражаты – 10,9% (1 437,4 млрд теңге).

АҚША-КРЕДИТ СЕКТОРЫ

2021 жылдың соңында банктер экономикаға берген кредиттер портфелі жыл басынан бері 26,5%-ға ұлғайып, 18 497,7 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғаларға берілген кредиттер портфелі 9,3%-ға

7 758,0 млрд теңгеге дейін төмендеді, жеке тұлғаларға – 42,68%-ға 10 738,8 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Экономикадағы банктердің алушылар бойынша кредиттері, млрд теңге




Дереккөз – ҚР Ұлттық банкі

Жыл басынан бері ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 57,62%-ға 20 059,9 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Шетел валютасындағы кредиттер көлемі 24,7%-ға 1 427,9 млрд теңгеге дейін азайды. Кредиттердің теңгемен үлес салмағы 2021 жылғы желтоқсанның соңында 93,4%-ды құрады (2020 жылғы желтоқсанда – 87,0%).

тердің теңгемен үлес салмағы 2021 жылғы желтоқсанның соңында 93,4%-ды құрады (2020 жылғы желтоқсанда – 87,0%).

Мерзімі бойынша экономикадағы банктердің кредиттері, млрд теңге



Дереккөз – ҚР Ұлттық банкі


Ұзақ мерзімді кредиттер көлемі жыл басынан бері 0,4%-ға 12 544,96 млрд теңгеге дейін өсті, қысқа мерзімді кредиттер көлемі де 2 128,7 млрд теңгеге дейін 320,1%-ға ұлғайды.

көлемдегі үлесі – 12,9%), сауда (28,4%), құрылыс (52%) сияқты салаларға тиесілі.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда берілген кредиттер көлемі 21 487,9 млрд теңгені құрады.


Салалық бөліністе банктердің экономикаға кредиттерінің неғұрлым елеулі сомасы өнеркәсіп (жалпы

2021 жылы мерзімі бойынша берілген кредиттер, млрд теңге



Дереккөз – ҚР Ұлттық банкі

2021 жылы алушылар бойынша берілген кредиттер, млрд теңге



Дереккөз – ҚР Ұлттық банкі

Шағын кәсіпкерлікті кредиттеудің салалық құрылымы, %



Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2021 жылғы желтоқсанда 50%-ға 3 772,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды (экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 17,5%-ы).

Дереккөз – ҚР Ұлттық банкі

Инфляциялық процестер

Жылдық инфляция 8,4% деңгейінде қалыптасты (2020 жылғы желтоқсанда – 7,5%). Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларына бағалар жылдық мәнде 9,93%-ға, азық-түлік емес тауарларға – 8,5%-ға, ақылы қызметтерге – 6,5%-ға өсті.

Мемлекеттік бюджет көрсеткіштері

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің алдын ала деректері бойынша 2021 жылдың 12 айында мемлекеттік бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) есепті кезеңнің жоспарына 116,4%-ға, Республикалық бюджеттің кірістері – 112,18%-ға, жергілікті бюджеттердің кірістері – 125%-ға орындалды. Республикалық бюджеттің кірістері бойынша жоспар 155 млрд теңгеге асыра орындалды, ҚҚС бойынша жоспарды қоспағанда,

негізгі салық түсімдері 143,2 млрд теңгеге асыра орындалды.

Ағымдағы жылдың 12 айында мемлекеттік бюджеттің шығыстары 107,3%-ға, Республикалық бюджеттің шығыстары 107,9%-ға, жергілікті бюджеттердің шығыстары 105%-ға орындалды. Республикалық бюджеттің шығыстары 14 трлн 787 млрд теңгені құрады.

СЫРТҚЫ СЕКТОР

Сауда айналымы


ҚР СЖЖРА ҰСБ деректері бойынша 2021 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 101,5 млрд АҚШ долларын құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,4%-ға азайды.

ЕАЭҚ елдерімен экспорт 7648,8 млн АҚШ долларын құрады немесе 2020 жылғы қаңтар-желтоқсан айларымен салыстырғанда 34,9%-ға артық, импорт – 18442,8 млн АҚШ доллары, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25,4%-ға артты.

Қарастырылып отырған кезеңде экспорт 60,3 млрд АҚШ долл., импорт – 41,2 млрд АҚШ долл. құрады. 2021 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша экспорт көлемі 26,9%-ға азайды (2020 жылдың ұқсас кезеңінде экспорт көлемі 46,9 млрд АҚШ долларын құрады).

Импорт көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 5,8%-ға қысқарды (2020 жылғы қаңтар-желтоқсанда импорт көлемі 38,1 млрд АҚШ долларын құрады).

Экспорт және импорт қарқыны




Дереккөз – ҚР СЖЖРА ҰСБ

Импорт құрылымы, %



Экспорт құрылымы, %




Дереккөз – ҚР СЖЖРА ҰСБ «БҰЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГІ» АҚ

Негізгі қызмет түрлері бойынша Холдинг құралдарының нарықтық үлесі


Холдингті тікелей кредиттеу құралдары («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ тетіктері) арқылы 2021 жылы басым шикізаттық емес салалардағы ірі бизнес кәсіпорындары 533,2 млрд теңге сомаға қаржыландырылды, бұл ел экономикасының басым шикізаттық емес салаларын ұзақ мерзімді кредиттеудің жалпы көлемінің 27,5%-ын құрайды. Ірі кәсіпкерлік

субъектілерін тікелей кредиттеу шеңберінде Холдингтің несиесі қоржынының көлемі 1 892 млрд теңгені немесе экономиканың шикізаттық емес секторларындағы (өңдеу өнеркәсібі, энергетика, көлік және байланыс), оның ішінде ЕДБ алдындағы кәсіпорындардың ұзақ мерзімді берешегінің жалпы көлемінің 46,6%-ын құрады.


Экономиканың шикізаттық емес салаларының ірі кәсіпорындарын жыл сайын ұзақ мерзімді кредиттеудегі Холдингтің үлесі, млрд теңге



Экономиканың шикізаттық емес салалары кәсіпорындарының ұзақ мерзімді берешегінің жалпы көлеміндегі Холдингтің кредиттік қоржынының үлесі (СКП-ға тікелей кредит беру құралдары шеңберінде), млрд теңге



Холдингтің көмегімен банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада ұзақ мерзімді кредиттердің жалпы көлемінде ШОБ-қа кредит беру үлесі, млрд теңге




Кәсіпкерлік субъектілерінің жобалары бойынша кредиттер көлемі Холдингтің қолдауын тапты («Даму» Қоры» АҚ тетіктері) 2021 жылы 2 197 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 131%-ға жоғары. Бұл ретте ШОБ субъектілеріне берілген ЕДБ кредиттерінің жалпы көлеміндегі ШОБ бастамаларын қолдау бойынша холдинг құралдарының үлесі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 40%-ды құрады.

2021 жылдың қорытындылары бойынша «Отбасы Банк» АҚ ипотекалық кредиттеудің басты драйвері болып табылады және елдегі барлық ипотекалық қарыздардың 66%-ын бере отырып, Қазақстанның ипотекалық нарығында көшбасшы болды. Сонымен қатар, банк өнімдерінің желісі елдің қаржы нарығындағы «Отбасы Банк» АҚ позициясын нығайтуға мүмкіндік берді, бұл жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдарының жалпы көлеміндегі ең көп үлесімен (39%), сондай-ақ тұрғын үй салу және сатып алу мақсаттарына ЕДБ кредит қоржынының жалпы көлеміндегі айтарлықтай үлесімен (55%) расталады.

ШОБ бастамаларын қолдау бойынша холдинг құралдарының үлесі

40%-ды құрады

Азаматтардың тұрғын үй салуға және сатып алуға жыл сайынғы қарыз беруінің жалпы көлеміндегі «Отбасы Банк» АҚ үлесі



Холдинг тетіктері арқылы («KazakhExport» ЭСК» АҚ, «ҚДБ» АҚ) отандық экспорттаушыларға қолдау шаралары ұсынылады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» ЭСК» АҚ қабылдаған міндеттемелердің көлемі 204,7 млрд теңгені (2021 жылдың жиынтық шикізаттық емес экспортының 1%), ал «ҚДБ» АҚ қолдаған жобалардың, оның ішінде инвестициялық жобалардың экспорттық түсімінің көлемі 2 675,9 млрд теңгені (2021 жылдың жиынтық шикізаттық емес экспортының 15%) құрады, бұл жалпы шотта Қазақстаннан шикізаттық емес экспорттың жалпы көлемінің 21%-ына сәйкес келеді.

Холдингтің еншілес компаниялары осы саладағы барлық қарыздың шамамен 69% беруді қамтамасыз ете отырып, АӨК қаржыландырудың басты көзі болып табылады. Бұл ретте егер ЕДБ ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарының айналымдағы капиталына көбінесе қысқа мерзімді қарыздар беретін болса, «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ бәсекеге қабілетті өндірістік базаны дамыту мақсатында 10 жылға дейінгі мерзімге ШОБ ұзақ мерзімді қаржыландыруды ұсынады.

МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

Қызметтің қаржылық нәтижелері

Холдингтің кірістері есепті жылы 753 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылғы ұқсас көрсеткіш деңгейінен 63%-ға жоғары. Кірістер құрылымында ең үлкен салмақты қаржыландырудан түскен кірістер құрайды (94%), олар есепті жылы 64%-ға 708 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Холдингтің шығындары 2021 жылы 2020 жылғы ұқсас көрсеткіш деңгейінен 62%-ға асып, 610 млрд теңгені құрады. Қаржыландыруға жұмсалатын шығындар шығындар құрылымындағы барынша көп үлесті құрайды – 67%. Өткен жылы олар 70%-ға 410 млрд теңгеге дейін өсті.


Холдингтің таза пайдасы 2021 жылдың қорытындысы бойынша 111 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың мәнінен 38 млрд теңгеге артық.

Активтердің рентабельділігі көрсеткішінің (ROA) 0,1 базистік пунктке артуы таза пайданың ұлғаюымен




байланысты. Капитал рентабельділігінің көрсеткіші (ROE) 7,2%-ды құрады және 1,7 базистік пунктке ұлғайды.


Кірістер, млрд теңге




Таза пайда, млрд теңге



Шығыстар, млрд теңге



Рентабельділік көрсеткіші



2021 жылғы кірістер құрылымы, %

Көрсеткіш	2021 жыл, млрд теңге	%
Пайыздық кірістер	708	94%
Комиссиялық кірістер	22	3%
Өзгерістер кезеңі ішіндегі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтермен операциялардан болған таза пайда	0	0%
Шетел валютасымен операциялардан түскен таза пайда	1	0%
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялардан түсетін таза пайда	0	0%
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған таза шығын	17	2%
Таза тапқан сақтандыру сыйақылары	5	1%
Кірістер жиыны:	753	100%

2021 жылғы шығындар құрылымы, %

Көрсеткіш	2021 жыл, млрд теңге	%
Пайыздық шығындар	410	67%
Кредиттік портфельдің және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануына арналған резерв	74	12%
Комиссиялық шығындар	8	1%
Сақтандыру төлемдері бойынша және сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгерістер бойынша таза шығыстар	13	2%
Өзге де қаржы активтерінің және кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелердің құнсыздануына резерв құру	8	1%
Әкімшілік шығыстар	65	11%
Басқа операциялық шығыстар	32	5%
Шығындар жиыны:	610	100%

2021 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг активтері 45%-ға өсіп, 9 870 млрд теңгені құрады. Холдингтің міндеттемелері есепті жылы 8 200 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылғы ұқсас көрсеткіш деңгейінен 52%-ға жоғары. 2021 жылы міндеттемелердің өсуі негізінен 2021 жылы «ҚазАгро» ҰБК» АҚ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на қосумен байланысты.


Қарыз бен меншікті капиталдың арақатынасы 2020 жылғы 3,8-ден 2021 жылы 4,91-ге дейін өсті. Ұлғаю міндеттемелердің өсу қарқынының (152%) капиталдың өсу қарқынынан (116%) озуымен байланысты.

Холдингтің меншікті капиталы 17%-ға артып, 1 670 млрд теңгені құрады. 2021 жылы «ҚазАгро» ҰБК» АҚ қосқаннан кейін Холдингтің акционерлік капиталы 215 млрд теңге сомаға артты.


2021 жылы Холдинг жалпы номиналды құны 5 млрд теңгеге акциялар шығарды (2020 жыл ішінде: 129 млрд теңге).

2021 жылы Холдинг 10,4 млрд теңге мөлшерінде дивиденд жариялап, төледі (2020 жыл ішінде: 11,2 млрд теңге). Бір жәй акцияға дивидендтер 8,29 теңгені құрады (2020 жылы: 10,93 теңге).


Активтер, млрд теңге




Капитал, млрд теңге



Міндеттемелер, млрд теңге



Борыш/капитал, коэф.



Капитал нарықтарында қаражат тарту

Холдингтің стратегиялық мақсаты мемлекеттік қаражаттың бір бөлігін ауыстыру мақсатында қаржыландырудың мемлекеттік емес көздерінің үлесін ұлғайту болып табылады. Шетелдік және қазақстандық инвесторлармен, халықаралық қаржы ұйымдарымен, даму институттарымен, халықаралық компаниялармен әріптестік қарым-қатынас орнату бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары облигациялар шығару және қарыздар алу нысанында қарыздық қаржыландыруды тартады.

2021 жылы 2 181 млрд теңге¹ тартылды, оның 27,3% – мемлекеттік қарыздар. Мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі 72,7% құрады.

Мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі

72,7%


«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму жоспарында² 2023 жылға қарай «мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесін» кемінде 70%-ға дейін ұлғайту көзделген.

¹ Сума «Отбасы Банк» АҚ депозиттік базасы бойынша ағындарды, сонымен қатар «ҚазАгро» ҰБК» АҚ Холдингке қосу шеңберінде қабылданған еншілес ұйымдардың бүкіл күнтізбелік жылы алған қарыздарын ескере отырып келтірілген (есептік жылы «Мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі» көрсеткішін дұрыс есептеу үшін қосылу күніне дейін жүзеге асырылған нақты тартылған қаражатты ескере отырып). Бұдан әрі ақпарат «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ Холдингке қосқан сәттен бастап ашылады.

² ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгерді.



Қарызға алынған қаржыландыру қарқыны



2021 жылы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінен маңызды тарту Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының 571,5 млрд теңге сомаға облигациялар шығаруы болды.

Холдинг айналым мерзімі 10 жыл және өтеуге тиісті кірістілігі жылдығы 11% болатын 50 млрд теңге мөлшерінде облигациялар шығаруды жүзеге асырды. Тартылған қаражат лизингтік қаржыландыруды жүзеге асыруға бағытталды.

2021 жылғы сәуірде Холдинг «Нұрлы жер» Тұрғын үй-коммуналдық даму мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында жылдығы 4% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 20 жыл айналым мерзімімен 120 млрд теңге сомаға облигация шығаруды жүзеге асырды.

Тартылған қаражат жергілікті атқарушы органдардың тізімдерінде тұрған кезекте тұрған «Отбасы Банк» АҚ салымшыларының тұрғын үйді сатып алу үшін алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беруіне бағытталған.

2021 жылғы қазан айында Холдинг 2020–2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасын іске асыру шеңберінде Қазақстандық қор биржасында айналым мерзімі 10 жылды құрайтын жылдығы 7% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 100 млрд теңге сомаға облигацияларды орналастырды. Тартылған қаражат өңірлерді дамыту мақсатында ЖАО шығаратын борыштық бағалы қағаздарды жылдық 7,02% және сәйкесінше 7,1 сыйақы мөлшерлемесімен сатып алуға жұмсалды.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары есепті жылы ҚР Үкіметі мен ЖАО-ның 296,6 млрд теңге (214,7 млрд теңге – бюджеттік кредиттер және 81,9 млрд теңге – ЖАО кредиттері) мөлшеріндегі қарыздарын тартты. Атап айтқанда, «KAZ Minerals Aktogay» ЖШС жобаларын және «ҚДБ» АҚ мен Қытай мемлекеттік даму банкі арасындағы Келісім шеңберінде іске асырылып жатқан «RG Gold» АҚ жобасын қаржыландыру үшін 67,1 теңге сомасына қаражат тартылды. Сонымен қатар, «ҚДБ» АҚ жалпы корпоративтік мақсаттар үшін айналым мерзімі 10 жылды құрайтын 2,95% мөлшерлеме бойынша 500 млн АҚШ доллары сомасына АҚШ долларында шығарылған және айналым мерзімі 5 жылды құрайтын 10,95% мөлшерлеме бойынша 100 млрд теңге сомаға шығарылған еврооблигациялар шығарылымын жүзеге асырды.

Тарту құралдары бөлігінде капитал нарықтарында тартылған қаражат мөлшері

Жыл	Шетелдік банктерден тартылған қаражат, млн долл.	Шетелдік банктерден тартылған қаражат, млн рубль	Шетелдік банктерден тартылған қаражат, млрд теңге	Облигациялар, млрд теңге
2019	200	128,2	35,3	215
2020	307	141,7	10	1 264 ¹
2021	155,5	3 500	8 400	571,5

¹ «Отбасы Банк» АҚ Холдинг облигацияларына 5 млрд теңге мөлшеріндегі инвестицияларын ескере отырып.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша серіктестік туралы меморандумдар немесе келісімдерге қол қойылған ұйымдар:

Швейцария	Swiss Reinsurance Company
Француз Республикасы	Француз даму агенттігі
Болгария Республикасы	Болгария Республикасының Экономика министрлігі жанындағы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі атқару агенттігі («BSMEPA»)
Испания Корольдігі	CESCE, COFIDES
Федералды Германия Республикасы	Неміс инвестициялық корпорациясы (DEG)
Австрия Республикасы	«OeKB» Австриялық бақылау банкі
Ресей Федерациясы	«ДОМ.РФ» АҚ, «Татнефть-Нефтехим» басқарушы компаниясы» ЖШҚ
Қытай Халық Республикасы	Қытай мемлекеттік банкі Huaxia Dadi Group
Корея Республикасы	Korea Housing & Urban Guarantee Corporation (KHUG), Корейское агентство МСП и стартапов (KOSME)
Өзбекстан Республикасы	«Asia Alliance Bank» АҚБ, «Ипак Йули» АИКБ, Өзбекстан Республикасы Навои облысының Хокимияты
Беларусь Республикасы	Беларусь Республиканың Өнеркәсіп министрлігі
Сингапур	«Frontier Strategies LLC»
Малайзия	Малайзиялық ШОК қолдау корпорациясы (SME Corp. Malaysia)
Біріккен Араб Әмірліктері	Abu Dhabi Developmental Holding Company (ADQ)
Сауд Арабиясы	The Islamic Corporation for the Insurance of Investment & Export Credit (ICIEC)
Халықаралық қаржы ұйымдары	Еуропалық инвестициялық Банк Еуразиялық Даму Банкі Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы
Швейцария	Seedstars URU Capital
Ресей Федерациясы	«ВЭБ. РФ» Мемлекеттік даму корпорациясы
Тәжікстан Республикасы	«Тәжікстан Коммерцбанк» ААҚ, «Спитамен банк» ЖАҚ, Тәжікстан Республикасының «АмонатБанк» Мемлекеттік жинақ банкі
Өзбекстан Республикасы	«Узавтосаноат» АҚ, «Капитал Банк» АҚБ, «Асака» АҚБ, «Invest Finance Bank» АҚБ, «Кишлокуришбанк» АҚБ және «Tenge bank» АҚБ
Беларусь Республикасы	Беларусь инновациялық қоры, «Беларусь Республикасының Даму Банкі» ААҚ
Қырғыз Республикасы	«Банк Бай Тушум» ААҚ
Түрік Республикасы	Dal Holding Yatirim AS
Сингапур	«Quest Ventures Asia Fund II» венчурлік қоры
Халықаралық қаржы ұйымдары	Еуропалық инвестициялық Банк Еуразиялық Даму Банкі Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы

2021 жылғы серіктестермен ынтымақтастық бағыттары

Әріптестің атауы	Ынтымақтық түрі
«ДОМ.РФ» АҚ	2021 жылғы 4 маусымда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «ДОМ.РФ» акционерлік қоғамы арасында Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум шеңберінде тараптар тұрғын үй құрылысының жобаларын жүзеге асыру, тұрғын нарығын дамытуды қолдау үшін ұзақ мерзімді қаржыландыруды тарту және тәжірибе алмасу саласында өзара тиімді серіктестік қарым-қатынас орнатуға ниетті.
Қытай мемлекеттік даму банкі (ҚМДБ)	2021 жылғы 4 маусымда «Қазақстан даму банк» АҚ мен Қытай мемлекеттік даму банкі (ҚМДБ) арасындағы Бас келісім шеңберінде 217 млн АҚШ доллары сомасына Субкредиттік келісімге қол қойылды. Келісімге «RG Processing» ЖШС, «RG Gold» ЖШС «Өнімділігі жылына 5 млн тоннаны құрайтын құрамында алтын бар бастапқы кенді қайта өңдеу кешенін салу және пайдалану» инвестициялық жобасын қаржыландыру мақсатында қол қойылды.
Неміс инвестициялық корпорациясы (DEG)	2021 жылғы 30 маусымда «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ мен Неміс инвестициялық корпорациясы (DEG) арасында «Da Vinci Emerging Technologies-Fund III LP» қорына қатысты жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы алғашқы өзгертілген және толықтырылған келісімге қол қойылды. Құжат шеңберінде ақпараттық технологиялар, инфрақұрылымдық және телекоммуникациялық технологиялар, FinTech, B2B және B2C технологиялар, цифрлық трансформация саласындағы инвестицияларды жүзеге асыру қарастырылған.
«Abu Dhabi Developmental Holding Company» (ADQ)	2021 жылғы 10 қазанда Абу-Даби әмірлігінде «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ мен «Abu Dhabi Developmental Holding Company» (ADQ) арасында ADQ – KCM Venture Capital Fund» (Term Sheet) қорына қатысудың негізгі талаптарына қол қойылды. Қор мөлшері – 100 млн АҚШ долл. Қор инвестицияларының мақсатты индустриялары ретінде қаржылық технологиялар (FinTech), ауыл шаруашылығы (AgroTech), денсаулық сақтау (HealthTech) технологиялары, «бизнеске арналған бизнес»/«тұтынушыға арналған бизнес» технологиялары (B2B/B2C) сияқты салалар болады.
Korea Housing & Urban Guarantee Corporation (KHUG)	2021 жылғы 17 тамызда тұрғын үй құрылысына кепілдік беру саласындағы ынтымақтастықты және ақпарат алмасуды кеңейту мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ және Korea Housing & Urban Guarantee Corporation (KHUG) арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.
ШОК мен стартаптар Корей агенттігі (KOSME)	2021 жылғы 17 тамызда білім, идея, тәжірибе алмасу мақсатында «Даму» Қоры» АҚ мен ШОК мен стартаптар Корей агенттігі (KOSME) арасында Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.
Біріккен Ұлттық Ұйымының Даму бағдарламалары (БҰҰДБ)	2021 жылғы 27 желтоқсанда «Даму» ҚДҚ» АҚ мен Қазақстандағы біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасында «Қазақстанның энергия тиімділігіне инвесторларға жағдай жасау» жобасын жүзеге асыру шеңберінде Келісімге қол қойылды. Құжаттың басты мақсаты Қазақстанның энергия тиімділігіне инвесторларды жағдай жасау және «жасыл» технологияларды ілгерілету болып табылады.

Кәсіпкерлікті қолдау

ІРІ ЖОБАЛАР ПОРТФЕЛІ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрамында өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымдағы ірі стратегиялық жобаларды қаржыландыру жөніндегі негізгі даму институты «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – «ҚДБ» АҚ, Банк) болып табылады.

«ҚДБ» АҚ қарыздық қаржыландыру және Лизинг құралдарын ұсыну арқылы қазақстандық кәсіпорындарға қаржылық қолдауды қамтамасыз ете отырып, ел экономикасын диверсификациялау процесіне елеулі үлес қосуда.

«ҚДБ» АҚ құрылған сәттен бастап 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін Банк 7,8 трлн теңге сомаға банктің қатысуымен жалпы құны 3,8 трлн теңге 161 инвестициялық жобаны, сондай-ақ 0,38 трлн теңге сомаға «ҚДБ» АҚ қатысуымен құны 0,29 трлн теңге 105 экспорттық операцияны мақұлдады және қаржыландырады.

Банктің кредиттік қоржынының көлемі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2020 жылмен салыстырғанда 2,2%-ға ұлғайып, 2 013,5 млрд теңгеге жетті. 2021 жылы «ҚДБ» АҚ тікелей кредиттеу шеңберінде жалпы сомасы 533,2 млрд теңгеге жобаларды қаржыландырды, соның ішінде:

- 364,8 млрд теңге сомасына **18 инвестициялық жоба**;
- 168,3 млрд теңге сомаға **19 экспорттық (экспорт алдындағы) операция**.

2021 жылы банктің қатысуымен қаржыландырылған **7 кәсіпорын** пайдалануға берілді және жаңғыртылды, олардың ішінде:

- Тараз қ. **газ бөлу желісі**;
- Түркістан қ. «Керуен-Сарай» **көпфункционалды туристік кешені**;
- Қарағанды облысы Жайрем ауылындағы қуаты жылына **5 млн тоннаны** құрайтын полиметалл кендерін қайта өңдеу жөніндегі тау-кен байыту комбинаты;
- Шығыс Қазақстан облысындағы **Тұрғысын ГЭС**;
- Шығыс Қазақстан облысындағы **Ақтоғай тау-кен байыту комбинаты** (2-кезек);
- Шымкент қаласында **МТБЭ өндіру зауыты**;
- ҚР ауылды елді мекендердің талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша **Интернет желісіне кең жолақты кіру мүмкіндігі**.

2021 жылы Банк 1 058,7 млрд теңге сомаға 17 инвестициялық жоба бойынша 20 қаржылық өтімді және 41,4 млрд теңге сомаға 3 экспорт алдындағы операцияны қаржыландыруға мақұлдады.

Банктің ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесуі экономиканы диверсификациялауға, сондай-ақ тұтастай алғанда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын ынталандыруға бағытталған.

Пайдалануға енгізілген жобалар мысалы:

«Жайрем тау-кен байыту комбинаты» АҚ



Жобаның жалпы құны 141,1 млрд теңгені құрайды, қарыз сомасы – 93 млрд теңге: олардың ішінде 60 млрд теңге Банк қаражаты есебінен қаржыланды, 33 млрд теңге Қазақстан Республикасының 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында қаржыланды.

Комбинаттың қызметі Қарағанды облысы Жайрем ауылында полиметалл кендерін қайта өңдеуді көздейді, комбинаттың қуаты жылына 5 млн тонна кенді құрайды.

Лизингтік қаржыландыру

2021 жылы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «КДҚ» АҚ) шұғыл әрекет ету қызметтерінің халыққа медициналық қызметтер сапасын арттыру үшін санитариялық көлікті жаңартуға, экономиканың басым секторларында жаңа өндірістер құруға жәрдемдесуге шоғырланды, сондай-ақ пандемия жағдайында бизнестің жағдайын жеңілдету үшін нақты шаралар қабылданды.

Осылайша, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін мөлшерлеме 7%-дан 6%-ға дейін төмендетілді, аванстық төлем 0%-ға дейін төмендетілді, құжаттар тізбесі қысқартылды, төлемдерді кешіктіргені үшін айыппұлдар алынып тасталды. Бірқатар жобалар бойынша бизнеске қаржылық жүктемені төмендету мақсатында төлемдерді 3 айға дейін және одан жоғары мерзімге кейінге қалдыра отырып қайта құрылымдау жүргізілді.

«КДҚ» АҚ «Нұрлы жол» Индустриялық-инновациялық даму және инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде қолданыстағы қолдау құралдарын ұсыну бойынша жұмысты жалғасты.

Нәтижесінде 2021 жылы:

- 666 автобус сатып алынды;
- 557 бірлік трактор мен комбайн сатып алынды;
- 29 бірлік өрт сөндіру техникасы сатып алынды;
- 80 бірлік өрт сөндіру көлігі сатып алынды;
- 86 186 бірлік полиция көлігі сатып алынды;

2022 жылға арналған жоспарлар

2021 жылғы қараша айында Банкті Дамыту стратегиясының өзектілігі артып, оның шеңберінде Банк

- 193 отандық өндірістің арнайы көлік құралдары сатып алынды;
- 3 030 жүк вагоны және 32 жолаушылар вагоны сатып алынды;
- 4 бірлік қозғалмалы мобилді кешені сатып алынды;
- 249 бірлік арнайы коммуналдық техника сатып алынды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша лизинг қоржынының көлемі 624,1 млрд теңгені құрады, өткен кезеңмен салыстырғанда (477,5 млрд теңге) бұл көрсеткіш 30,7%-ға немесе 146,6 млрд теңгеге ұлғайды. Лизинг портфелі көлемінің ұлғаюы лизинг мәмілелерін қаржыландырудың ұлғаюымен байланысты.

Бұдан басқа, 2021 жылы ИИДМБ-2 шеңберінде ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру ұсыну үшін 12,5 млрд теңге мөлшерінде қаржы тартылды (оның ішінде 10 млрд РБ қаражаты есебінен). Алдыңғы кезеңдерде және 2021 жылы аяқталған кезең ішінде қаржыланған жаңартылған өндірістер көлемі (пайдалануға енгізілген) – 12. 2021 жылы құрылған жаңа жұмыс орындарының саны 1 577 бірлікті құрады.

Барлығы, ИИДМБ-2 шеңберінде өңдеуші өнеркәсіп жобаларын қаржыландыру мақсатында республикалық бюджет қаражаты есебінен 80 млрд теңге бөлінді.

өңдеуші өнеркәсіп өңдеуші өнеркәсіптің ірі кәсіпкерлік субъектілері мен экспорттаушыларды индустрия-

Пайдалануға енгізілген жобалар мысалы:



«Тұрғысын-1» ЖШС

Жобаның жалпы құны 13,4 млрд теңгені құрайды, Банктің қарыз сомасы – 5,0 млрд теңге. Жоба 2015–2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылады. Тұрғысын ГЭС қуаты 24,9 МВт құрайды, оны іске қосу аймақтағы электр қуатының тапшылығын жылына 79,8 млн киловатт сағатқа дейін қысқартуға, көмірқышқыл газының шығарындысын жылына 680 тоннаға қысқартуға мүмкіндік береді.

ландыру жобаларын қаржыландыру арқылы ұлттық экономиканы дамытуды қаржыландыру жөніндегі оператордың негізгі рөлін атқаруды жалғастырды. Сонымен қатар 2022 жылғы 11 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің пленарлық отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Үкіметіне Банктің қызметін қайта құру туралы тапсырмасы айтылды. Қызметін қайта құру шеңберінде Банк мандаты жоғарғы және ортаңғы шектегі шикізаттық емес өнім өндірушілерді индустрияландыруға, қаржыландыруға, сонымен қатар елдің шикізаттық емес экспортының өсімін

қамтамасыз етуге, оның ішінде экспорттық сауда қаржыландыруы арқылы қазақстандық тауар, жұмыс мен қызметтерді импорттаушыларға кредит беруге ден қояды.

ҚДБ сырттан тартылатын нарық қаражатын мемлекет қаражатымен араластыру жолымен өңдеуші өнеркәсіптің ірі өндірістеріне жеңілдікпен кредит беруді жалғастырды. Бұл ретте, бюджет қаражатын бірінші кезекте өтеп (инвестициялық фазадан және жеткілікті оң ақша ағындарын шоғырландыра бастағаннан кейін), кейін қаржыландырудың нарықтық талаптарына көшті.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның стратегиялық даму бағыттарының бірі болып табылады. Холдингтің еншілес ұйымы бола отырып, «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі – «Даму» Қоры) АҚ, Қор) мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында ШОБ-ты дамытуға елеулі көмек көрсетеді. «Даму» Қоры» АҚ ЕДБ, МҚҰ және ЖК арқылы микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (бұдан әрі – МШОКС) қаржыландыруды, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды және кредиттерге кепілдік беруді, қосымша қаржыландыру көздерінің қаражатын тартуды, процестерді автоматтандыруды, сондай-ақ кәсіпкерлердің жобаларын қолдау бойынша жұмысты жүзеге асырып келеді.

2021 жылы «Даму» Қоры» АҚ 2,2 трлн теңге кредит сомасына қаржы құралдарын қолдана отырып, 57,4 мың жобаға қолдау көрсетті. 2020 жылмен салыстырғанда «Даму» Қоры» АҚ қаржыландырылған жобалар санын 1,7 есеге және кәсіпкерлерге көрсетілген қолдаудың несие қоржынының мөлшерін 1,3 есеге ұлғайтты.

«Даму» Қоры» АҚ бағдарламаларын жүзеге асыру кезеңі ішінде кәсіпкерлердің жалпы сомасы 9,2 трлн теңгеге 156 мыңнан астам жобасына қолдау көрсетілді. 2020 жылмен салыстырғанда барлық құрал бойынша қолдау 74%-ға – 2021 жылы 57,4 мың жобаға артты. Қаржылық қолдау сомасы 2,2 трлн теңгеге дейін артты.

«Даму» қоры» АҚ қаржылық бағдарламаларын іске асыру қорытындылары

Құрал	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
ЕДБ/МҚҰ/ЛК қаражатты шартты орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру					
Қатысушылар саны, бірлік	8 305	18 656	18 933	11 130	7 782
Қаржыландыру сомасы, млн теңге	230 469	272 912	239 508	207 588	213 304
Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау					
Қатысушылар саны, бірлік	2 310	1 470	2 647	14 679	32 351
Кредиттер сомасы, млн теңге	275 660	198 380	269 786	1 197 058	1 588 280
Кредиттерге кепілдік беру					
Қатысушылар саны, бірлік	1 317	1 950	2 674	7 346	17 219
Кредиттер сомасы, млн теңге	42 845	65 455	102 740	275 546	365 286

Алдын ала деректер бойынша Қор 2021 жылы қолдау көрсеткен кәсіпкерлер 12,9 трлн теңге сомаға өнім шығарды (жиынтық жылдық табыс), 879 млрд теңге сомаға салық төленді және шамамен 3,9 мың жұмыс орны құрылды.

2021 жылғы наурыз айында екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарының кейіннен ОШКС кредиттерін беруі үшін «Даму» Қорының кепілдігімен жүзеге асырылған Еуропалық қайта құру және даму банкімен (бұдан әрі-ЕДҚБ) бірлескен бағдарлама аяқталды, сонымен қатар әйелдер кәсіпкерлігі жобаларын қаржыландыруға қаражат бөлінді. Бағдарлама бойынша теңгеге шаққанда жалпы сомасы шамамен 70 968 млн теңгеге ЕДҚБ қаражаты тартылды, оның шеңберінде бірлескен бағдарламаны жүзеге асыра бастаған бүкіл кезеңге сомасы 127 758 млн теңгеге 15 205 ШОКС қаржыланды.

2021 жылғы 31 наурызда «Даму» қоры Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін азайту» БҰҰДБ-ЖЭҚ жобасы шеңберінде ОШБС мәмілелерін кейіннен қаржыландыру үшін екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарына шартты түрде қаражат орналастыру бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама бойынша 200 млн теңге мөлшеріндегі қаражат «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қор биржасының алаңында «Даму» қорының «жасыл» облигацияларды шығару жолымен тартылды. Тартылған қаражат жаңартылатын қуат көздері технологияларын енгізуге бағытталған ШОКС жобаларын қаржыландыру үшін «Сбербанк» АҚ ЕҮ бөлінді. Банк тартқан қаражат есебінен 200 млн теңге сомаға 1 ШОКБ қаржыланды.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі және Қазақстан Республикасының Ин-

дустрия және инфрақұрылымдық даму министрі бекіткен 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауын жүзеге асыру жөніндегі Жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағын жүзеге асыру жөніндегі Жол картасының 26-тармағына сәйкес «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ кепілдік жөніндегі функционалын «Даму» Қорына табыстау жөніндегі іс-шара жүзеге асырылды.

Шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту үшін 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту қоры шеңберінде кредиттерге қызмет көрсету жөніндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің борыштық жүктемесін айтарлықтай төмендетуге алып келетін кепілдік беру және субсидиялау талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарастырады, нәтижесінде кәсіпкерлік секторды қамту өсімін ұлғайтып, тиімділігін арттырады.

2021 жыл ішінде шартты қаражат орналастырудың белсенді бағдарламалары қайта бағдарланды:

- бағдарламалар шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан (ҰҚ 1, 2, 3-транштары) бір ШОКС-не максималды қаржыландыру лимиті 1 850 млн теңгеден 3 600 млн теңгеге ұлғайтылды, Енді бастаған ШОБС қаржыландыру лимиті 20 млн теңгеден 60 млн теңгеге ұлғайтылды, сомасын шектемей толық қаржыландыру қарастырылған тамақ өнеркәсібі салаларының тізімі кеңейтілді (21.09.2021 жылғы Үкімет қаулысындағы өзгерістер негізінде енгізілді);
- «Даму» Қорының «Исламдық қаржыландыру» өнімінің шеңберінде енді лизингтік портфельге қатысты мүлктік құқықтарды (талаптарды) кепілге қабылдауға болады.

2021 жыл ішінде Қор 62,3 млрд теңге сомаға шартты қаражат орналастыру бағдарламалары/өнімдері бойынша ЕДБ/қаржы ұйымдарын, оның ішінде 5,2 млрд теңге сомаға ХҚҰ-на қаражат орналастырды

2021 жылы Қор облыстық бюджет қаражатымен қосарлап қаржыландыру талаптарымен ШОК субъектілерін Аймақтық қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асыру жалғастырылды. 2021 жыл ішінде бағдарлама бойынша ЕДБ-ке жалпы сомасы 9,9 млрд теңгеге қаражат орналастырылды, бұл рет-

те осы бағдарлама шеңберінде бұрын бөлінген қаражат бойынша револьверлік беруді ескере отырып, 25,3 млрд теңге сомаға 361 ШОК субъектісі қаржыланды. 2021 жылы ЖАО 1 130 мың теңге тартылды, оның ішінде ШҚО ЖАО – 300 мың теңге, Шымкент қ. ЖАО – 500 мың теңге, Түркістан облысының ЖАО – 330 мың теңге.

2021 жылы Қор 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде осы бағдарлама аясында бұрын бөлінген револьверлік беруді ескере отырып, жалпы сомасы 8,3 млрд теңгеге ШОКС 602 субъектісі қаржыланды.

2021 жылы Қор исламдық қаржыландыру қағидаттарында ШОКС-қа кредит беру жөніндегі жаңа бағдарламаны іске қосты, ол арқылы кәсіпкерлерге исламдық қаржы құралдары арқылы ұзақ мерзімді

Субсидиялау және кепілдік беру

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау «БЖК-2025» мен Біріншілік жобаларға кредит беру тетігі аясында іске асырылады. «БЖК-2025» бағдарламасын іске асыру кезінде субсидиялау құралы кәсіпкерлер арасында танымалдылыққа ие болды, экономиканың басым секторларына кредиттер тарту тұрғысынан нәтижелілігін көрсетті.

Экономиканы диверсификациялау, өндіріс көлемінің өсу қарқынын арттыру, өндіріс өнімінің құнын төмендету, яғни өңдеуші өнеркәсіпті дамыту және оның жұмыс істеуі мақсатында ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз ету бойынша басым жобаларға кредит беру тетігі (бұдан әрі – Тетік) іске асырылды: өңдеуші және агроөнеркәсіптік салаларда қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін 2018–2020 жылдары ЕДБ-ны қаржыландырудың жалпы көлемі 1 трлн теңгеге дейін құрайды. Сонымен қатар, осы тетік аясында субсидиялау үшін республикалық бюджеттен 32,8 млрд теңге бөлінді.

Кепілдік беру құралы «Даму Оптима» бағдарламасы шеңберінде ДКБ-2025» мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламасы мен тетігінің аясында, сонымен қатар өз күшімен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндеттерін атқарушының 2021 жылғы 25 қазандағы № 263 бұйрығына сәйкес кәсіпкер, екінші деңгейдегі банк пен Қор арасында кепілдіктер

қаржылық қолдау көрсетіледі. Бұл бағдарлама Қазақстанда пилоттық болып табылады. Бағдарламаны іске асыру ЕДБ/ЛК-ны исламдық қаржыландыру құралдарын пайдалана отырып қаржыландыру мақсатында тауар биржасында тауарларды сатып алу арқылы жүзеге асырылады. 2021 жыл ішінде ислам қаржы ұйымдары жалпы сомасы 3,7 млрд теңге қаражат орналастырылды. Жыл қорытындысы бойынша бағдарлама бойынша жалпы сомасы 9,2 млрд теңгеге 50 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі қаржыландырылды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатынан бағдарламаны жүзеге асыру жалғастырылды (2014–2015 жылдары бөлінген 200 млрд теңге). 2021 жылы осы бағдарламалар бойынша осы бағдарлама шеңберінде бұрын бөлінген қаражат аясында револьверлік беруді ескере отырып, 106,9 млрд теңге сомаға ШОК 459 жобасы қаржыланды.

шартына толығымен электронды форматта қол қою мүмкіндігінің берілуі 2021 жылғы кепілдік беру құралдары үшін маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұл функция рәсімді анағұрлым мөлдір етуге, физикалық қарым-қатынасты барынша азайтуға, бизнес-жобаларды жүзеге асыратын кәсіпкерлер үшін, бірінші кезекте шалғай өңірлердегі кәсіпкерлер үшін уақытты оңтайландыруға мүмкіндік берді, өйткені кепілдік алу туралы барлық өтінімнің басым бөлігі Online.Damu.kz, сондай-ақ egov.kz. платформасы арқылы электронды түрде беріледі.

2018 жылдан бастап Қор «ДКБ-2025», «Еңбек» және «Даму Оптима» бағдарламалары шеңберінде, сонымен қатар «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде портфельдік кепілдік беру өтінімін әзірледі.

Портфельдік кепілдік беру мәні Қордың әрбір жеке жобаны мақұлдауынсыз, қаржылық серіктестерге (ЕДБ, МҚҰ) Қордың кепілдіктерін пайдалануға белгілі бір лимит беруді көздейді. Портфельдік кепілдік беру бойынша Қор арнайы әдістемені әзірледі, оның шеңберінде қаржылық серіктестерге (ЕДБ, МҚҰ) қойылатын, ШОКС қойылатын нақты межелерді белгіледі, оларды орындаған жағдайда кредит портфельдік кепілдік беру әдісін қолдана отырып берілуі мүмкін.

Қор, ЕДБ/МҚҰ арасында портфельдік кепілдік беру туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасалған жағдайда осы кепілдік беру әдісін қолдануға болады.

2021 жылы портфельдік кепілдік беру шеңберінде бірқатар ЕДБ-мен келісімдер жасалды, оның ішінде «Сбербанк России» АҚ ЕБ, «АТФБанк» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және басқаларымен.

2021 жылы портфельдік кепілдік беру шеңберінде 13 397 кепілдік шарты жасалды.

Бұл әдісті жүзеге асыру МШОК үшін де, Қордың қаржылық серіктестері үшін (ЕДБ, МҚҰ) де бірқатар мүмкіндіктерді көрсетті:

- жеткілікті кепіл болмаған жағдайда да кредиттерге қолжеткізу;
- Қордың кепілдігімен кредит алу жылдамдығын арттыру;
- кепілді бағалау мен ресімдеу уақыты шығынын азайту;
- өзге банктердің алдындағы бәсекелес артықшылық.

«Даму» қоры» АҚ субсидиялау құралы бойынша 2021 жылы көрсеткен қолдау

Бағдарлама	Жобалар саны	Кредиттік портфель, млрд теңге	Төленген субсидиялар, млрд теңге
«Бизнестің жол картасы-2025»	7 269	734,2	76,6
Портфельдік субсидиялау	13 717	77,3	5,9
Экономиканың зардап шеккен секторлары	10 983	421	14,1
Біріншілік жобаларға кредит беру тетігі	372	351	29,5
«Нұрлы жер»	10	4,4	2,4

«Даму» қоры» АҚ кепілдік беру құралы бойынша 2021 жылы көрсеткен қолдау

Бағдарлама	Жобалар саны	Кредиттік портфель, млрд теңге	Кепілдік сомасы, млрд теңге
«Бизнестің жол картасы-2020»	16 806	299,7	149,5
«Еңбек»	62	0,7	0,4
«Даму Оптима»	179	16,3	7
Біріншілік жобаларға кредит беру тетігі	172	48,4	21,1

Кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау

Қаржылық қолдау көрсету бағдарламаларымен қатар 2021 жылы Қор кәсіпкерлерге консультациялық қолдау көрсету және оқыту бағдарламаларын жүзеге асыру жұмысын жалғастырды.

2021 жыл ішінде аймақтық филиалдар 12 450 клиентке қызмет көрсетті, оларға 15 538 консультация берілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша аймақтық филиалдар қолдау көрсеткен жобаларға қатысты Қор құралдары бойынша қаржылық қолдау алуға жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін ЕДБ/ЛК/МҚҰ мақұлдағанға дейін 5 152 жоба сүйемелденді.

Осылайша, Қор ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсарту жұмысын жалғастырады, бұл үшін офлайн және онлайн арналарды пайдаланады.

2022 жылға арналған жоспарлар

2022 жылы Қор бірқатар іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр, олардың ішінде:

1. ESG тәуелсіз бағалауын жүргізу және ESG рейтингін алу;
2. «жасыл»/әлеуметтік жобаларды, қаржы ұйымдарынан тұрақты даму жобаларын/облигациялар шығару жолымен қолдауға инвестициялар тарту;
3. Жасыл климат қорында аккредитация алу үшін іс-шаралар өткізу;
4. Қордың Еуропалық инвестициялық банкпен ынтымақтастығы шеңберінде халықаралық институт қаражатынан ШОКС кредит берудің жаңа өнімін әзірлеп, енгізу, сонымен қатар «жасыл» жобалар анықтамасы бойынша техникалық көмек алу мәселесі жоспарланып отыр;
5. 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобалары шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру қағидаларын әзірлеу, енгізу және басқалары.

Қордың қолданыстағы бағдарламалары жөніндегі жоспарлар:

1. аймақтарда кәсіпкерлерді қолжетімді әрі ұзақ мерзімді қорландырумен қамтамасыз ететін нақты аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін ЖАО қаражат тарту жұмысы жалғасады;
2. халықаралық қаржы ұйымдарымен серіктестік аясында жұмыс жалғасатын болады, сонымен қатар COVID-19 салдарынан зардап шеккен кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету үшін А кредиттік желісі аясында Еуропалық Инвестициялық Банктен бірінші транш қаражатын тарту;
3. B2B кездесулерді, форумдарды, семинарлар мен консультацияларды ұйымдастыру арқылы шетелдік серіктестермен бірігіп қаржылық емес көмек көрсету жұмысы жалғасады.

ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ

Экспортты қолдау Холдингтің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. 2017 жылғы наурыздан бастап Холдингтің еншілес ұйымы – «KazakhExport» ЭСК» АҚ – ұлттық компания мәрте-

бесін алды, ол қаржы құралдарының кең жиынтығы бар экспортты қаржылай қолдаудың бірыңғай орталығына айналды.

Қазақстандық экспортты қаржылық сақтандыруды қолдау

2021 жылы Компания 212 экспорттық келісімшартты орындау кезінде жалпы сомасы 326,5 млрд теңгеге қолдау көрсетті. Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі 2020 жылғы 134,6 млрд

теңгеден 2021 жылы 204,7 млрд теңгеге дейін өсті. 2021 жылы 81 экспорттаушы қолдау алды, соның ішінде 26 – бірінші рет.

Қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандыру қолдауды дамыту, млн теңге

Көрсеткіштер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Қабылданған міндеттемелердің көлемі	97 076	134 632	204 705
Берілген сауданы қаржыландыру көлемі	10 399*	16 081**	17 713
Ұсынылған экспорт алдындағы қаржыландыру көлемі	11 813	13 502	14 436
Қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар сомасы	543 893	588 591	326 515

* «KazakhExport» ЭСК» АҚ саудалық қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 15 млрд теңгеге аккредитивтер сақтандырылған, оның 10,4 млрд теңгесі «KazakhExport» ЭСК» АҚ қаражаты есебінен, 4,6 млрд теңгесі ЕДБ-ның меншікті қаражатын тарту арқылы.

** сондай-ақ ЕДБ өз қаражаты есебінен 8,5 млрд теңге сомасына саудалық қаржыландыру бойынша жобалар қаржыландырылды.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауымен іске асырылған ірі мәмілелер



«EkibastuzFerroAlloys» ЖШС, Екібастұз қаласы

«EkibastuzFerroAlloys» ЖШС «Ферроқорытпа зауытын салу» инвестициялық жобасын жүзеге асырады. Жобаның мақсаты – Екібастұз қ. жылына өндірістік қуаты 24 000 тонна өнімді құрайтын ферросилиция шығару жөніндегі заманауи зауыт құрылысы. Жоба ферросилиций өнімін өндіріп, кейіннен Қазақстанның, Еуропаның, Оңтүстік шығыс Азияның, Солтүстік және Оңтүстік Американың нарықтарында өткізу жолымен ферро-

силицийдің жергілікті және жаһандық сұранысын қанағаттандыруға бағытталған.

Жоба «Қазақстан даму банкі» АҚ 72 млрд теңге мөлшеріндегі қаржылай қолдауымен жүзеге асырылады. Кәсіпорынның экспортқа бағдарланғанын ескере отырып, «KazakhExport» ЭСК» АҚ осы қаржыландыру бойынша 33 млрд теңге соманы құрайтын кредиттік тәуекелдерді өзіне алды.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ қолдауымен іске асырылған ірі мәмілелер



«Евраз Каспиан Сталь» ЖШС, Қостанай қаласы

Ұсақ сұрыпты илекті өндіру зауыты, илемдеу орнағының жобалық қуаты жылына 450 000 тонна арматураны құрайды. Кәсіпорын сұрыптамасы ыстықтай жазылған құрышты илек, ыстықтай жазылған арматуралық илек, темірбетон конструкцияларына арналған мерзімдік пішіннің термомеханикалық күшейтілген арматуралық илегі. Зауыт өнімі Қазақстан мен өзге ТМД елдерінің нарықтарында өткізіледі (Ресей, Украина, Тәжікстан, Қырғызстан және т.б.).

Құрылыс мақсатында Тәжікстандағы экспорттаушының шетелдік контрагенттері «KazakhExport» ЭСК» АҚ-на экспорттаушыдан арматуралық илекті сатып алуды қаржыландыру өтінішімен жүгінді. «Сбербанк» АҚ ЕБ-мен бірге Қоғам жалпы сомасы 5,5 млн АҚШ долларына саудалық қаржыландыру мен аккредитивті сақтандыруға қолдау көрсетті.

Қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық қызметін қаржылық емес қолдау

2021 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ шетелдік өкілдерінің желісі бойынша экспорттық мәмілелерді сақтандыру жөніндегі 18 жоба жүзеге асырылды, 16 шетелдік импорттаушы тартылды, сақтандыру сыйақыларының жалпы көлемі 153,6 млн теңгені құрайтын 4,9 млрд теңге сомаға сақтандыру міндеттемелері қабылданды. Компанияның шетелдік

өкілдерінің қолдауымен шетелдік контрагенттердің сенімділігі туралы 224 қорытынды берілді, сонымен қатар шетелдік импорттаушылармен, сауда желілерімен, банктермен, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарымен және өзге қаржы институттарымен ынтымақтастық туралы 9 келісім мен меморандумға қол қойылды.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ шетелдік өкілдерінің қатысуымен 2021 жылы жүзеге асырылған жобалар



1. Тәжікстан Республикасындағы шетелдік әріптес «Сомонътаминот» ЖШҚ мен «Холдинг Азия Групп Таджикистан» ЖАҚ тапсырмасы бойынша шығарылған аккредитивтер жөніндегі экспорттық саудалық қаржыландыру шеңберінде «Евраз Каспиан сталь» ЖШС арматура экспорты жөніндегі ірі мәмілелерді жүзеге асырды. Тәжікстан Республикасындағы шетелдік өкілдің тиімді жұмысының арқасында «Холдинг Азия Групп Таджикистан» ЖАҚ үшін «СарыарқаАвтоПром» ЖШС жабық автомобильдерінің жеткізілуін қаржыландыру мақсатында «Амонатбанк» Тәжікстан мемлекеттік жинақ банкі шығарған аккредитивтер арқылы мәміленің алғаш рет жүзеге асырылғанын атап өту керек.
2. Өзбекстан Республикасындағы шетелдік өкілдің қолдауымен «Profit Store» ЖШҚ компаниясы үшін «Концерн Цесна Астық» ЖШС, «Цесна-Мак» ЖШС ұн, макарон бұйымдары мен жармаларын жеткізуге экспорттық кредиттерді сақтандыру шеңберіндегі жобалар жүзеге асырылды. Сондай-ақ Шетелдік өкілдің қолдауымен Өзбекстан Республикасына қазақстандық өндіруші «KazMetiz» ЖШС-ң арматуралық арқандарын, құрыш арқандарын және құрыш сымдарын жеткізуді сақтандыру жүзеге асырылды.
3. Қытай Халық Республикасындағы шетелдік өкілдің қолдауымен «Kaz-ir Agro» ЖШС мен «Oriental Silk Road Cultural Development Co., Ltd.» компаниялары арасындағы экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі жобалар жүзеге асырылды. Бұдан басқа, құрғақ түйе және бие сүтін өндіруші «Евразия Инвест LTD» ЖШС-не алғаш рет қолдау көрсетілді, импорттаушылар ретінде Khorgos Ami Import And Export Trade Co., Ltd u Camel Story International Trading Co., Ltd компаниялары болды.
4. 2021 жылы «KazakhExport» ЭСК» АҚ экспорттық әлеуеті жоғары елдермен, әсіресе шекаралас мемлекеттермен халықаралық үкіметтік комиссияларға белсенді қатысты.
5. 2021 жылдың наурыз айында «KazakhExport» ЭСК» АҚ Басқарма Төрағасы Р.В. Ускаковтың, «Тәжікстан алюминий компаниясы» ААҚ (ТАЛКО) және Еуразиялық даму банкі (ЕАДБ) арасындағы кездесу шеңберінде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл Меморандум тараптардың әрі қарайғы ынтымақтастығын дамыту тұғырын орнатуға және ЕАДБ ұсынған қаржыландыру арқылы ТАЛКО компаниясының қазақстандық өнімді сатып алу жөніндегі жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

2021 жылға арналған жоспарлар

2022 жылы экспорттық әлеуетті арттыру бойынша мынадай іс-шаралар жоспарланған:

1. «Қазақстан Республикасының экспорттық-кредиттік агенттігі туралы» заңды қабылдау (KazakhExport ҚР ҰБ реттеуінен шығуы);
2. 250 млрд, теңге мөлшерінде қабылданған міндеттемелер көлемі бойынша жоспарға қол жеткізу;
3. 2022 жылға кемінде 210 млрд теңге сомаға экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік лимитін ұлғайту;

4. Саудалық қаржыландыру мөлшерлемесін субсидиялау тетігін енгізу жөніндегі НҚА бекіту;
5. 2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті құру шеңберінде мыналар жоспарланған:
 - 2023 жылға арналған мемлекеттік кепілдік лимитін белгілеу жөніндегі іс-шараны өткізу;
 - саудалық қаржыландыру мөлшерлемесін субсидиялауды алу қаражатын қарастыру.

ҮЛЕСТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҒЫ ЭКО ЖҮЙЕСІН ДАМУ (PRIVATE EQUITY)

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту, жетекші халықаралық тәжірибені қолдану, инновациялық

білім мен технологияларды трансферттеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Үлестік қаржыландыру

Сыртқы борыш деңгейін төмендетуге ықпал ететін экономиканың тұрақты өсімінің балама құралы болып үлестік қаржыландыру табылады.

дау көрсету және ТИ тарту. «ҚКМ» АҚ бәсекеге қабілеттілікті әрі қарай өсіру мен дамыту мақсатында халықаралық институционалдық инвесторлармен, тәуелсіз қорлармен және халықаралық қаржы ұйымдарымен серіктесе отырып, ТИҚ инвестициялайды және басқарады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобындағы тікелей инвестициялар (бұдан әрі – ТИ) нарығындағы негізгі ойыншы болып «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – «ҚКМ» АҚ) табылады, оның міндеттері – тікелей инвестициялар қоры (бұдан әрі – ТИҚ) арқылы үлестік қаржыландыруды ұсыну жолымен Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына қол-

2021 жылдың соңында «ҚКМ» АҚ портфелі 16 ТИҚ тұрады, «ҚКМ» АҚ-ң қатысуымен кумулятивті инвестициялар сомасы 1 797 млн АҚШ долларын құрады.

Реттік №	Тікелей инвестициялар қорының (ТИҚ) атауы	Құрылған жылы	Инвесторлар	Инвестициялық басымдықтар
1.	Aureos Central Asia Fund L.L.C. (ACAF)	2007	«ҚКМ» АҚ, IFC, CDC Group, FMO, ЕДҚБ, DBJ	Қаржылық қызмет, бөлшек сауда, телекоммуникация, химия өнеркәсібі
2.	Falah Growth Fund L.P. (FGF)	2008	«ҚКМ» АҚ, Ordabasy Shrakat Limited, Aztech Investment Limited	Мұнай және газ, энергетика, инфрақұрылым және т.б.
3.	Wolfensohn Capital Partners L.P. (WCP)	2008	«ҚКМ» АҚ, National Industries Group Holding Company, CGI Private Equity, The Governing Council of the University of Toronto және т.б.	Балама энергия, қаржылық және сақтандыру қызметі, бөлшек сауда

Реттік №	Тікелей инвестициялар қорының (ТИҚ) атауы	Құрылған жылы	Инвесторлар	Инвестициялық басымдықтар
4.	Kazakhstan Growth Fund L.P. (KGF)	2009	«ҚКМ» АҚ, ЕДҚБ	Тамақ өнеркәсібі, өндіруші өнеркәсіпке арналған жабдықтар, металлургия, ағаш өңдеу және басқа да салалар
5.	Macquarie Russia and CIS Infrastructure Fund C.V. (MRIF)	2009	«ҚКМ» АҚ, IFC, ЕБПП, сыртқы экономикалық банк, Macquarie Group, EDB	Көлік инфрақұрылымы, электр энергетикасы
6.	Islamic Infrastructure Fund L.P. (IIF)	2009	«ҚКМ» АҚ, IDB, ADB, CIMB Bank (L) Ltd., OPEC Fund for International Development, Bangkok Bank Ltd	Электрмен жабдықтау, көлік, коммуникациялар, сумен жабдықтау және т.б.
7.	Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V. (KCRF)	2010	«ҚКМ» АҚ, ЕБПП	ШОБ (шикізаттық емес секторлар)
8.	CITIC Kazyna Investment Fund I L.P. (CKIF)	2010	«ҚКМ» АҚ, CITIC Group, Sun Success International Ltd.	Инфрақұрылым, шикізаттық секторлар (ҚР мұнай газ секторынан басқа), жылжымайтын мүлік
9.	Russian-Kazakhstan Nanotechnology Fund (RKFN)	2011	«ҚКМ» АҚ, Роснано, ССБ Капитал I2BF	Нанотехнологиялар саласындағы жобалар
10.	Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. (KIF)	2014	«ҚКМ» АҚ, VGL Ltd	Инфрақұрылым
11.	Baiterek Venture Fund	2014	«ҚКМ» АҚ	ПИИДМБ басым салалары
12.	Kazakhstan Hungarian Investment Private Equity Fund C.V. (KAGF)	2015	«ҚКМ» АҚ, EXIM Bank	АӨК
13.	DBK Equity Fund C.V. (DBKEF)	2017	«Қазақстан Даму банкі» АҚ, «ҚКМ» АҚ, «BV Management» ЖШС	«Қазақстан Даму банкі», «БРК – Лизинг» АҚ жобалары
14.	KCM Sustainable Development Fund I C.V. (KCM SDF)	2019	«ҚКМ» АҚ, «BV Management» ЖШС	АӨК, өңдеу өнеркәсібі, техникалық қызметтер және сервис ұсыну, денсаулық сақтау, ақпарат және байланыс, энергетика және т.б.
15.	Eurasian Nurlly (Bright) Investment Fund L.P. (ENIF)	2019	«ҚКМ» АҚ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, CITIC Group, Asia Investment Finance Group Limited, China Bosen New Energy Investment Holding Limited, Hong Kong Sino-Science Oil & Gas Company Limited.	Инфрақұрылым, табиғи ресурстарды қайта өңдеу, логистика, ақпараттық технологиялар, өңдеуші өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен және т.б.
16.	Da Vinci Emerging Technologies Fund III L.P. (Da Vinci)	2021	«ҚКМ» АҚ, Da Vinci Global Technology Growth PCC, DEG-Deutsche Investitions- und Entwicklungsgesellschaft, «Samruk-Kazyna Invest» ЖШС, 57 Stars	Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, IT және телекоммуникация инфрақұрылымы, қаржылық технологиялар, B2C/B2B технологиялар және басқа да IT салалары

2021 жылдың қорытындысы бойынша «ҚКМ» АҚ портфеліндегі ең ауқымды үлесті көлік пен логистика секторы – 38%, энергетика секторы – 16% және тамақ өнімдерінің өндірісі – 22% алады.

2021 жылдың соңында «ҚКМ» АҚ портфелінде 59 жоба бар, оның ішінде Қазақстандағы жобалар үлесі 92% құрайды.

«ҚКМ» АҚ жеке салалар бөлігіндегі портфельдік инвестициялары



«ҚКМ» АҚ елдер бөлігіндегі портфельдік инвестициялары



2021 жылы 7 жобаның толық шығуы жүзеге асырылды.

№	Жоба атауы	Қор атауы	IRR (%)
1.	Enel Russia	Macquarie Russia & CIS Infrastructure Fund C.V.	-7,4
2.	National Stock Exchange of India	Wolfensohn Capital Partners L.P.	24,9
3.	Foundation Wind Energy-I Limited	Islamic Infrastructure Fund L.P.	11,2
4.	Foundation Wind Energy-II (Pvt) Limited	Islamic Infrastructure Fund L.P.	11,2
5.	«Labnet» ЖШС	Kazakhstan Growth Fund C.V.	15,6
6.	VIST Group	Ресей-Қазақстан нанотехнологиялар қоры	49,5
7.	«Z-Invest» ЖШС	Baiterek Venture Fund	20,15

Сонымен қатар Arctic Green Energy China (CITIC Kazyna Investment Fund I L.P.) жобасынан 1,1 млн АҚШ долл. сомасына ішінара шығуы жүзеге асырылды.

2022 жылға арналған жоспарлар

2022 жыл ішінде «ҚКМ» АҚ инвестициялық қызмет бойынша стратегиялық бастамаларды жүзеге асыруды жалғастырды, «ҚКМ» АҚ тұрақты даму, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шеңберіндегі жұмыс жалғастырылады.

Бұдан басқа, «ҚКМ» АҚ 2022 жылы 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясын әзірлеуге көшеді.

Холдингінің дамыту бағдарламасын жүзеге асыруынан әлеуметтік-экономикалық әсер¹

Көрсеткіш	Өлшем бірл.	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Төленген салық сомасы, млн теңге	млн теңге	803 285	1 237 575	1 738 140
Жаңа жұмыс орындарының саны	бірл..	11 727	10 101	9 420
Өткізілген өнім көлемі	млн теңге	11 469 372	17 582 179	13 539 624
Экспортқа өткізілген өнім көлемі	млн теңге	833 315	1 914 105	2 561 750
Өткізілген автокөлік саны	бірл..	1 851	1 915	1 774

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 қаулысымен «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы (бұдан әрі – Ұлттық жоба) бекітілген.

Ұлттық жобаның мақсаты негізгі қызметтерге халықтың теңдей қолжеткізуін қамтамасыз ету, тұрғын үй-коммуналдық талаптарды жақсарту, тұрғын үй құрылысын дамыту, сонымен қатар көлік қатынасын қамтамасыз ету, елдің көлік-транзит әлеуетін арттыру есебінен азаматтардың жайлы тұрғын үй ортасын құру болып табылады.

Қазіргі уақытта ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2025 жылға дейін тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу мен мақұлдауды жүргізеді. Оның шеңберінде «Отбасы Банк» АҚ жүзеге асыра-

тын ипотекалық жеңілдік бағдарламаларының жинақы талаптарын қарастыратын тұрғын үй талаптарын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру қағидалары бекітілген.

2022 жылы халықтың осал топтары үшін жалдау ақысын субсидиялау тетігін іске қосу болжанып отыр. Азаматтардың жекелеген топтарына (кірісі бір отбасы мүшесіне шаққанда 1 ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен) жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй үшін төлемдерді төлеу мен жүзеге асырудың сәйкес қағидалары ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № 60 бұйрығымен бекітілген. Осы бағыт шеңберінде жыл сайын кемінде 70 мың кезекте тұрушыларды қамтуды қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл мақсаттарға үш жыл ішінде 50 млрд теңгеден бөлінеді.

ЖАО ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛУ ТЕТІГІ АРҚЫЛЫ ЖАО КРЕДИТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ осы бағыттағы оператор болып табылады. Барлық қаржы құралдары, сонымен қатар жобаларды іріктеу, құрылыс салушыларды анықтау, игеру, құрылыс барысы мониторингі жөніндегі функциялар ЖАО-ға берілді.

ЖАО облигацияларын сатып алу тетігі арқылы кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру әрбір екі жыл сайын «револьверлік» қағида бойынша қаражат айналдырып, қосымша қор бөлмей, қайтадан жаңа құрылысқа жұмсауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2025 жылға дейін тұрғын

үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу мен мақұлдауды жүргізеді. Оның шеңберінде тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру қағидалары бекітіледі.

МБҚ шығару есебінен сырттан тартылған қаражат шеңберінде төмендегілерді қаржыландыру қарастырылуы тиіс:

1. бастапқы әрлеуден өткен 1 шаршы метр құрылыс құны есебіне орай әлеуметтік кредиттік тұрғын үй жобасы (инженерлік желілерге шығындарсыз);
- ең көбі 290 мың теңге – Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен қала сыртындағы аймақтарда;

¹ «Даму» Қоры» АҚ 2021 жылғы деректері алдын ала деректер, оны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті 2022 жылдың 3-тоқсанында ұсынады.

- ең көбі 240 мың теңге – Атырау және Маңғыстау облыстарында;
- ең көбі 220 мың теңге – Шымкентте, Түркістан және Қарағанды облыстарында;
- ең көбі 200 мың теңге – ШҚО, БҚО-да;
- ең көбі 180 мың теңге – Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында;
- ең көбі 170 мың теңге – Жамбыл, Қызылорда облыстарында.

«Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ нарықтан қосымша 54 млрд теңгені тартуды және ҚР ҰҚ қара-

ЖАО облигацияларын сатып алу көлемі

Көрсеткіш	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл (жоспар)
ЖАО облигациялары сатып алынды, млрд теңге	108,8	281,2	163,7	349,5

Нұр-Сұлтан қаласындағы проблемалық үлестік құрылыс объектілерін аяқтауға 2018–2019 жылы «ҚТК» АҚ (бұрынғы – «БД» АҚ) «Елорда Құрылыс Компаниясы» ЖШС арқылы 40 млрд теңге жұмсады. 2021 жылғы 31 желтоқсанда бөлінген 40,0 млрд теңгеден (2018 ж. – 20 млрд, 2019 ж. – 20 млрд) 37,6 млрд теңге игерілді. Тұрғын үй құрылысының проблемалық объектілерін аяқтаудың оң динамикасын ескере отырып, сонымен қатар ақша қаражатының тапшылығына және «Нұрлы жер» Мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық бағдарламасын жүзеге асыру мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу мақсатында әкімдік бөлінген қаражатты қайтару мерзімін екі жылға ұзарту және Қазақстан Республикасы

жатымен араластыруды ескере отырып, 2021 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде 163,7 млрд теңгеге (100%) ЖАО бағалы қағаздарын сатып алды.

2016 жылдан бастап «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде 761,6 млрд теңгеге ЖАО облигациялары сатып алынды. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 729 қаулысымен бекітілген «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасына сәйкес 2022 жылғы жоспар нарықты тарту есебінен 349,5 млрд теңгені құрады.

Ұлттық қорын басқару Кеңесінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 17-01-9.7 хаттамасына сәйкес 2022 жылғы сәуірден бастап 2 жылға ұзарту туралы өзгерістер енгізу мәселесін көтерді.

«Отбасы Банк» АҚ өз кезегінде ЖАО орналастырылған облигациялары арқылы тартылған қаражат есебінен салынған тұрғын үйдің сұранысы мен оны жеңілдікпен тұрғын үй қарыздарын беру арқылы өз салымшыларына өткізуді ынталандырады. 2021 жылғы 31 желтоқсанда «Отбасы Банк» АҚ-да жинақ сомасы 1,5 трлн теңгені құрайтын 2,2 млн шарт болды.

«Отбасы Банк» АҚ жұмысының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Жинақтар көлемі, млрд теңге	806	1 034	1 509
Жаңа шарттар саны, мың бірлік	407	486	601
Берілген қарыз саны, мың бірлік	50,3	51,9	82,25
Берілген қарыздың жалпы сомасы, млрд теңге	527	609	1 235

«Отбасы Банк» АҚ қызметінің (2005 жылдан бастап) бүкіл кезеңі ішінде 3,5 трлн теңгеге 357 мыңнан астам қарыз берілді.

2019 жылы «Бақытты отбасы» аз қамтылған отбасыларына жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы іске қосылды. Республикалық бюджеттен 50 млрд теңге тартылып, олар 5 мың қарыз беруге жұмсалды; қаражат 100% игерілді. 2020 жылы тура осылай 100 млрд теңге тартылып, орналастырылады деп жоспарланған, бірақ республикалық бюджеттің 2020 жылы нақтылануымен байланысты 49 млрд теңгені бөлу

мақұлданды. Қаражат 2020 жылы маусым айында түсті. Сонымен қатар 2021 жылы 70 млрд теңге бөлінді (2021 жылы сәуір айында 50 млрд теңге, 20 млрд теңгеге төрт транш – қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында). «Отбасы Банк» АҚ жұмыс істей бастаған кезең ішінде 145,8 млрд теңгеге шамамен 13,6 мың қарыз берілді.

Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес 2020–2023 жылдардан бастап жыл сайынғы беру жоспары 100 млрд теңгеге кемінде 10 мың өтінімді мақұлдауды болжайды.

Жеке құрылыс салушылардың тұрғын үй құрылысын ынталандыруы

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ЕДБ беретін жеке құрылыс салушылардың кредиттері бойынша жылдығы 7%-бен 3 жыл бойына сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тетігі қарастырылған. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап бұл функциялар Жалғыз оператор – «КТК» ЖҚ-на берілген.

2016 жыл мен 2021 жыл аралығында бұл бағыт бойынша жалпы сомасы 155 млрд теңгеге, сонымен қатар 2021 жылы – 27,8 млрд теңгеге Шарттарға қол қойылды. 2022 жылғы Жоспар кемінде 20 млрд теңгені құрайды.

Үлестік тұрғын үй құрылысын қолдау

«Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ 2016 жылғы 10 қазаннан бастап тұрғын үй құрылысындағы үлестік салымдарды кепілдендіруге кірісті. Осы мақсаттар үшін 2016–2017 жылдары республикалық бюджеттен жалпы сомасы 20 млрд теңгеге «ФМЖС» АҚ капиталдандыру жүзеге асырылды.

Құралды іске асырған сәттен бастап барлығы 644 млрд теңгеге кепілдік берілді. 2022 жылға жоспар – 120 млрд теңге.

Үлестік құрылыс объектілері бойынша берілген кепілдіктер көлемі

Көрсеткіш	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл (жоспар)
Берілген кепілдіктер сомасы, млрд теңге	88,8	120,6	372	120

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту



Агроөнеркәсіп кешенін (АӨК) дамыту Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясатының негізгі ұзақ мерзімді біріншіліктерінің және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Бір қолдау көрсету бағыты шеңберінде «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ еншілес ұйымдары қолдау көрсетеді:

«Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ АӨК субъектілеріне кредит беруге, қаржы ұйымдарын қорландыруға (кредит серіктестіктері, МҚҰ, ЕДБ мен лизингтік компаниялар), микрокредит беруге, көктемгі-далалық және егін жинау жұмыстарына кредит беруге және инвестициялық жобаларға маманданады. Сонымен қатар АӨК сақтандыру жөніндегі операторының және «Дипломмен ауылға!» жобасы шеңберінде «Ауыл ипотекасы» жөніндегі агенттің міндеттерін жүзеге асырады.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылық техникасы мен жабдығының лизингін ұсынады.

2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жылдық жоспар 388,3 млрд теңгені құраған кезде Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 464,2 млрд теңге жұмсады. Бір жыл ішінде осы салаға кредит беру көлемінің өсімі + 4,2%-ға жетті. 2021 жылы берілген кредиттер көлемі бір жылда 14%-ға – 26,2 мыңға артты.

Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
АӨК қаржыландыру көлемі барлығы, оның ішінде:	млрд теңге	448,6	445,7	464,2
«АКК» АҚ (оның ішінде АШҚҚҚ)	млрд теңге	358,3	340,4	322,5
«ҚАҚ» АҚ (ТІА есепке алмай)	млрд теңге	90,3	105,3	141,6
Барлық берілген кредиттер саны, оның ішінде:	бірл.	27 684	27 900	26 173
«АКК» АҚ (оның ішінде АШҚҚҚ)	бірл.	24 239	23 647	20 230
«ҚАҚ» АҚ	бірл.	3 445	4 253	5 943

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ жалпы сомасы 322,5 млрд теңгеге 20 230 АШТӨ қаржыландырды, оның ішінде кредит беру бағдарламалары бөлігінде:

№	Кредит беру бағдарламасы	2021 жыл	2021 ж. факті	
		(жоспар), мың теңге	мың теңге	орын. %
1	Агробизнес (КТ)	40 673 258	61 414 131	151 %
2	Жұмыспен қамтудың жол картасы (жобалар)	34 100 000	5 000 000	15 %
3	Ұлттық қор қаражаты	25 800 000	26 795 068	104 %
4	«Іскер» микрокредит беру	12 529 196	12 532 796	100 %
5	Жұмыспен қамтудың жол картасы (МҚҮ)	21 299 411	6 444 525	30 %
6	«Сыбаға» ІҚМ	13 000 000	12 317 336	95 %
7	«Сыбаға» ҰҚМ	4 840 000	6 657 817	138 %
8	Агробизнес (тікелей кредит беру)	18 556 286	41 635 065	224 %
9	Агробизнес 5 бағытта	3 673 462	3 673 462	100 %
10	Қарапайым заттар экономикасы (ҚДЖ)	6 002 866	6 002 866	100 %
11	ТЖ енгізілуі салдарынан зардап шеккендерге кредиттік жеңілдік беру бағдарламасы	1 425 521	1 425 521	100 %
12	«Кең дала»	70 000 000	70 000 000	100 %
13	«АШҚҚҚ» АҚ микрокредит беру	67 582 000	68 564 429	101 %
Барлығы		319 482 000	322 463 015	101 %

2021 жылы кредиттің ең көп көлемі мал шаруашылығы (46%) мен өсімдік шаруашылығына (42%) берілді.

«АКК» АҚ несиелік портфель көлемі 2021 жылдың соңында 803,1 млрд теңгені құрады, өсім «АШҚҚҚ» АҚ қосу есебінен 2020 жылмен салыстырғанда – 51%. Несиелік портфельдің өскеніне қарамай NPL 5,4% деңгейінде сақталады.

Бұдан басқа, 2021 жылы жалпы құны 53,8 млрд теңгеге АӨК 69 (оның ішінде 46 жаңа) инвестициялық жобасы қаржыланды. 2021 жылы жалпы құны 71 млрд теңгеге 43 жоба пайдалануға енгізілді.

2021 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ 7 276 тал ауыл шаруашылық және арнайы техника мен жабдықты 141,6 млрд теңге сомаға лизингке беру туралы Шарт жасасты.

2020 жылмен салыстырғанда негізгі түрлер бойынша техниканы сатып алуды қаржыландырудың өсу қарқыны ақшалай көріністе 28,7% және сандық көріністе 20,1% құрады.

«КАҚ» АҚ жасалған қаржы лизингі шарттары бойынша ақпарат:

Техниканың / жабдықтың атауы	2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл	
	Саны, бірлік	Сомасы, млн теңге	Саны, бірлік	Сомасы, млн теңге	Саны, бірлік	Сомасы, млн теңге
Егін кешендері	143	7 336	129	4 932	258	10 515
Тракторлар	1 713	30 859	1 993	35 460	2 431	45 521
Комбайндар	540	32 856	541	36 284	633	44 408
Сепкіштер	416	4 386	354	7 576	258	7 513
Өзге техника	3 073	23 017	3 039	25 786	3 696	33 669
Жабдық	8	58				
Барлығы:	5 893	98 512	6 056	110 038	7 276	141 626

2021 жылы Қазақстанда өндірілген қаржыландырылған техника үлесі 44,6%-ға немесе 63,1 млрд теңгеге жетті.

Холдингтің қаржылық қолдауының арқасында 2021 жылы 20 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

2021 жылы ауыл шаруашылығының дамуына қолдау көрсету мақсатында Холдинг 46 жаңа инвестициялық жобаны қаржыландыра бастады, бұл келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- өндіріс көлемі 51,9 мың тонна сүтті құрайтын 15 СТФ;
- 3 мың тонна құс етін өндіретін 1 құс фабрикасы;
- 11 мың тонна жеміске арналған бағбандықты дамыту жөніндегі 2 жоба;
- 8,7 мың тонна көкөніс пен 625 тонна күрішке арналған жылу кешендерін дамыту жөніндегі 5 жоба;
- 75,9 мың тонна өнімге арналған ауыл шаруашылық өнімін өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі 5 жоба (көкөністі, сүтті қайта өңдеу, майларды өндіру);

- қуаты жылына 5 мың тонна ет өнімін құрайтын етті қайта өңдеу кешенін құру жөніндегі 1 жоба;
- сақтау көлемі 10,8 мың тоннаны құрайтын 4 көкөніс қоймасы;
- 16,6 мың бас ІҚМ-ға арналған 7 репродуктор-шаруашылық;
- қуаты 29 мың тоннаны және 960 га құрайтын жем өндірісін дамыту жөніндегі 2 жоба;
- қуаты 19 мың тоннаны құрайтын суару жүйелерін қолдана отырып, жеміс-көкөніс және жем-шөп дақылдарын өндіру жөніндегі 4 жоба (көкөністер, жүгері, жоңышқа және т.б.).

Бұдан басқа, Холдингтің ЕҮ қаржыландыру нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілері төмендегілерді жүзеге асырды:

- 139 мың бас ірі қара мал (ІҚМ) сатып алу;
- 399,9 мың бас ұсақ қара мал (ҰҚМ) сатып алу;
- 97,5 мың бас жылқы сатып алу;
- көктемгі-далалық жұмыстар шеңберінде 3,66 млн га ауыл шаруашылық алқаптарына егін егу;
- 7,3 мың бірлік ауыл шаруашылық техникасын жаңарту.

Цифрландыру стратегиясы

Цифрландыру стратегиясы Холдингтегі цифрлық технологияларды дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарын белгілейді, олар Холдингтің Даму стратегиясында келтірілген басты міндеттерді шешуге ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Холдингте цифрландыру жөніндегі жұмыс корпоративтік басқару деңгейін, инвестициялық тартымдылығын және клиентке бағдарлануын арттыру, сондай-ақ қолданыстағы бизнес-процестерді трансформациялау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

2021 жылы цифрландыру үлгісінің негізгі бағыттарын өзгерту мақсатында Холдингтің Цифрландыру стратегиясы өзекті сипатқа ие болып, 2021–2023 жылғы кезеңдерге белгіленді және цифрландырудың негізгі 7 бағыты айқындалған:

- бизнес-процестерді автоматтандыру және оңтайландыру;
- клиентке бағытталған қызметтер;
- сенімді және істен шығуға төзімді инфрақұрылым;
- «rare-free» қағазсыз құжат айналымына көшу;
- талдау және деректерді басқару;
- қаржыны басқарудың тиімді құралдары;

- цифрлық технологияларды корпоративтік басқару.

2021 жылы, атап айтқанда, Холдингінің бизнес-процестерін автоматтандыру және оңтайландыру, «Digital Baiterek» кәсіпкерлікті қолдау бірыңғай порталын жаңарту, Холдингінің қаржы есептілігін автоматтандыру, деректердің бірыңғай қоймасын құру үшін дайындық жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген талдауға сәйкес Холдингіте 86 бизнес-процесс қалыпқа келтірілді, оның ішінде 2019–2021 жылдың қорытындысы бойынша 59 процесс (68%) автоматтандырылды. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде Холдинг қызметінің тиімділігі 40%-ға артты.

«Клиентке бағдарланған қызметтер» цифрландырудағы басты бағыттардың бірі болып табылады, олар онлайн-құралдарды белсенді пайдаланатын клиенттердің жылдам өсіп келе жатқан аудиториясының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында Холдингінің электронды нысанда қызмет ұсыну арналары мен әдістерін өзгертуді және қызметін ұйымдастырудың жаңа құзыреттері мен әдістерін құруды болжайды. Осы бағытты жүзеге асыру шеңберінде 2021 жылы Digital Baiterek Бірыңғай кәсіпкерлікті қолдау порталын жаңарту жөніндегі іс-шаралар өткізілді, атап айтқанда оның дизайні жаңартылды, клиенттің интерактивті өзара әрекеттесу және кросс-сатылым қағидаты бойынша қызметтерді іріктеу функционалы (бір терезе) жүзеге асырылды.

Барлығы Digital Baiterek-те Холдингінің еншілес ұйымдары көрсететін 12 автоматтандырылған қызмет орналастырылды. Онлайн-қызметтерді орналастыру халыққа офиске келу санын барынша қысқартуға, қызметтерді онлайн режимде орындау мониторингін қамтамасыз етуге және қағаз құжат айналымын төмендетуге мүмкіндік берді.

«Қаржыны басқарудың тиімді құралдары» бағыты бойынша Холдингінің қаржы есептілігін қалыптастыруды автоматтандыру жөніндегі жұмыстар жүргізілді. Енгізілген құралдар осы процестерге жұмсалған уақытты қысқартуға мүмкіндік берді. Осылайша,

2021 жылға арналған жоспарлар

Цифрландыру стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде Холдингіте цифрландырудың 6 аяқталмаған негізгі бағытын қамтитын 2022–2023 жылдарға арналған Жоспар әзірленді.

есептілікті құруға жұмсалған орташа уақыт бұрын 10 күнді алса, ол 3 күнге дейін қысқарды.

Кез келген уақытта және кез келген жерде ақпаратқа қауіпсіз қол жеткізуді ескере отырып, басқарушылық және стратегиялық шешімдердің жедел қабылдануын қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар алқалық органдардың жұмыс тиімділігін арттыру үшін Холдингіте Алқалық органдар порталы (бұдан әрі – Портал) құрылды.

Портал алқалық органдардың қатысушылары арасында ішкі коммуникациялардың ұйымдастырылуын және Холдинг пен ЕҰ дауыс беру мен шешім қабылдау рәсімдеріне қашықтан қатысуды қамтамасыз етеді. 2021 жылы Порталда пилоттық режимде «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 5 отырысы өткізілді (бұрынғы Холдингінің еншілес ұйымы, 2021 жылы «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ Холдингінің еншілес ұйымына қосу жолымен қайта ұйымдастырылды), сонымен қатар Холдингінің еншілес ұйымдарының Порталына кіруді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жүргізілді.

Портал Холдингінің BPM-жүйесімен біріктіріліп, онда Холдингінің ішкі бизнес процестері өзекті сипатқа ие болды.

Холдингінің және еншілес ұйымдардың автоматтандыру объектілері болып келесі органдар табылады:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) Басқарма;
- 3) Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер;
- 4) Басқарма жанындағы комитеттер;
- 5) Цифрландыру кеңесі.

«Деректерді талдау және басқару» бағытын жүзеге асыру мақсатында Деректердің бірыңғай қоймасын құруға дайындық шаралары жалғастырылып, талдау қызметін жүргізу тәртібін орнатуға және талдау зерттеулері деректерінің бірыңғай базасы процесін құруға бағытталған ішкі нормативтік құжаттар әзірленді, қажетті құрал-саймандар сатып алынды.

2022 жылы кадрлық есепке алудың бизнес-процестерін, ақпараттық технологияларды және операциялық қызметті, құжаттамалық қамтамасыз етуді автоматтандыру, сонымен қатар бұрын автоматтандырылған процестерді дамыту жөніндегі бірқатар іс-шараларды өткізу жоспарланып отыр.

«Клиентке бағдарланған қызметтер» бағытын жүзеге асыру мақсатында «бірыңғай терезеде» орналасқан Холдингінің еншілес ұйымдары көрсететін қызмет тізімін кеңейту жоспарланып отыр. Сонымен қатар, «Қаржыны басқарудың тиімді құралдары» бағыты бойынша жоспарлы көрсеткіштерді қалып-

тастыру және оларды бақылау жөніндегі құралдар енгізілді.

Бұдан басқа, Холдингінің еншілес ұйымдарында бірыңғай ақпараттық құқықтық жүйені енгізу жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр.

Клиенттік деректердің қауіпсіздігі



Заңнама талаптарын сақтау мақсатында Холдинг тобы дербес деректерді қорғау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды, оларды өңдеуге келісімді Холдингінің еншілес ұйымдарының клиенттері шарттық қатынастарды ресімдеу кезінде береді.

Холдингінің еншілес ұйымдарының ақпараттық жүйелерінде өңделетін дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету екі деңгейлі қорғаудың ұйымдастырылған жүйесі арқылы іске асырылады. Осы жүйе шеңберінде қол жеткізуге рұқсат беруді ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі жүзеге асырады, ал ақпараттық технологиялар бөлімшесі ақпараттық жүйелерге қол жеткізуді баптау және шектеу бөлігінде бақылау функцияларын жүзеге асырады, олар арқылы дербес деректер өңделеді.

Холдинг Тобында ақпаратты қорғаудың мынадай функциялары бар жүйелер пайдаланылады:

- дербес компьютерлер мен ноутбуктерден қорғалатын ақпараттың, оның ішінде дербес деректердің, банктік құпияның, құпия ақпараттың жария болуының алдын алу;
- корпоративтік электрондық пошта арнасы арқылы қорғалған ақпараттың ағып кетуіне жол бермеу;
- медиа жоғалған кезде ақпараттың құпиялылығын бұзу қаупін азайту үшін ақпаратты мобильді жинақтағыштарға көшіру кезінде деректерді шифрлеу;

- Интернет желісімен өзара әрекеттесу кезінде қорғалған ақпараттың жария болуының алдын алу;
- инсайдерлік қауіптен қорғау үшін артықшылықты пайдаланушылардың әрекеттерін бақылау;
- мобильді құрылғылардан қорғалған ақпараттың сыртқа шығуына жол бермеу үшін мобильді құрылғыларды басқару;
- жұмыс станцияларын қорғау жүйесі, соның ішінде вирусқа қарсы қорғау.

Холдинг тобы Ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар іс-шараларды тұрақты негізде жүзеге асырады, атап айтқанда:

- қорғалатын ақпараты бар ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті қамтамасыз етуді бақылау;
- қашықтан жұмыс аясында қашықтағы жұмыс үстеліне қосылу үшін қауіпсіз VPN арнасын іске асыру;
- ақпараттық активтердің қорғалуын, істен шығуының тұрақтылығын, үздіксіздігін және қолжетімділігін қамтамасыз ететін іс-шаралар.

2021 жылы ақпараттық қауіпсіздік бөлігінде хабардарлықты арттыру мақсатында қызметкерлерді оқыту және тестілеу өткізілді. Сонымен қатар, қызметкерлер желідегі алаяқтардың әрекеттерін тану үшін нақты әрекеттерді еліктейтін жалған фишинг-шабуылдарға бейім болды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі

Холдингтің бекітілген корпоративтік басқару кодексі Холдингтің ішінде және оның өзге мүдделі тараптармен қарым-қатынасында қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп беруді және жоғары деңгейдегі іскерлік этиканы қамтамасыз ету мақсатында өз қызметі барысында ұстануға тиісті ережелер мен ұсынымдар жиынтығы болып табылады.

Холдингтің корпоративтік басқаруының негізгі қағидаттары мынадай:

1. өкілеттіктердің аражігін ажырату;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Директорлар кеңесі мен басқарманың Холдингті тиімді басқару қағидаты;
4. тұрақты даму қағидаты;
5. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
6. корпоративтік жанжалды және мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
7. Холдинг қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты.

Бұдан басқа, корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды өткізу бойынша, соның ішінде Холдингтің қызметіне корпоративтік басқару кодексінің ережелері мен қағидаттарын енгізу бойынша жұмыс тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есептің дайындалып жатқанын атап өту керек. Бұл тәжірибе Холдингтің еншілес ұйымдарының қызметіне де енгізілген.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2021 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/ сақталмауы туралы есептің қысқаша нұсқасы жылдық есепке қосымшада қамтылған. Есептің толық нұсқасы жыл сайын Холдингтің интернет-сайтында «Корпоративтік басқару» бөлімінде орналастырылады.

Бұл ретте Холдинг тұрақты түрде корпоративтік басқарудың халықаралық үдерістеріндегі, ұлттық заңнамадағы негізгі өзгерістерді қадағалап отырады және өз қызметіне ең үздік корпоративтік басқару саясатын енгізеді. Квзимемлекеттік компанияларды корпоративтік басқару саласында мойындалған халықаралық стандарт ретінде Холдинг мемлекеттің қатысуы бар кәсіпорындар үшін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭҰДҰ) Холдингтің қызметіне бейімделген корпоративтік басқару жөніндегі негізгі қағидаларын қолданады және Жалғыз акционер бекіткен Холдингтің Корпоративтік басқару кодексі шеңберінде жүзеге асырылады.

Корпоративтік басқару кодексінің ЭСДҰ корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына сәйкестігі

Мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару бойынша ЭСДҰ-ның басшылық қағидаттарының негізгі ережелері мен ұсынымдары

Мемлекет қатысуының негіздемесі / мемлекеттің жеке секторға кіруінің және осы ақпаратты ашудағы орындылығы.

Мемлекет меншік иесі ретінде мемлекет қатысатын кәсіпорындардың толық операциялық дербестігін қамтамасыз етеді және операциялық шешімдер қабылдауға қатыспайды.

Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары

Өкілеттіктерді шектеу қағидасы

Холдинг экономиканы дамыту мен әрараптандыруға, инвестициялар тартуға (соның ішінде ұлттық инвесторлар), кластерлерді дамытуға және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге жәрдемдесу мақсатында құрылған.

Өкілеттіктерді шектеу қағидасы

Мемлекеттік орган Холдингтің жалғыз акционері ретінде Холдингке толық операциялық дербестікті ұсынады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері мен тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Холдингтің операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласпайды.

Мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару бойынша ЭСДҮ-ның басшылық қағидаттарының негізгі ережелері мен ұсынымдары

Мемлекет қатысатын кәсіпорындар өз қызметін жетекші жеке кәсіпорындар сияқты тиімділік, ашықтық және есеп беру дәрежесімен жүзеге асырады.	Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары Өкілеттіктерді шектеу қағидасы Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының экономикалық қызметі қарыздық және үлестік қаражатқа қатысты нарық талаптарына жауап беруі тиіс.
Мемлекет қатысатын барлық көпшілік және көпшілік емес кәсіпорындар корпоративтік басқарудың ұлттық кодекстерін сақтауы тиіс.	Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы Холдингтің корпоративтік басқару кодексі мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік Кодексінің ережелерін ескере отырып өзекті сипатқа ие болды.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар заңдарда немесе өзара келісімдерде көзделген мүдделі тұлғалардың құқықтарын тануға және құрметтеуге тиіс.	Тұрақты даму қағидасы Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға өзінің ықпалының маңыздылығын түсінеді.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар корпоративтік ақпаратты ашудың жоғары сапалы халықаралық танылған стандарттарына сәйкес және мемлекет үшін меншік иесі ретінде және жұртшылық үшін ерекше назар аударатын салаларды қоса алғанда, кәсіпорын туралы елеулі қаржылық және қаржылық емес ақпаратты хабарлауға тиіс.	Холдингтің қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидасы Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жай-күйін, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және дұрыс ашады.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындардың директорлар кеңестері стратегиялық басшылық пен менеджмент қызметін бақылау функцияларын орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен объективтілікке ие болуға тиіс. Олар адал әрекет етуге және өздерінің іс-әрекеттері үшін жауапты болуға тиіс.	Директорлар кеңесі мен Басқарманы, Холдингті тиімді басқару қағидасы Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің мүшелері фидуциарлық міндеттер мен қабылданатын шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, іс-әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, өз міндеттерін орындауға дербес жауапты болады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапты болады.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар қаржылық және операциялық тәуекелдерді, сондай-ақ адам құқықтарына, жұмыспен қамтуға, қоршаған ортаны қорғауға және салық салуға қатысты тәуекелдерді басқару жөніндегі тиімді саясат пен рәсімдерге бақылау жасап жүргізуі тиіс.	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидасы Холдингте өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен механизмдердің жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі жұмыс істейді.
Директорлар кеңесіне өз міндеттерін объективті түрде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін және Директорлар кеңесінің жұмыс процесіне саяси араласуды шектейтін мүдделер дауларын болдырмауға арналған механизмдерді пайдалану қажет.	Корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидасы Холдинг қызметкерлері мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін, өзіне (немесе өзіне байланысты тұлғаларға), басқаларға қатысты да жағдайларға жол бермейді. Холдинг Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау және Холдингтің Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеу үшін оларды болдырмау және реттеу бойынша механизмдер енгізеді.

ХОЛДИНГТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МОДЕЛІ

Холдингтің Корпоративтік басқару моделі шешімдер қабылдау жүйесінің тиімділігін, Жалғыз акционердің мүдделерін, ақпаратты ашудың жоғары стандарттарын сақтауды, тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Холдингтің Корпоративтік басқару моделі ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз етуге бағытталған және Холдингтің органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды көздейді.

Холдингтің Жарғысына сәйкес негізгі органдар мыналар:

- Жалғыз акционер – Холдингтің жоғары басқару органы
- Директорлар кеңесі – басқару органы
- Басқарма – атқарушы орган

Ішкі аудит қызметі Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, Холдингтің қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттардың

орындалуын жүзеге асыратын орган болып табылады.

Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционермен өзара әрекеттесуі мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды, ол Директорлар кеңесінің мүшесі немесе Холдингтің Басқарма мүшесі болып табылмайды және Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп береді.

Холдингтің Директорлар кеңесінің жанында құзыретіне аудит және тәуекелдерді басқару, Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мәселелерді қарау кіретін комитеттер жұмыс істейді.

Холдинг қызметінің жекелеген бағыттары бойынша Басқарма үшін ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін, оның ішінде Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындау және алдын ала қарауды жүзеге асыру үшін Басқарма жанынан комитеттер құрылды: Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті, Стратегия және корпоративтік даму комитеті.

Холдингтің корпоративтік басқару жүйесінің құрылымы



ХОЛДИНГТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен Холдингтің корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2021–2022 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары шеңберінде 2021 жылы келесі іс-шаралар өткізілді:

1. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің біріншіліктерін, тұрақты даму мақсаттарын, жаһандық технологиялық трендтерді ескере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2023 жылға дейінгі келешектегі Даму жоспары¹ өзекті сипатқа ие болды. Сонымен қатар Холдингтің Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 21 қазандағы шешімімен (хаттама № 06/21) Қазақстан Республикасы экономикасының «жасыл» секторына инвестициялау ұстанымдарын бірізгілендіруге қатысты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ инвестициялық саясаты өзекті сипатқа ие болды.
2. «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-мен бірігіп Холдингтің Директорлар кеңесінің өзіндік бағалауын жүргізуге арналған сауалнама нысаны әзірленіп, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика

министрлігінің 2021 жылғы 29 қазандағы бұйрығымен бекітілді.

3. 2021 жылғы 25 қарашада «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Холдинг комитеттері мен Директорлар кеңесі қызметтерінің дербес бағалауы жүргізілді. 2021 жылғы Директорлар кеңесі қызметінің қорытынды бағалауы оң нәтижелер көрсетіп жатыр.
4. Холдингтің корпоративтік басқару кодекстерінің қағидаларын орындау/орындамау туралы есеп шеңберінде Холдингтің Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 мамырдағы Аудит жөніндегі комитетінің шешімімен (№ 03/21 хаттама) Корпоративтік басқару кодексінің орындалу мониторингі нәтижелері назарға алынып, Холдингтік Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№ 03/21 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін орындау/орындамау туралы есеп бекітілді.

5. Холдинг Басқармасының 2021 жылғы 1 қазандағы шешімімен (№ 52/21 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарындағы Корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесі өзекті сипатқа ие болып, Басқарманың 2021 жылғы 17 қарашадағы шешімімен (№ 62/21 хаттама) мүдделі тараптарды біріктіру және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің рөлдерін, міндеттерін және рәсімдерін ескере отырып, өзара әрекеттесу стратегиясы (коммуникациялық стратегия) жөніндегі бөлімдерді жаңарту бөлігіндегі Холдингтің Мүдделі тараптарының картасы өзекті сипатқа ие болды.
6. Холдингтің экологиялық және білім беру акцияларына қатысуын (ұйымдастыру және өткізу) қоса алғанда, тұрақты даму жөніндегі іс-шараларға қатысты төмендегілер өткізілді:
 - Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Нұр-Сұлтан – табыс пен гүлдену символы» эссе байқауы
 - «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы
 - Қазақстан халықтарының тілі күніне орай челлендж
 - Шахмат жарысы
 - Донор күні
 - Қайырымдылық жәрмеңкесі
 - Игі істер марафоны
7. Корпоративтік басқару тақырыптары бойынша іс-шараларды ұйымдастыру:
 - 2021 жылғы 27 мамырда (хаттама № 01/21) – Холдингтің тәуелсіз директорларының «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Ауыл шаруашылығына қаржылық қолдау көрсету қоры» АҚ басшылығымен кездесуі өтті;
 - 2021 жылғы 22 қыркүйекте (№ 02/21 хаттама) – тәуелсіз директорлардың, Холдинг Басқармасының мүшелерімен және тәуелсіз директорлардың, «Қазақстан Даму банкі» АҚ басшылығымен, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ мен «Қазақстан

2021 жылдың қорытындысы бойынша СВА Холдинг жүргізген корпоративтік басқару бағалауы

89,3%-ды
құрады

тұрғын үй компаниясы» АҚ қатысуымен стратегиялық миссия.

- 2021 жылғы 20 қазанда (хаттама № 01/21) – Холдингтің компаниялар тобының Корпоративтік хатшылар кеңесінің отырысы;
- 2021 жылғы 25 қарашада «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «АХҚО әкімшілігі» АҚ және BCPD Ltd-мен ынтымақтаса отырып, «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында Қазақстанның корпоративтік хатшыларының форумы өткізіліп, оған корпоративтік басқару саласындағы қазақстандық кәсіпқойлар, сондай-ақ халықаралық сарапшылар қатысты;
- 2021 жылғы 29 қазанда даму стратегиясы сұрақтарын және Холдингтің рентабельділігі мен тұрақты дамуына ықпал ететін өзге аспектілерге қатысты мәселелерді талқылау үшін Холдингтің Жалғыз акционерінің өкілдерімен кездесу өтті.

2021 жылдың қорытындысы бойынша СВА Холдинг жүргізген корпоративтік басқару бағалауы 89,3%-ды құрады.

2022 жылға арналған жоспарлар

2022 жылы Холдингтің корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес және Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын әрі қарай енгізу шеңберінде Холдингтің корпоративтік басқару кодексіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту бөлігін орындау, Холдинг пен Холдингтің еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар

жоспарының орындалу мониторингін жүргізу, Холдинг персоналын стратегиялық тәуекел-менеджменті, ішкі аудит, тұрақты даму және қаржылық емес тәуекелдер мен қаржылық емес есептілік (ESG reporting) және Холдингтің корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін іштей бағалау сұрақтары бойынша Холдинг Басқармасын оқыту жоспарланып отыр.

¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Стратегиялық даму» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.

Жалғыз акционер

Холдингтің Жалғыз акционері заңнамамен және Холдингтің жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайтын Қазақстан Республикасының Индустрия

Акционерлік капитал

2021 жылғы 31 желтоқсандағы¹ жағдайы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерлік капиталы 1 266 238 962 теңгені құрады:

- Жарияланған жәй акциялар саны – 5 000 086 550 дана.

Дивидендтік саясат

Холдингтің дивидендтік саясаты Жалғыз акционердің мүдделерін сақтауға, Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің рентабельділігін қамтамасыз етуге, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, дивидендтер мөлшерін айқындау механизмнің ашықтығына негізделеді.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

Холдингтің Жалғыз акционері есептік жылы мынадай мәселелерді қарады:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамын «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына қосу жолымен оны қайта ұйымдастыру туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір сұрақтары туралы («ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қосумен байланысты Холдинг қызметінің мақсаттары мен мәнін кеңейтуге қатысты Холдингтің Жарғысына өзгерістер енгізу туралы);
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2020 жылға арналған жылдық қаржы есептілігі мен таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Дивиденд саясатының кейбір мәселелері туралы (Дивиденд саясатына өзгерістер енгізу);

және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – ҚР ИИДБ) атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

- Орналастырылған және төленген жәй акциялар саны – 1 251 095 973 дана.
- Жарияланған, бірақ орналастырылмаған жәй акциялар саны – 3 748 990 577 дана.

2021 жылы Холдинг 10 млрд теңге мөлшерінде дивиденд жариялап, төледі (2020 жыл ішінде: 11 млрд теңге). Бір жәй акцияға дивидендтер 8,29 теңгені құрады (2020 жылы: 10,93 теңге).

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамына қатысты кейбір мәселелер туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы активтерін бәсекелес ортаға табыстаудан түскен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жолданатын қаражатты аудару туралы;
- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 650 «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтырулар енгізу туралы.

Директорлар кеңесі



Директорлар кеңесі Холдингтің қызметіне стратегиялық басшылықты және басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыратын басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Холдингтің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Директорлар кеңесінің мүшелері фидуциарлық міндеттер мен қабылданатын шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, іс-әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, өз міндеттерін орындауға дербес жауапты болады.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Холдинг Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін

Директорлар кеңесінің құрамы

Холдингтің Директорлар кеңесі 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он директордан тұрды, олардың үшеуі тәуелсіз болды.

Директорлар кеңесі өз құзіретіне сәйкес:

- даму жоспарын бекітеді;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қадағалауды жүзеге асырады;
- ішкі бақылау және ішкі аудитті жүзеге асырады;
- ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыру мониторингін бекітеді және жүзеге асырады.

олар сайланған сәттен бастап және Холдингтің қаражаты есебінен сақтандыруға міндетті. Соған сәйкес, 2021 жылғы 24 желтоқсанда Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт жасады.

Директорлар кеңесінің құрамы 2019 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығымен 2019 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімімен белгіленді.

¹ 2021 жылғы 5 қаңтардағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бағалы қағаздарын ұстаушылар тізіліміне сәйкес Холдингтің жарияланған акцияларының саны 5 000 086 550 дананы құрайды, соның ішінде орналастырылған – 1 046 504 712 орналастыруға қол жетімді дана – 3 953 581 838 дана.

Тізілім деректерін 2021 жылғы 5 қаңтарға пайдалану Холдингтің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы (№ 11/20) шешіміне сәйкес 2020 жылғы 31 желтоқсанда республикалық бюджеттен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жарғылық капиталын толықтыруға негізделген, соның аясында Холдинг қосымша 12 286 000 дана акция орналастырды (акциялар 2021 жылғы 5 қаңтарда акционердің шотына есептен шығарылды).



МАМИН АСҚАР ҰЗАҚБАЙҰЛЫ

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі, Директорлар
кеңесінің Төрағасы

1965 жылы 23 қазанда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Целиноград инженерлік-құрылыс институтын «инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша, Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясын «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2008 жылдан бастап 2016 жылдың қыркүйегіне дейін – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Президенті.
- 2016 жылғы қыркүйектен 2019 жылғы ақпанға дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары.
- 2019 жылғы 25 ақпаннан бастап – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі.

Холдингтің Жалғыз акционердің 2019 жылғы 28 ақпандағы шешімімен Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамына қайта сайланды. 2019 жылғы 28 желтоқсанда Директорлар кеңесінің Төрағасы болып қайта сайланды.

Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.



СҮЛЕЙМЕНОВ ТИМУР МҰРАТУЛЫ

Қазақстан Республикасы
Президенті Әкімшілігі
Басшысының орынбасары,
Директорлар кеңесінің мүшесі

1978 жылы 5 сәуірде дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін «Менеджмент» мамандығы бойынша, Мэриленд университетін (АҚШ) «Болашақ» бағдарламасы бойынша іскерлік әкімшілік магистрі, «Қаржы» мамандандыруымен бизнес магистрі мамандығы бойынша тәмамдады. Ұлыбританияның алқа бухгалтерлері мен аудиторлары қауымдастығында сертификатқа ие.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2016 жылғы желтоқсаннан 2019 жылғы 1 наурызға дейін – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі.
- 2019 жылғы 1 наурыздан бастап 2019 жылғы 22 наурызға дейін – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары.
- 2019 жылғы 22 наурыздан 2019 жылғы шілдеге дейін – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.
- 2019 жылғы 22 шілдеден бастап – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары.

Холдингтің Жалғыз акционердің 2019 жылғы 2 сәуірдегі шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.



СКЛЯР РОМАН ВАСИЛЬЕВИЧ

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары,
Директорлар кеңесінің мүшесі

1971 жылғы 8 мамырда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Павлодар мемлекеттік университетін «Инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша, Мәскеу қазіргі заманғы бизнес институтын «Экономист» мамандығы бойынша, Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын «Заңгер» мамандығы бойынша аяқтады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2016 жылғы желтоқсаннан бастап 2017 жылғы желтоқсанға дейін – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі.
- 2018 жылғы қаңтардан бастап 2019 жылғы ақпанға дейін – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі.
- 2019 жылғы 25 ақпаннан бастап 2019 жылғы 17 қыркүйекке дейін – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі.
- 2019 жылғы 18 қыркүйектен бастап – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 28 ақпандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды, 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесі құрамына қайта сайланды.

Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы (2019 жылғы 23 қарашадан бастап).
- «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



АТАМҚҰЛОВ БЕЙБІТ БӘКІРҰЛЫ

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму министрі,
Директорлар кеңесінің мүшесі

1964 жылы 19 мамырда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Инженер-металлург» мамандығы бойынша, Санкт-Петербург мемлекеттік экономика және қаржы университеті «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2015 жылдың 8 тамызынан 2016 жылдың қазанына дейін – Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі.
- 2016 жылғы 7 қазаннан 2018 жылғы 26 желтоқсанға дейін – Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі.
- 2018 жылғы 26 желтоқсаннан 2019 жылғы 18 қыркүйекке дейін – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі.
- 2019 жылғы 19 қыркүйектен бастап – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 19 қыркүйектегі шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.



ЖАМАУБАЕВ ЕРУЛАН КЕНЖЕБЕКҰЛЫ

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі, Холдингтің
Директорлар кеңесінің мүшесі

1974 жылы 25 наурызда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ Экономикалық Университеті жанындағы Халықаралық бизнес мектебін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша тәмамдады, Халықаралық қаржы ұйымдарында және батыс елдерінің орталық (ұлттық) банктерінде «Макроэкономикалық және қаржылық саясат», «Монетарлық саясаттың стратегиясы және оны Еуропалық орталық банкте өткізу ерекшеліктері», «Макроэкономикалық басқару», «Қаржы нарығының құралдары», «Қаржылық тұрақтылық» бағыттары бойынша біліктілікті арттыру (тағылымдамадан өту) курстарынан өтті.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2015 жылдан 2018 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі.
- 2018 жылдан 2019 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.
- 2019 жылдан 2020 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жауапты хатшысы.
- 2020 жылғы 18 мамырдан бастап – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2020 жылғы 25 маусымдағы шешімімен (Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің № 371 бұйрығы) 2020 жылғы 25 маусымда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.



ЕРҒАЛИЕВ ӘСЕТ АРМАНҰЛЫ

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі,
Директорлар кеңесінің мүшесі

1986 жылғы 18 маусымда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (ҚМЭБИ), мемлекеттің саясат экономикасы саласындағы бакалавр дәрежесі, Ұлыбританиядағы Йорк университеті, экономикадағы ғылым магистрі дәрежесі, Ұлыбританиядағы Ноттингем университеті, экономикадағы философия магистрі дәрежесі берілді.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2016 жылғы ақпаннан бастап 2016 жылғы маусымға дейін – «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2016 жылғы қазаннан бастап 2016 жылғы желтоқсанға дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі.
- 2016 жылғы желтоқсаннан бастап 2017 жылғы тамызға дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі.
- 2017 жылғы тамыздан бастап 2018 жылғы қыркүйекке дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі кеңесінің Жобалық басқару орталығының меңгерушісі.
- 2018 жылғы қыркүйектен бастап 2019 жылғы наурызға дейін – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.
- 2019 жылғы наурыздан бастап 2019 жылғы тамызға дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі кеңесі басшысының орынбасары.
- 2019 жылғы тамыздан бастап 2021 жылғы қаңтарға дейін – Қазақстан Республикасы бірінші ұлттық экономика вице-министрі.
- 2021 жылғы 18 қаңтардан бастап 2022 жылғы 6 қаңтарға дейін – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы шешімімен (Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің № 31 бұйрығы) 2021 жылғы 27 қаңтарда Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Өзге ұйымдардағы Директорлар кеңесіне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2019 жылғы 7 наурыздан бастап).



ӘРІПХАНОВ АЙДАР ӘБДІРАЗАҚҰЛЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма
Төрағасы, Директорлар кеңесінің
мүшесі

1974 жылы 28 қарашада дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын, «Болашақ» Президенттік бағдарламасы шеңберінде Колумбия университетін (АҚШ) «Экономикалық саясатты басқару» мамандығы бойынша аяқтады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2010–2017 жылдары Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының орынбасары, «Қазатом-өнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Ұлттық экономика вице-министрі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.
- 2017 жылғы желтоқсаннан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



КЛАУС МАНГОЛЬД

Тәуелсіз директор

1943 жылы 6 маусымда дүниеге келген

Азаматтығы: Германия

Білімі: Мюнхен, Женева, Лондон, Майнц және Гейдельберг университеттерінде құқық пен экономиканы зерттеді. Профессор, доктор.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2000 жылдан 2010 жылға дейін – Шығыс-Еуропалық экономикалық қатынастар комитетінің Төрағасы.
- 2011 жылдан бастап TUI AG Бақылау кеңесінің Төрағасы, Continental AG, Alstom S. A. Бақылау кеңестерінің мүшесі, Rothschild GmbH Бақылау кеңесінің Төрағасы.
- 2015 жылдан – Баден-Вюртембергтегі Ресей Федерациясының құрметті консулы. Сондай-ақ, Германияның ең беделді университеттерінің бірі Фрайбург Университетінің құрметті сенаторы, Құрметті легион (Франция) командоры болып табылады.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2016 жылғы 26 желтоқсанда және 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.



ФИЛИП ЙЕО

Тәуелсіз директор

1946 жылы 29 қазанда дүниеге келген

Азаматтығы: Сингапур Республикасы

Білімі: Сент-Джозеф институтын (Сингапур), Торонто университетін (Канада) тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2010 жылдан 2013 жылға дейін – БҰҰ даму бағдарламасына сәйкес қатысушы елдер арасында мемлекеттік әкімшілендіруді және басқаруды жылжыту және дамыту үшін Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес құрған Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Мемлекеттік басқару жөніндегі сарапшылар комитетінің мүшесі.
- Қазіргі уақытта – Accuron Technologies және Economic Development Innovations Singapore Pte Ltd. Төрағасы, Сингапурдың экономикалық даму және инновациялар Төрағасы (EDIS).

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2016 жылғы 26 желтоқсанда және содан соң 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.



ТОМАС МИРОВ

Тәуелсіз директор

1953 жылы 6 қаңтарда дүниеге келген

Азаматтығы: Германия

Білімі: Бонн университетін аяқтады, «Бесінші республика кезеңіндегі Еуропадағы Франция саясаты» атты тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:


- 2008 жылдан 2012 жылға дейін – Еуропа Қайта Құру және даму банкінің (ЕҚДБ) Президенті.
- 2013 жылдан бастап 2018 жылға дейін – HSH Nordbank AG (Гамбург) Бақылау кеңесінің Төрағасы
- Rothschild GmbH (Франкфурт) Бақылау кеңесінің мүшесі, F.Laeisz (Гамбург) акционерлер комитетінің мүшесі болып табылады.

Холдингтің Жалғыз акционерінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2016 жылғы 26 желтоқсанда және содан соң 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.


Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті

Директорлар кеңесінің мүшелері	Мамин Асқар Ұзақбайұлы	Сүлейменов Тимур Мұратұлы	Скляр Роман Васильевич	Атамқұлов Бейбіт Бәкірұлы	Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлы	Ерғалиев Әсет Арманұлы	Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	Клаус Мангольд	Филипп Йео	Томас Милов
Осы саладағы жұмыс өтілі/ жалпы өтілі, жыл	18,6/33	24/24	17,6/31,11	23,7/36	23,4 /25,10	10/10	25/25	54/54	46/52	25/47
Негізгі құзыреттер										
Саланы білу										
Саланы терең білу	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Арнайы дағдылар мен тәжірибе										
Қаржыны терең білу	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓
Маркетингті терең білу	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	
Тәуекелдерді басқару және аудит	✓	✓				✓	✓	✓		✓
Басқарудағы және заңгерліктегі жұмыс тәжірибесі										
Корпоративтік басқару	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Саясат пен реттеу жұмысындағы тәжірибесі	✓	✓	✓	✓	✓		✓		✓	✓
Терең құқықтық білімі	✓	✓	✓	✓					✓	

Холдингінің Директорлар кеңесіндегі жұмыс ұзақтығы, адам



Директорлар кеңесі мүшелерінің жасы, адам



2020 жылы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

Холдингінің Жалғыз акционерінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы шешімімен (Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің № 31 бұйрығы):

- Ұлттық экономика министрі Даленов Руслан Ерболатұлының «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директор-

лар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ерғалиев Әсет Арманұлы сайланды.

Лауазымға кіріспе

Холдингіте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу саясаты қолданылады. Саясаттың талаптарына сәйкес Холдингінің Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне Холдингінің Лауазымды тұлғалары және ұйымдық құрылымы, оның ішкі құжаттары, Жалғыз акционер мен Холдингінің Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпарат және директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар өзге де ақпарат беріледі. 2021 жылы холдингінің Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесі Ә.А. Ерғалиевқа қатысты лауазымға кірісу рәсімі өткізілді.

Холдингінің Корпоративтік басқару кодексінің 45-тармағына сәйкес Жалғыз акционер үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ереженің 5-тармағының 11-тармағына сәйкес Холдингінің Дирек-

торлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Холдингінің Басқарма Төрағасы, тәуелсіз директорлар және өзге де тұлғалар қатарынан жасалады.

Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеу кезінде мыналар назарға алынады:

- басшылық қызметтердегі жұмыс тәжірибесі;
- Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жұмыс тәжірибесі;
- жұмыс өтілі;
- халықаралық сертификаттарының бар болуын қоса алғанда, білімі, маманды;
- бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- іскерлік бедел;
- тікелей немесе әлеуетті мүдделер дауларының болуы.

Тәуелсіз директорларды тарту

Холдингтің Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Холдингтің Директорлар Кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін құрайды.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері объективті пайымдауды жүзеге асыруға қауіп төндіруі мүмкін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе Холдингпен қарым-қатынастардан,

Холдингтің Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінің 6-тарауының 8-параграфының 64-тармағында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар Кеңесі құрамының ерекшелігін ескере отырып, директорлар кеңесін, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелерін жыл сайынғы бағалау көзделген, Холдингтің Директорлар кеңесінің Төрағасы тиісті бағалау жүргізуге бастамашылық жасаған жағдайда бағаланады.

2020 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқаруының тәуелсіз бағалауын жүргізген «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-ң Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелері арасында сауалнама жүргізуге қатысты ұсынымдары шеңберінде Холдинг «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-мен бірігіп «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің өзіндік бағалауын жүргізуге арналған сауалнама нысанын әзірледі, оны «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі 2021 жылғы 23 қыркүйекте қарастырды (хаттама №05/21) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 29 қазандағы №297 бұйрығымен Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес толықтырулар енгізілді.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 16-тармағын орындау үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі 2021 жылғы 25 қарашада (хаттама №07/21) 2021 жылғы 21 желтоқсанға дейінгі мерзім ішінде сауалнама жүргізу арқылы өз күшімен Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің 2021 жылғы қызметін дербес бағалау (бұдан әрі – Бағалау) және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің есептік кезеңнен кейінгі

оны басқарудан немесе оның меншігінен бос болуы тиіс.

Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде Холдинг «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, Холдингтің Жарғысын, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің басшылыққа алады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуелсіз директорлары Клаус Мангольд, Филип Йео және Томас Миров 2019 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 3 жыл өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде Жалғыз акционер болып сайланды.

бірінші бетпе-бет отырысында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесіне бағалау нәтижелері туралы ақпаратты ұсыну туралы шешім қабылдады.

Осыған байланысты Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері толтырған сауалнамаларды жіберу мен жинауды жүзеге асырды, сонымен қатар сауалнамалардың талдауы жүргізіліп, Бағалау нәтижелері туралы ақпарат дайындалды.

Бағалау нәтижелері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сайтына орналастырылды.

Алынған Бағалау нәтижелеріне сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау үшін сауалнама бөлімдерінің жиынтық бағалауы өте жоғары көрсеткішті көрсетті: «Директорлар кеңесінің қызметі» – 4,89 балл, «Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер» – 4,96 балл және «Корпоративтік хатшының қызметі» – 4,97 балл.

Бағалау нәтижелерінің талдауына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамы оңтайлы, қажетті құзыреттер бойынша теңгерімді, тәуелсіздікті көрсетеді, Жалғыз акционермен және атқарушы органмен өзара тиімді әрекеттеседі.

Директорлар Кеңесінің, оның комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі 6-тарауының 8-параграфында, сондай-ақ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Ди-

ректорлар кеңесі туралы ереженің 23-тарауында регламенттелген.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі 6-тарауының 8-параграфының 67-тармағында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар Кеңесі құрамының ерекшелігін ескере отырып, Жалғыз акционер директорлар Кеңесіне бағалауды дербес немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып жүргізе алатыны көзделген.

2021 жылғы Директорлар кеңесі жұмысының қорытындысы

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің 7 отырысы өткізілді, оның ішінде 5 отырыс тікелей және 2 отырыс сырттай өткізілді. Жалпы алғанда Директорлар кеңесі 75 мәселені қарады.

Директорлар кеңесі қараған ең маңызды мәселелер:

- «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қосу жолымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қайта ұйымдастыру, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акцияларын орналастыру тәртібі, мерзімдері мен орналастыру (өткізу) бағасы жөнінде шешім қабылдау туралы;
- келесі акционерлік қоғамдармен қызығушылық туындаған мәмілелерді жасау туралы: «Қазақстанның даму банкі», «Өнеркәсіпті дамыту қоры», «Аграрлық кредит корпорациясы», «ҚазАгроҚаржы», «Қазақтелеком»;
- тәуелсіз ұйым – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС жүргізген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқарудың тәуелсіз бағалау қорытындылары бойынша нәтижелерін қарастыру туралы және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2021–2023 жылдарға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жоспарын бекіту туралы;
- 2014–2023 жылдарға¹ арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ түзетілген Даму стратегиясының жобасын мақұлдау туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті құрамын өзгерту туралы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің сандық құрамын өзгерту туралы және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесін сайлау туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2021–2022 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;
- 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2019–2023 жылдарға арналған

2021 жылы Холдингтің Жалғыз акционері Холдингтің Директорлар кеңесіне дербес немесе тәуелсіз консультантты тарта отырып бағалау жүргізу туралы шешім қабылдаған жоқ.

Жалғыз акционер бағалау жүргізу туралы шешім шығарған кезде шешім «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінің барлық талаптарын ескере отырып, уақтылы және сапалы орындалатын болады.

Даму жоспарының орындалғаны туралы есепті және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2020 жылға арналған Жылдық бюджетті орындауы туралы есепті бекіту туралы;

- 2021–2023 жылғы көрсеткіштерге қатысты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2019–2023 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспарын және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2021 жылға арналған түзетілген Жылдық бюджетін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2020 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекіту туралы және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына есептік қаржы жылына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ таза табысын бөлу тәртібі туралы сұрақты шығару, жәй акциялар бойынша дивиденд төлеу, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бір жәй акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы сұрақты шығару;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2020 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерінің орындалуы/орындалмауы туралы есепті бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «QazTech Ventures» АҚ-ң 100% жәй акцияларын және «Kazakhstan Project Preparation Fund» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына 97,7% қатысу үлесін иеліктен шығаруы туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тұрақты дамуы туралы 2020 жылға арналған есепті қарастыру туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсмені қызметінің нәтижелерін бағалау туралы және оның уәкілеттік мерзімін ұзарту туралы;
- 2020 жылғы IV тоқсанға, 2021 жылғы I, II, III тоқсандарға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ жәй акцияларының жүз пайызын иеліктен шығаруы туралы;

¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сатып алуларды бақылау жөніндегі Орталықтандырылған қызметінің іс-әрекетіне қатысты кейбір сұрақтар туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2020 жылға арналған Жылдық бюджетін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2022 жылғы бизнес процесстерін, тәуекелдері мен бақылаулар матрицасын, тәбет тәуекелін бекіту туралы;
- «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ мен «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ қосу арқылы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ мен «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу

- туралы» сұрақты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік хатшысының қызметін реттейтін кейбір ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ республикалық бюджет пен Ұлттық қордан 2016–2021 жж. бөлінген ақша қаражатын пайдалануы туралы ақпаратты мәлімет ретінде қабылдау туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2022 жылғы Жылдық бюджетін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің кейбір мәселелері туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы қызметінің бағалауы туралы.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті келесі құрамда жұмыс істеді:

- Томас Милов – Комитет Төрағасы (Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор);
- Клаус Мангольд – Комитет мүшесі (Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор).

«КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС ұсынымы негізінде тәуелсіз ұйым – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС

өткізген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқаруын тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша 2021 жылғы 27 мамырдағы Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 03/21 хаттама) Аудит жөніндегі комитет құрамы кеңейтіліп, Филип Йео (Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор) сол Комитеттің мүшесі болып сайланды.

2021 жылы Аудит жөніндегі комитет 6 тікелей және 2 сырттай отырыс өткізді, оның барысында 49 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшесінің аты-жөні	Директорлар кеңесінің отырыстары	%	Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
Мамин Асқар Ұзақбайұлы	7/7	100%	01.01.2021–31.12.2021
Скляр Роман Васильевич	7/7	100%	01.01.2021–31.12.2021
Сүлейменов Тимур Мұратұлы	4/7	57%	01.01.2021–31.12.2021
Атамқұлов Бейбіт Бәкірұлы	6/7	86%	01.01.2021–31.12.2021
Ерғалиев Әсет Арманұлы	6/7	86%	27.01.2021–31.12.2021
Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлы	6/7	86%	01.01.2021–31.12.2021
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	7/7	100%	01.01.2021–31.12.2021
Клаус Мангольд	7/7	100%	01.01.2021–31.12.2021
Филип Йео	7/7	100%	01.01.2021–31.12.2021
Томас Милов	7/7	100%	01.01.2021–31.12.2021

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер аясы бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Холдингте төмендегі Комитеттер жұмыс істейді:

- Аудит жөніндегі комитет
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет
- Стратегиялық жоспарлау комитеті

Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитеттің қызметі Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметіне (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің құрамы және 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесі	Лауазымы	Отырыстар	%	Комитет құрамында болған кезең
Томас Милов	тәуелсіз директор, Аудит жөніндегі комитетінің Төрағасы	8/8	100	01.01.2021–31.12.2021
Клаус Мангольд	тәуелсіз директор, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі	8/8	86	01.01.2021–31.12.2021
Филип Йео	тәуелсіз директор, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі	5/8	62,5	27.05.2021–31.12.2021

Аудит жөніндегі комитеті келесі маңызды мәселелерді қарады:

Ішкі аудит

- тоқсан сайынғы негізде ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдары бойынша түзету іс-әрекеттерін орындау мониторингінің нәтижелері және аудиторлық табулар туралы ақпаратпен ішкі аудит қызметінің есептері алдын ала қаралды және мақұлданды. Холдинг басқармасына жыл бойы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік қаржы жүйесінің ішкі аудитінің нәтижелері бойынша елеулі табыстардың орындалуын қамтамасыз ету ұсынылды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің лауазымды жалақы төлеу сұлбасы алдын ала мақұлданып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесіне бекітуді ұсынылды (грейдтер негізінде);
- 2022 жылға арналған аудиторлық және консультациялық тапсырмаларға қатысты 2020–2022 жылдарға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі аудит қызметінің өзекті сипаттағы Аудиторлық жоспары мақұлданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің 2020 жылдың III-IV тоқсандарындағы іс-әрекетінің ақырғы қорытындысы туралы есеп мақұлданды, 2020 жылдың III-IV тоқсандарын-

дағы жұмыс қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне төленетін сыйақы мөлшерлері мақұлданды.

Сыртқы аудит

- Холдингтің 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке) алдын ала қаралып мақұлданды;
- «КПМГ Аудит» ЖШС Холдингтің сыртқы аудиторымен 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігінің аудит нәтижелері, «КПМГ Аудит» ЖШС сыртқы аудиторының аудит жөніндегі комитетінің ұсынымдарының орындалу мәртебесі бойынша кездесу өткізілді;
- 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ аудиттелмеген шоғырландырылған және жеке аралық қысқартылған қаржы есептілігінің нәтижелері бойынша «КПМГ Аудит» ЖШС Холдингтің сыртқы аудиторымен кездесу өткізілді;
- 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ аудиттелмеген шоғырландырылған және жеке аралық қысқартылған қаржылық есептілігі қаралды.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

- тоқсан сайынғы негізде Холдингтің тәуекелдер жөніндегі есептері алдын ала қарастырылып, мақұлданды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы – «Шығындарды абсорбциялау көрсеткіші» (NetLac) метрика есебін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебіне енгізсін;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компаниялар тобы тәуекелінің негізгі көрсеткіштерін стресс-тестілеу нәтижелері мен стресс-сценарийлер бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебіне тіркелген елдің макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша ақпарат қарастырылды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін кейбір ішкі нормативтік құжаттарды бекіту және күшін жойды деп мойындау, сонымен қатар Холдингтің Тәуекелдерді басқару саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу де алдын ала мақұлданды;
- «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» бұрынғы акционерлік қоғамы портфелінің негізгі тәуекелдері туралы ақпарат қарастырылды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жаңа еншілес ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары қарастырылды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасына «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жаңа еншілес ұйымдарындағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі туралы есепті Комитеттің 2022 жылғы алғашқы бетпе-бет отырысында Комитеттің қарауына ұсыну тапсырылды;
- Холдингтің 2021 жылға арналған бизнес-үдерістерінің, тәуекелдері мен бақылауларының матрицасы алдын ала қаралды және мақұлданды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021 жылға арналған тәуекел-тәбеті алдын ала қаралды және мақұлданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сатып алуды бақылау жөніндегі Орталықтандырылған қызметінің жұмыс жоспары алдын ала мақұлданды.

Корпоративтік басқару

- 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Тобындағы компаниялардың Директорлар кеңесінің қызметін 2018 жылдың қорытындысына сай бағалау нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы өзекті сипаттағы есеп қарастырылып, мәлімет ретінде қабылданды;
- Тәуелсіз ұйым – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өткізген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамын корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау нәтижелері алдын ала қарастырылды және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірленді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасына «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2021–2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі құрамының ерекшеліктерін ескере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің өзіндік бағалауына арналған үлгілік сауалнама нысанын әзірлеу жөніндегі іс-шараны енгізу тапсырылды.
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021–2022 жылдарға арналған корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары алдын ала бекітіліп, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынылды;
- 2021 жылғы 30 сәуірдегі жағдайы бойынша «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Корпоративтік хатшысының ұсынымдарын орындау барысы туралы есеп қарастырылып, мәлімет ретінде қабылданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ омбудсменінің есебі алдын ала қаралып, мақұлданды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ АҚ омбудсменінің 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша қызметі тиімді деп танылды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2020 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің/қағидаларының орындалуы/орындалмауы туралы есеп алдын ала қарастырылып, мақұлданды.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы және құрамы

Комитет мүшесі	Лауазымы	Отырыстар	%	Комитет құрамында болған кезең
Клаус Мангольд	тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің Төрағасы	6/6	100	01.01.2021–31.12.2021
Филип Йео	тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің мүшесі	6/6	100	01.01.2021–31.12.2021
Томас Милов	тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің мүшесі	6/6	100	01.01.2021–31.12.2021

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет келесі маңызды мәселелерді қарады:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің кадрлық, сыйақылар мен әлеуметтік сұрақтар жөніндегі комитеттері туралы ережеге енгізу ұсынылды;
- Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынымдар берілді;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының сандық құрамын анықтау, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелерін сайлау, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазым жалақы мөлшерін анықтау жөніндегі ұсынымдар берілді;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Төрағасы мен мүшелерінің лауазымды жалақылары сұлбасын халықаралық деңгейге сәйкес өзектілік сипат беру үшін Қазақстандағы «Хэй груп» ЖШҚ Филиалы әзірлеген мемлекет қатысатын қаржы институттарының салыстырмалы талдау нәтижелері қарастырылды;
- Холдингтің Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің 2021 жылға арналған нысаналы мәндері бар түзетілген карталары және Холдингтің Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің 2022 жылға арналған нысаналы мәндері бар негізгі көрсеткіштерінің карталары алдын ала қаралды және мақұлданды;

- 2020 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қызметі алдын ала қаралып, қанағаттанарлық деп танылды, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің 2020 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштері карталарының нақты нәтижелілігін бекіту және 2020 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдау ұсынылды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ омбудсменінің 2020 жылғы қызметі туралы есеп алдын ала қаралып, мақұлданды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ омбудсменінің 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша қызметі тиімді деп танылды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысының қызметін реттейтін кейбір ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу сұрағы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынымдар берілді;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының компаниялар тобында 2021 жылы өткізілген корпоративтік мәдениет диагностикасының нәтижелері туралы ақпарат қаралды және назарға алынды;
- 2020 жылы және 2021 жылдың 1-жартысында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компаниялар тобы бойынша кадрлардың тұрақтамауы жөніндегі талдамалық ақпарат қаралды және назарға алынды.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің қызметі кадр саясаты, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі саласындағы Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелерді тереңдете пысықтау және мониторингілеу, сондай-ақ Холдинг басқармасы мүшелері мен Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы Ди-

ректорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

2021 жылы Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті 5 күндігі және 1 сырттай отырыс өткізді, оның барысында 20 мәселе қаралды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің қызметі Холдингтің Директорлар кеңесіне Холдинг қызметінің басым бағыттарын және оның даму стратегиясын әзірлеу мәселелері бойынша, орта және ұзақ мерзімді перспективада Холдинг қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды

әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, ұсынымдар әзірлеуге және беруге бағытталған.

2021 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті 5 күндігі және 2 сырттай отырыс өткізді, оның барысында 22 мәселе қаралды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесі	Лауазымы	Отырыстары	%	Комитет құрамында болған кезең
Филип Йео	тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің Төрағасы	7/7	100	01.01.2021–31.12.2021
Томас Миров	тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі	7/7	100	01.01.2021–31.12.2021
Атамқұлов Бейбіт Бәкірұлы	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі	2/7 ¹	29	01.01.2021–27.05.2021
Әріпханов Айдар Абдразақұлы	Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі	7/7	100	01.01.2021–31.12.2021

Стратегиялық жоспарлау комитеті келесі маңызды мәселелерді қарады:

- «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қосу жолымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қайта ұйымдастыру, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ акцияларын орналастыру тәртібі, мерзімдері мен орналастыру (өткізу) бағалары туралы ұсынымдар берілді;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2020 жылғы Инвестициялық саясаты талаптарының орындалуы туралы ақпарат алдын ала қаралды және мақұлданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесіне Холдингтің 2014–2023 жылдарға арналған түзетілген Холдингті дамыту стратегиясының жобасын мақұлдау жөніндегі ұсынымдар берілді;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ инвестициялық қызметінің Қазақстан Республикасының экономикасына ықпалын бағалау құралдары бойынша ақпарат қарастырылды;
- «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қосу жөніндегі егжей-тегжейлі Жол картасының орындалу мәртебесі туралы ақпарат қарастырылды;
- 2020–2023 жж. бөлігінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2019–2023 жылдарға арналған даму жоспары,

2021 жылға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның түзетілген жылдық бюджеті алдын ала мақұлданды;

- экспорттық әлеуетті арттыру мақсатында шағын бизнес субъектілерінің орта бизнес санатына көшу келешегі бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ іс-шаралар жоспары қарастырылды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы 2020 жылғы қызметі туралы есебі назарға қабылданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2019 жылғы халықаралық серіктестігі туралы ақпарат назарға алынды;
- Қазақстан Республикасында өсіп келе жатқан инфляция тәуекелінің «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне болжамды әсері туралы талдамалық ақпарат мәлімет ретінде қабылданды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасына 2021 жылдың қараша айынан бастап тоқсан сайынғы негізде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебін қарастыру шеңберінде Комитеттің өсіп келе жатқан инфляция тәуекелі туралы талдамалық ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз ету тапсырылды.

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы – Холдингтің Директорлар кеңесінің не Басқармасының мүшесі болып табылмайтын, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі тағайындайтын және Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп беретін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкері.

Корпоративтік хатшының құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Холдингтің Жарғысымен, Холдингтің корпоративтік хатшысы туралы ережемен және Холдингтің өзге де ішкі құжаттарымен айқындалады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ережеге сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесінің

¹ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№ 03/21 хаттама) Комитет құрамында мынадай өзгерістер болды:

1) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Бейбіт Бәкірұлы Атамқұловтың «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мүшесі болып «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Ерғалиев Әсет Арманұлы өкілеттік мерзімі аяқталғанша сайланды.



ҚОЙШЫБАЕВ ҒАЛЫМЖАН ТЕЛЬМАНҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы

1968 жылы 12 сәуірде Қызылорда қ. дүниеге келген.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2012–2016 жылдары – Қазақстан Республикасының Финляндия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының Эстония Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы.
- 2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарды.
- 2019 жылғы 26 наурызда Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы болып тағайындалды.
- 2019 жылғы 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы болып тағайындалды.

шешімі бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысының міндеттері Холдингтің қызметкері болып табылмайтын және еңбек қатынастары қолданылмайтын және сыйақы төленбейтін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысына жүктелуі мүмкін. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы Холдингті басқаруға қатыспайды.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 03/19 шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысының міндетін атқарушы болып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің басшысы Ғалымжан Тельманұлы Қойшыбаев тағайындалды.

Корпоративтік хатшыға жүктелген функцияларды тиімді іске асыруды қамтамасыз ету Холдингтің корпоративтік хатшысы қызметінің негізгі міндеті болып табылады. Қызметті Корпоративтік хатшының орынбасары – Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы Майра Дүйсенбайқызы Тұрғанова басқарады. Корпоративтік хатшы қызметі Холдингтің құрылым-

дық бөлімшесі болып табылады және тікелей Корпоративтік хатшыға бағынады.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

- Холдингтің органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін іске асыруға және қорғауға кепілдік беретін корпоративтік басқару қағидалары мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының және Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес директорлар Кеңесінің шешімдерін дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- Холдингтің және оның комитеттерінің Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;
- Холдинг туралы қажетті ақпаратты сақтауды, ашуды және ұсынуды қамтамасыз ету;
- Холдинг органдары арасындағы нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Басқарма

Басқарма Холдингтің алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Холдингтің және оның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етеді және соңғысына және Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Жарғыда Холдингтің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Холдинг қызметінің кез келген мәселелері бойынша, оның ішінде заңнамада және Холдингтің Жарғысында оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарма Холдингтің Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша алдын ала шешімдер қабылдайды.

Басқарма Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдингтің Жарғысына және ішкі

құжаттарына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Холдингтің Басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі өлшемі Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен қойылған ҚНҚ қол жеткізу болып табылады. Басқарма мүшелерінің уәдемелік ҚНҚ бөлігінде ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма Төрағасы енгізеді.

Басқарма құрамы

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг басқармасына жеті адам енеді.



ӘРІПХАНОВ АЙДАР ӘБДІРАЗАҚҰЛЫ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

1974 жылы 28 қарашада дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын, «Болашақ» Президенттік бағдарламасы шеңберінде Колумбия университетін (АҚШ) «Экономикалық саясатты басқару» мамандығы бойынша аяқтады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2011 жылдан 2015 жылға дейін – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма Төрағасының міндетін уақытша атқарушы (2015 жылдың 31 наурызынан бастап).
- 2015 жылдан 2017 жылға дейін – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.
- 2017 жылғы қаңтардан бастап желтоқсанға дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- 2017 жылдың желтоқсанынан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы.



ИЗБАСТИН ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ

Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары

Жауапкершілік саласы: агроөнеркәсіптік кешенді қолдау және дамыту мәселелері.

1981 жылы 20 сәуірде дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: 2001 жылы Мәскеу қ. Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтын «Юриспруденция» мамандығы бойынша тәмамдады, 2023 жылы – Алматы қ. Орталық-Азия университетін «Әлемдік экономика» мамандығы бойынша, 2005 жылы – Мәскеу қ. Мәскеу мемлекеттік халықаралық институтында аспирантураны тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2007 жылғы сәуір айынан бастап 2008 жылғы сәуір айына дейін – «БРК-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 2008 жылдың сәуір айынан бастап 2012 жылғы мамыр айына дейін – «БРК-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы;
- 2012 жылғы мамыр айынан қараша айына дейін – «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредит сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы;
- 2013 жылдың қаңтар айынан бастап 2015 жылдың қыркүйек айына дейін – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры;
- 2015 жылғы 3 қыркүйектен бастап 2021 жылғы наурызға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2021 жылғы наурыз айынан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары.



ОМАРҚОЖАЕВ ӘНУАР САҒЫНӘЛИҰЛЫ

Басқарма Төрағасының Орынбасары

Жауапкершілік саласы: инновациялық жобаларды дамыту және ақпараттық технологияларды енгізу, құқықтық қамтамасыз ету, құрылыс мәселелері.

1973 жылы 31 қазанда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін «Инженер-механик» мамандығы бойынша, Бремендік институтын (Германия) «Өнеркәсіптік техника инженері» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2012 жылдан 2014 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы хатшылығының меңгерушісі.
- 2014 жылғы сәуірден бастап 2016 жылғы 3 қазанға дейін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары.
- 2016 жылғы 3 қазаннан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.



МҰХАМЕДЖАНОВ ӘДІЛ БЕКТАСУЛЫ

Басқарма Төрағасының
орынбасары

Жауапкершілік саласы: риск-менеджмент, стратегия және талдау, жобалық қаржыландыру сұрақтары.

1981 жылғы 4 тамызда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: 2002 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университетін «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша тәмамдады, 2003 жылы – Ноттингем университетін (Ұлыбритания) «Қаржы және менеджмент» мамандығы бойынша тәмамдады; 2018 жылы Chicago Booth университетінің бизнес-мектебінде «Іскерлік әкімшілендіру шебері» бағдарламасы бойынша Университеттің Бизнес мектебіндегі оқуын тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2003 жылдың қазан айынан бастап 2004 жылдың наурыз айына дейін – «ҚазТрансОйл» ЖАҚ жобаларды басқару департаментінің маманы.
- 2004 жылғы наурыз айынан бастап 2016 жылға дейін – қаржы менеджері, «Арал Петролиум Капитал» ЖАҚ вице-президенті.
- 2010 жылғы қыркүйек айынан бастап 2011 жылғы желтоқсан айына дейін – «Отан АЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2020 жылғы қыркүйек айынан бастап 2021 жылғы наурыз айына дейін – «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы.
- 2021 жылғы наурыз айынан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.



ХАМИТОВ ЕРСАЙЫН ЕРБОЛАТУЛЫ

Басқарушы директор – Басқарма
мүшесі

Жауапкершілік саласы: экономика, бухгалтерлік есеп және есептілік, қазынашылық мәселелері.

1983 жылы 5 қыркүйекте дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін «Экономист-қаржыгер» мамандығы бойынша, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін «Executive Master of Business Administration (EMBA)» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2013 жылдан 2014 жылға дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің директоры.
- 2014 жылдан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.
- 2016 жылғы ақпаннан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.



ЖАНКЕ ТИМУР АМАНТАЙҰЛЫ

Басқарушы директор – Басқарма
мүшесі

Жауапкершілік саласы: тәуекелдерді және тұрғын үй-құрылыс активтерін басқару мәселелері.


1977 жылы 30 желтоқсанда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша, Маастрихт Менеджмент Мектебі MSM (Нидерланды) «Бизнес-әкімшілендіру магистрі (MBA)» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2008 жылдан 2014 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз-Сервис Compass» ЖШС Бас директоры.
- 2014 жылдан 2019 жылдың сәуір айына дейін – Жамбыл облысы әкімінің орынбасары.
- 2019 жылдан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.
- 2019 жылғы мамырдан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.



ЖУАНЫШБАЕВА АЙГҮЛ КЕҒЕСБЕКҚЫЗЫ

Басқарушы директор – Басқарма
мүшесі

Жауапкершілік саласы: АӨК жобасы мониторингі мәселелері.

1985 жылғы 4 желтоқсанда дүниеге келген

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ гуманитарлық заң академиясын «Қаржы» мамандығы бойынша, Халықаралық бизнес университетін «Есепке алу және аудит магистрі» MBA бағдарламасы бойынша тәмамдады.

Соғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- 2008 жылдан бастап – «Қазаэросервис» АҚ жетекші маман позициясы.
- 2018 жылдан бастап 2019 жылға дейін – «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ.
- 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейін – «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.

2019 жылы Басқарма құрамындағы өзгерістер

2021 жылы Басқарма мүшесі – **Қарағойшин Рустам Тимурұлы** өкілеттігі тоқтатылды.

Басқарманың 2021 жылғы жұмыс қорытындысы

2021 жыл ішінде Холдинг басқармасы 70 отырыс өткізді, оның ішінде 43 бетпе-бет және 27 сырттай. Басқарма қараған ең маңызды мәселелер:

- «Ауыл шаруашылықты қаржылай қолдау қоры» АҚ мен «Аграрлық кредит корпорациясы» акционерлік қоғамын қосу жолымен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» мен «Аграрлық кредит корпорациясы» акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру туралы; сұрақты мақұлдау және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қосу жөніндегі егжей-тегжейлі Жол картасының орындалу мәртебесі туралы есепті қарастыру туралы» мәселені мақұлдау және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мақұлдауына шығару туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен бекітілген (№ 08/18 хаттама) «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Инвестициялық саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселені мақұлдау және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2014–2023 жылдарға арналған түзетілген Даму стратегиясының жобасын келісу туралы мәселені мақұлдау және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі 2021–2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» мәселені мақұлдау және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқармасы туралы Ережеге өзгерістер енгізу» туралы мәселені «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының бюджеттеу регламентін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі 2021–2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021–2023 жылдарға арналған Цифрландыру стратегиясын және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021–2023 жылдарға арналған Цифрландыру стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі 2021 жылғы іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2022 жылға арналған тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.

2021 жыл ішінде Холдинг
басқармасы

70

ОТЫРЫС
өткізді

Басқарма мүшелерінің 2020 жылғы отырыстарға қатысуы

Басқарма мүшесі	Отырыстарға қатысуы	%	Басқарма құрамында болу кезеңі
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	70/70	100	01.01.2021–31.12.2021
Избастин Қаныш Теміртайұлы	38/70	54	31.05.2021–31.12.2021
Омарқожаев Әнуар Сағынәлиұлы	64/70	91	01.01.2021–31.12.2021
Мұхамеджанов Әділ Бектасұлы	37/70	53	31.05.2021–31.12.2021
Қарағойшин Рустам Тимурұлы	24/70	34	01.01.2021–05.05.2021
Хамитов Ерсайын Ерболатұлы	69/70	99	01.01.2021–31.12.2021
Жанке Тимур Амантайұлы	61/70	87	01.01.2021–31.12.2021
Жуанышбаева Айгүл Кеңесбекқызы	40/70	57	31.05.2021–31.12.2021

ХОЛДИНГ БАСҚАРМАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін Холдинг Басқармасының жанынан консультативтік-кеңесші органдар – комитеттер жұмыс істейді.

Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті Холдинг Басқармасының жанындағы Холдингтің тобы бойынша бизнес-жоспарлау және бюджеттеу процесін үйлестіретін тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2021 жылы Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті 34 отырыс өткізді. Комитет бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын қарады және бюджет қаражатын қайта бөлу бойынша ұсыныстар шығарды; даму жоспарының жобалары / Холдингтің/ЕҰ жылдық бюджеті және оларды түзету алдын ала қаралды, басқармаға ұсынымдар берілді.

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеті Холдинг Басқармасының жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комитет қызметінің мақсаты активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, тәуекелдерді (қаржылық, операциялық, стратегиялық, құқықтық) оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Холдингтің және ЕҰ активтері мен міндеттемелерін басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

2021 жылы Активтер мен пассивтерді басқару комитеті 40 отырыс өткізді. Комитет Холдинг Тобы компанияларының қаржылық тәуекелдерін басқару, Холдинг Тобы контрагенттерінің қаржылық талдауы, шоғырландырылған басқарушылық есептілік мәселелерін қарады; активтер мен міндеттемелерді

басқару кезінде тиімділікті арттыру бөлігінде еншілес ұйымдарға ұсыныстар берді.

Стратегия және корпоративтік даму комитеті Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының стратегиясы және корпоративтік даму мәселелері бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу, Даму стратегиясын іске асырудың тиімділігін арттыру, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, талдамалық қолдау және Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметінде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін құрылған алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2021 жылы Стратегия және корпоративтік даму комитеті 25 отырыс өткізді. Комитет Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің 2021 жылғы 1-4-тоқсанға және 2022 жылғы 1-4-тоқсанға арналған жоспарлы ҚНҚ, еншілес ұйым Басқарма мүшелерінің ҚНҚ орындауы туралы есептерді, еншілес ұйымдар Басқарма мүшелерінің ҚНҚ 2021 жылға арналған карталарының түзетулерін, еншілес ұйымдар Басқарма мүшелерінің 2022 жылға арналған ҚНҚ жоспарлы карталарын, Холдингтің еншілес ұйымдарының даму стратегияларын іске асыру туралы есептерді, Холдингтің 2020 жылға арналған тұрақты дамуы туралы есепті, Холдингтің 2022 жылға арналған тұрақты дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспарын, басқа да мәселелерін қарады.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу жүйесі

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысында белгіленген тәртіпте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес тәуелсіз директорларға – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы төленуі және (немесе) олардың Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.

Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу, шығыстарды өтеу және сыйлықақы беру тәртібі, мөлшері мен шарттары Холдингтің Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің Төрағасы тәуелсіз директорлармен Холдингтің Директорлар кеңесі туралы ережесінің қосымшасында көзделген редакцияда Холдингтің атынан шарт жасасады, онда тәуелсіз директорларға сыйақылар мен өтемақыларды төлеудің мөлшері мен шарттары жазылған. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің барлық өткізілген тікелей және сырттай отырыстарының жартысына немесе кеміне қатысқан жағдайда, науқастану немесе негізгі жұмыс орны

Ішкі аудит қызметі

Қызметкерлері Жаһандық ішкі аудиторлар институтының жұмыс істеп тұрған мүшелері болып табылатын Холдингтің Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) миссиясы тәуекел-бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және білім алмасу арқылы ұйымның құнын сақтау және арттыру болып табылады. ІАҚ ішкі аудитінің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында Холдингтің органы болып табылады, ол Директорлар кеңесіне, оның жанындағы Аудит жөніндегі комитетке тікелей бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

бойынша демалыста болу себебі бойынша тәуелсіз директор болмаған жағдайларды қоспағанда, сыйақы азайтылады.

2021 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы тек тәуелсіз директорларға – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне ғана төленді.

Холдингтің Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру ережесімен регламенттелген. Басқарма мүшелеріне Директорлар кеңесінің шешімі бойынша лауазымдық жалақы белгіленеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысына сәйкес Басқарма мүшелеріне сыйақы Директорлар кеңесі бекітетін стратегиялық ҚНҚ-ға қол жеткізуге және олардың қызметін бағалау нәтижелеріне, сондай-ақ аудит жүргізілген қаржылық есептілік негізінде компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін таза шоғырландырылған пайданың болуына байланысты есепті жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте осы сыйақының жалпы жылдық көлемі 6 (алты) лауазымдық жалақыдан аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Холдингтің Жарғысы мен корпоративтік басқару кодексінің нормаларына, ІАҚ туралы ережеге және ІАҚ холдингінде ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру кезінде ішкі аудиттің жаһандық институты ұсынған ішкі аудиттің кәсіптік практикасының (бұдан әрі – ІАҚӘОБ) халықаралық негіздерін басшылыққа алады.

ІАҚ ҚҰРАМЫ

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 19 қыркүйектегі шешімімен ІАҚ өкілеттіктерінің мерзімі 2019 жылғы 1 қарашадан бастап 2023 жылғы 31 қаңтарға дейін (осы күнді қоса алғанда) белгіленді.

ІАҚ қазіргі құрамы:

- ІАҚ басшысы – Науанова Д.А., MBA for the Global Energy Industry (Warwick Business School, UK), сертификатталған ішкі аудитор (CIA), тәуекел-менеджментін бағалау жөніндегі сертификатталған маман (CRMA), жалпы еңбек өтілі 28 жыл.

2021 жылғы жұмыс нәтижелері

Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес ІАҚ 2021 жылы Холдингтің әкімшілік шығындарының жекелеген түрлері лимиттерінің сақталуына, атқарушы орган қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндерін растауға, сатып алуды ұйымдастыру процестеріне, тұрғын үй-құрылыс активтерін басқару процестеріне қатысты аудитті және «Бизнестің жол картасы» бизнесті қолдау мен дамыту бағдарламаларының жүзеге асырылуына (мемлекеттік) қамтамасыз ету, өнімді жұмыспен қамтуды және «Еңбек» 2017–2021 жылдарға арналған жаппай кәсіпкерлікті дамыту процестерінің және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы мен 2020–2025 жылдарға арналған Индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламаларының аудиттерін өткізді.

Сонымен қатар 2021 жылы ІАҚ ақпараттық технологиялар (АТ) мен ақпараттық қауіпсіздік (АҚ) жүйелерінің бағалауын және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізді.

2022 жылға арналған жоспарлар

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 25 қарашадағы шешімімен бекітілген ІАҚ-ның 2022 жылға арналған аудиторлық жоспарында Холдингтің әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің жыл сайынғы лимиттерін, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ атқарушы орган қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндерінің шынайылығын тексеру; адам ресурста-

- Ішкі аудитор – Бурабаева А.С., О.А Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша аяқтаған, Қазақстан Республикасының аудиторы, Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтері, Big 4-тегі жұмыс тәжірибесін қоса алғанда, 18 жыл еңбек өтілі.
- Ішкі аудитор – Малдыбекова Д.Д., MSc in Logistics and Supply Chain Management (Heriot-Watt University, UK), сертификатталған ішкі аудитор (CIA), АТ корпоративтік басқару саласындағы сертификат (COBIT), жалпы еңбек өтілі 12 жыл.

Бағалау нәтижелері бойынша басқару жүйесінің АТ-стандарттарына және COBIT (Ақпараттық және аралас технологиялар үшін басқару міндеттері) АТ-инфрақұрылымының сәйкестік деңгейі қауіпсіздікті ұйымдастыру, басқару және қамтамасыз ету саласындағы АТ-стандарттары мен ұстанымдарына сәйкестік деңгейі 74% құрады, АҚ жүйесінің ISO/IEC 27001 ақпараттық қауіпсіздік менеджменті стандартының талаптарына сәйкестігі – 86%, Холдингтің корпоративтік басқару жүйесінің тиімділік деңгейі 89,3% құрады.

2021 жылы орындалған аудиторлық тапсырмалардың қорытындысы бойынша тәуекелдерді барынша азайту, бизнес процестер дизайнін жетілдіруге, ішкі бақылау тиімділігін арттыруға, Холдингтің корпоративтік басқаруын дамытуға бағытталған жалпы алғанда 90 ұсыным берілді, оның ішінде 89 Холдинг Басқармасы орындауға қабылдады.

ІАҚ ұсынымдары бойынша түзетуші іс-әрекеттерінің бекітілген жоспарын дер кезінде орындаудың орташа деңгейі 2021 жылғы есептік кезеңдерде 97% құрайды.

рын басқару процестерінің ауыл шаруашылық активтерін басқару, қазынашылық жүйені басқару, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік қаржы жүйесінің компоненттері аудиттері қарастырылған.

Сонымен қатар 2022 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму жоспарын жүзеге асыру мен мониторингінің аудиті

өткізілді¹, сонымен қатар Холдингтің еншілес ұйымдарын дамыту жоспарын жүзеге асыру бақылауы мен мониторинг жүргізілді, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобы субъектілерінің инвестициялау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру мен инвестициялық саясатты жүзеге асыру аудиті өткізілді.

Корпоративтік этика және мүдде дауларын реттеу

Холдингтегі корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылын үйлестіру мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекітті. Саясат дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Холдинг органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-қимылын регламенттейді.

Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері басшылыққа алатын Корпоративтік әдеп қағидаттары мен нормалары Холдингтің Директорлар Кеңесі бекіткен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік әдеп кодексінде бекітілген.

ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

Холдингтің Іскерлік әдеп кодексі ережелерінің сақталмауы туралы мәліметтер жинауды, оны бұзу жөніндегі дауларды қарауға бастамашылық етуді, сондай-ақ дауларды реттеуге қатысуды Холдингтің Омбудсмені жүзеге асырады.

Іскерлік этика Кодексінің ережелерін бұзу жағдайлары туындаған кезде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері Омбудсменге жазбаша да, ауызша да нысанда жүгінуге құқылы. Омбудсмен, өз кезегінде, қызметкерлердің, лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ іскерлік этика кодексінің ережелерін сақтамау мәселелері бойынша іскер серіктестер мен мүдделі тұлғалардың өтініштерін есепке алады. Холдинг қызметкерлері өтініш білдірген жағдайда Омбудсмен бес жұмыс күні ішінде Іскерлік этика кодексінің ережелерінің түсіндірмесін беруге, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексінің бұзушылық факті бойынша қызметкердің, лауазымды тұлғаның құпиялығын қамтамасыз етуге міндетті.

IAKTXH стандартының талаптарына сәйкес 2022 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметінің кезекті сыртқы бағалауын өткізу жоспарланған.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 қазандағы № 10/19 шешімімен Холдингтің Іскерлік этика кодексіне меритократия қағидаттарын сақтауға, қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, корпоративтік дауларды реттеудегі Омбудсмен институтын нығайтуға бағытталған өзгерістер енгізілді. Холдингтің Іскерлік этика кодексіне енгізілген негіз қалаушы құндылықтар жауапкершілік, кәсіпқойлық, командалық, адалдық және әлеуметтік жауапкершілік болып табылады.

Іскерлік этика кодексін сақтау атқаратын лауазымына қарамастан Холдингтің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

Холдинг қызметкерлері жыл сайынғы негізде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексінің нормаларын білуге арналған тестілеуді сәтті тапсырады.

Корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысы бөлігінде Омбудсмен Холдингтің корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын шешуге жауапты тұлғалармен өз іс-қимылын үйлестіреді.

Холдингтің корпоративтік басқару Кодексінің ережелеріне сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің 2020 жылғы қызметі туралы есепті Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет пен Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті қарастырып, мақұлдады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 19 шілдедегі шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсмені ретінде Тұрғанова Майра Дүйсенбайқызының өкілеттігі 2021 жылғы 25 шілдеден бастап 2 (екі) жылға ұзартылды.

ЕҰ Директорлар кеңесінің шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының омбудсмені ретінде М.Д. Тұрғанова тағайындалды.

Омбудсмен қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру және құжаттамалық қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу және өзектілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Холдингтің Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2020 жылғы 22 маусымдағы № 06/20 шешімімен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдинг» акционерлік қоғамының омбудсмені туралы ереже бекітілді.

Омбудсмен туралы ережеде холдингтің ұйымдық құрылымы мен корпоративтік басқару жүйесіндегі Холдинг омбудсменінің құқықтық мәртебесі, өкілеттікті тағайындау және тоқтату тәртібі, омбудсмен рөлі, міндеттері мен функциялары, құқықтары мен міндеттері, жауапкершілігі және қызметінің өзге де мәселелері толық регламенттелген.

2021 жылы Омбудсменге еңбек қызметіндегі адам факторларының рөлін бөлуге, жекелеген қызметкерлердің корпоративтік мәдениетті сақтамауына және тұтастай алғанда, командалық рухтың болмауына байланысты әлеуметтік-еңбек сипатындағы өтініштер келіп түсті.

Медиатор ретінде Омбудсмен Холдинг қызметкерлерімен еңбек заңнамасының нормаларын, корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын орнату және дамыту қажеттілігін түсіндіру бойынша ауызша консультациялар өткізді.

2021 жылы Қазақстанда COVID-19 таралуына байланысты Холдинг және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлерімен қызметкерлердің қашықтықтан жұмыс форматына көшуін көздейтін еңбек шарттарына қосымша келісімдерге қол қойылды, бұл «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобында көрсетілген инфекцияның таралуын барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, лауазымды тұлғалармен және қызметкерлермен Холдингпен жасалатын еңбек шарттарына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және оның еншілес ұйымдарымен өзара қарым-қатынастарда корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтау туралы міндеттемелер енгізілген.

Таңдап алынған Омбудсменнің қызметі туралы Холдингтің барлық жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларына электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы кеңінен хабарлау үшін Омбудсменнің қызметі туралы, қызметкерлердің кері байланысты көрсете отырып, Холдингтің омбудсменіне жүгінуге құқығы/мүмкіндігі туралы толық ақпарат жолданды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дағы корпоративтік идеология және мәдениет деңгейін арттыру мақсатында Омбудсмен менеджментке қатысты кейбір ұсынымдарды берді.

Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іскерлік этиканы, Омбудсменнің рөлі мен болжамды бұзушылықтар туралы ақпараттандыру жүйесінің қолжетімділігін түсуіне бағытталған оқыту және түсіндірме жұмысын ұйымдастыру мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының Омбудсмені М.Д. Тұрғанова «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ адам ресурстарын басқару департаменті басшыларының қатысуымен кездесу өткізді.

Сонымен қатар, Холдинг Тобының қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының ыңғайлылығы үшін оларға байланыс арналары берілді, олардың көмегімен жүгінетін қызметкердің/еңбек дауына қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетілген хабарламалар Омбудсменге құпиялылықты қамтамасыз ететін тәсілдердің кез келгені бойынша берілуі мүмкін:

1. электрондық мекенжайға: Ombudsman@baiterek.gov.kz;
2. 8 7172 270402 телефон нөміріне.

Омбудсменге өтініш беру механизмі және ол туралы мәліметтер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік интернет-сайтында орналастырылған.

¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл



2017 жылдан бастап Холдингте Басқарма Төрағасына есеп беретін Комплаенс-қызмет жұмыс істейді, ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуді басқару жүйесінің жұмысына жауапты.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласындағы барлық заманауи нормативтік талаптарды ұстанады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты, Іскерлік этика кодексі, Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алу жөніндегі қағидалар, басқа да нормативтік құжаттар бекітіліп, әрекет етеді.

Холдинг Басқармасының шешімімен Холдингтің 2021 жылға арналған Комплаенс-бағдарламасы бекітіліп, оның шеңберінде «Холдингте сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы әрекет ету» бөлімі қарастырылған. Комплаенс-бағдарламаны орындау шеңберінде 2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі кең ауқымды жұмыс өткізілді.

Осылайша, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрақты негізде ақпараттың кең шоғырын пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізеді: бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары, тексеру органдардың және Холдингтің Ішкі аудит қызметінің есептері, жеке және заңды тұлғалардың үндеулері, әлеуметтік сұрақ-жауап нәтижелері.

2021 жылы ықтимал сыбайлас жемқорлық айлаларына жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы өткізілді. Талдау аясында Холдингтің ішкі құжаттарындағы бірқатар дискрециялық өкілеттіктер анықталып, жойылды, адам ресурстарын басқару саласындағы бизнес-процестерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдар енгізілді. Бұндай жұмыс нысаны Холдингке өз бетімен болжамды тәуекелдер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы заңнамадағы бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да кейіннен шара қолдану мақсатында сыбайлас жемқорлықтың болжамды фактілері бойынша қызметтік тергеу өткізу, сонымен қатар материалдарды құқық қорғау органдарына жолдау қарастырылған.

Мүдде дауын анықтау, реттеу және оның алдын алу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін Холдингте тұрақты негізде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ үлестес тұлғалары мен оның лауазымды тұлғаларының тізілімі жүргізіледі, ол жақын туыстардың бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігін төмендетеді, сонымен қатар сатып алу саласындағы мүдде дауы тәуекелін азайтады.

Холдингте сондай-ақ контрагенттерді сенімсіздігіне қатысты тексеру институты жұмыс істейді, оның шеңберінде 2021 жылы Холдингтің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу өтінішін берген 249 контрагент, сонымен қатар демеушілік көмек алуға өтініш берген 4 контрагент тексерілді. Бұл тетік әдепсіз әрі адал емес контрагенттермен өзара әрекеттесу мүмкіндігіне жол бермеуге жәрдемдеседі.

Холдинг Тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының ақпараттануы мен ақпараттану деңгейін арттыруға ерекше назар аударылады. Холдингтің еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес барлық жаңа қабылданған қызметкерлер міндетті түрде Холдингтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатымен танысады.

Бұдан басқа, әкімшілік лауазымдарды атқаруға тиісті кандидаттар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» заңын білу тестінен өтуге міндетті. 2021 жылы барлық кандидаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы білуі деңгейіне қатысты тестілеуден өтті. Көрсетілген талап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да елде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету шараларын білетін кандидаттарды қабылдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» заңына өзгерістердің енгізілуімен байланысты Холдингте басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын адамдар уәкілетті мемлекеттік органдарға активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынды.

Холдингте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі қабылданған шаралар Холдинг қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасау тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік берді, бұны «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның қызметкерлерін осы құқық бұзушылықты жасағаны үшін 2021 жылы жауапкершілікке тарту фактілерінің жоқтығы растайды.

Холдинг басқармасына тәуелсіз және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі объек-

Жедел желі

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-дағы заңнама нормаларының болжамды бұзушылықтары туралы жедел ақпарат алу мақсатында кері байланыс арналары орнатылған және жұмыс істейді (жедел желі, электронды және пошталық байланыс арналары), ол жаққа жеке және заңды тұлғалар өтініш білдіре алады және Холдингте орын алуы мүмкін немесе орын алған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлай алады.

2021 жылы Холдингтің Комплаенс қызметіне жеке және заңды тұлғалардан 13 өтініш келіп түсті, сонымен қатар «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ бойынша 4 өтініш, «ҚазАгроҚаржы» АҚ қызметінің мәселелері бойынша 4 өтініш, «Аграрлық кредит

Сыртқы аудитор

ҚР заңнамасына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау, оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

2019–2021 жылдар кезеңінде Холдингтің сыртқы аудитору «КПМГ Аудит» ЖШС болып табылады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да сыртқы аудитті ұйымдастыру саясаты аудиторды алмастыруды білдірмейді. Саясатқа сәйкес, сондай-ақ халықаралық практика негізінде сыртқы аудитор әрбір бес жыл сайын жоба бойынша серіктесті алмастыру (аудит үшін негізгі жауапкершілікті атқаратын) принципін ұстануға тиіс.

тивті органды құру мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Холдингте Директорлар кеңесіне есеп беретін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылады. Бұл іс-шара сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

2021 жылы Холдингте сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері анықталған жоқ.

2021 жылы Холдинг пен еншілес ұйымдар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны анықтау жөніндегі бақылауды күшейтуге, сондай-ақ Холдингте оларды қатты қабылдамау ахуалын қалыптастыруға бағытталған жұмысты жалғастыратын болады.

корпорациясы» АҚ қызметі бойынша 2 өтініш, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ бойынша 1 өтініш, «Baiterek Venture Fund» АҚ бойынша 1 өтініш және «BV Management» ЖШС бойынша 1 өтініш келіп түсті.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жедел желі ұйымда алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің анағұрлым тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Сондықтан «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болашақта ақпараттандырушылармен өзара әрекеттесудің қолжетімді құралдарын әрі қарай да қолдануды жоспарлап отыр.

Аудиторлық қызметтерді ұсыну бойынша шарттық талаптарына сәйкес 2021 жылға аудиторлық қызметтердің құны ҚҚС-мен 48 720 мың теңгені құрады.

Сыртқы аудитордан аудиторлық емес қызметтерді алған жағдайда Холдинг барлық қызметтерді сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер даулары (сыртқы аудитордың мүдделілігі қаржылық есептіліктің дұрыстығы туралы оның пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай) туындау (тәуекел) мүмкіндігіне қарайды. 2021 жыл ішінде «КПМГ Аудит» ЖШС аудиторлық ұйымы қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес кеңес беру қызметтерін көрсеткен жоқ.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері

Тәуекел – менеджмент басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі және корпоративтік басқарудың дамыған жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдингтің тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оның ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі қағидаттарымен, бизнес-процестермен интеграциялануы және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне тартылуы болып табылады.

Холдингте Тәуекелдерді басқару саясаты жұмыс істейді, онда тұтастық, ашықтық, құрылымдылық, хабардар болу, үздіксіздік, циклдық сияқты тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттары бекітілген.

Тәуекелдерді басқару процесінің мақсаты-мүмкіндіктерді барынша пайдалану мен шығындарды болдырмау арасындағы теңгерімге қол жеткізу.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуекелдерді басқару Холдингтің мынадай органдары мен бөлімшелерін тарта отырып, бірнеше деңгейде жүзеге асырылады: Директорлар кеңесі, Басқарма, тәуекелдерді басқаруды үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімше және өзге де құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін қадағалауды жүзеге асыруда негізгі рөл атқарады. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары Холдингтің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын қою, Холдингте тәуекелдерді басқаруды регламенттейтін негізгі құжаттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау болып табылады. Холдингтің Директорлар кеңесінің жанынан Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін, тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бөлігінде ұсыныстар беру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Аудит жөніндегі комитет құрылды.

Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттарды орындауды және қадағалауды қамтамасыз ету үшін

тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты. Басқарма жанынан тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында Активтер мен пассивтерді басқару комитеті жұмыс істейді, оның негізгі функциялары активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының активтері мен міндеттемелерін басқарудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуіне және оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған маңызды құрамдас бөлігі **ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі** болып табылады. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Холдингтің тәуекелдерге тез ден қоюға, Холдингтің негізгі және қосалқы бизнес-процестеріне және күнделікті операцияларына бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы тиісті деңгейдегі ішкі бақылау жүйесіне қатысушыларды дереу хабардар етуді жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруын көздейді. Ішкі бақылау жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін ішкі бақылау шеңберінде тартуды және тұрақты өзара іс-қимылды талап етеді.

Холдингтің тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі қызметтің барлық деңгейлері мен бағыттарын, бизнес-процестерді, есептілік/ақпарат түрлерін және операцияларды қамтиды. Бұл жүйе жалпыға белгілі қағидаттарды, ережелерді және үздік тәжірибелерді ескере отырып ұйымдастырылған және төмендегі модельдерге ұсынылған.

Бақылау рәсімдері Холдинг мақсаттарының, міндеттері мен жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау, сондай-ақ Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан тәуекелдерді және ықтимал заңсыз іс-әрекеттердің алдын алу, шектеу және болдырмау



жөніндегі іс-шаралар мен іс-қимылдардың құжатпен тіркелген жүйесі болып табылады. Бақылау рәсімдері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және Холдингтің органдары, құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері ұстануы тиіс.

Холдингте тәуекелдерді басқару компоненттерден тұратын тұрақты, қарқынды және үздіксіз процесс болып табылады: сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторинг.

Есептік жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуекелдерді басқару бойынша мынадай жұмыс жүргізілді:

- Холдингтегі барлық бизнес-процестерге кешенді талдау жүзеге асырылды, ол тәуекелдерді анықтау процесінің алдында жүргізіледі. Холдингтегі бизнес-процестерді айқындау екі негізгі тәсілге негізделеді: бизнес-процесті сипаттау және регламенттеу. Осы тәсілдерді кезең-кезеңімен пайдалану қандай да бір бизнес-процестің мәнін кешенді анықтауға, сондай-ақ кейіннен оның үздіксіз мониторингін қамтамасыз етуге бағытталған.
- Холдингтің негізгі бизнес-процестерін талдаудан тұратын және олардың тәуекелдерге ұшырауын бағалауға және осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін қалыптастыруға бағытталған ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің құралы болып табылатын бизнес-про-

цестердің, тәуекелдер мен бақылаулардың 2022 жылға арналған матрицасы бекітілді.

- Холдинг пен оның басшылары бизнесті дамыту стратегиясы шеңберінде қабылдауға дайын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді негізде нәтижелерде өзгерістер мүмкіндігін білдіретін түрлі компоненттер мен метриктер бойынша тәуекел-тәбеті бекітілді.
- Тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспарын, тәуекелдің негізгі индикаторларын, бизнес-процестер матрицасын, тәуекелдер мен бақылауды қалыптастыру процесстері автоматтандырылды.
- Тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды оңтайландыру мен өзектілік деңгейін арттыру жүргізілді.

2021 жылы Директорлар кеңесі мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы тоқсан сайынғы негізде Холдинг Тобының негізгі тәуекелдерін сипаттай отырып, тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қарады, тәуекелдердің негізгі индикаторларына, тәуекелдер тіркелімі мен карталарына мониторинг және өзектілігін арттыру, сондай-ақ сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, 2021 жылы COVID-19 пандемиясына және мұнай бағасының төмендеуіне байланысты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ай сайын гипотетикалық сценарийлер бойынша талдау мен стресс-тестілеуді жүзеге асырды және Холдингтің тәуелсіз директорларына сыртқы конъюнктураның Холдинг тобының қаржылық және тәуекел-көрсеткіштеріне ықтимал теріс әсері бөлігіндегі өзекті жағдай туралы хабарлады.

2022 жылға жоспарлар

Одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өз алдына 2022 жылы және орта мерзімді перспективада мынадай міндеттер қояды:

- Холдинг тобындағы тәуекел-мәдениетті жетілдіру және оны корпоративтік басқару жүйесіне одан әрі интеграциялау;
- «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ-мен және «ҚазАгроҚаржы» АҚ жаңа еншілес ұйымдарымен

2021 жылы тәуекелге бағдарланған мәдениетті дамыту мақсатында Холдинг қызметкерлері үшін Холдингке тән тәуекелдерді және оның түрлерін тиімді сәйкестендіру, COSO стандарттарына сәйкес тәуекел-менеджменттің құрамдауыштары мен қағидаларын түсіну мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

бірігу және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша процестерді біріздендіру;

- Холдинг тобының еншілес ұйымдарымен тәуекелдер бойынша басқарушылық есеп жүйесін автоматтандыру;
- Тәуекелдерді басқару жүйесі құралдарының әрі қарай өзектілігін арттыру.

Холдингтің негізгі тәуекелдері



Холдинг негізгі тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру процесінде сыртқы консультантты тарта отырып әзірленген тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің моделі шеңберінде бірыңғай стандартты ұстанады. Модель тәуекелдің негізгі түрлерін (өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, операциялық тәуекел, бизнес-тәуекел және жылжымайтын мүлік тәуекелі) бағалауды, сондай-ақ оларды агрегаттауды және қалыпты және стресстік жағдайларда есептелген

тәуекелдердің агрегатталған мөлшерін жабу үшін қолжетімді қаржы ресурстарының жеткіліктілігін бағалауды қамтиды. Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің әдіснамасы холдинг қызметінің миссиясына және стратегиялық түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізуге тән стратегиялық тәуекелдерді сәйкестендіруді көздейді және қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған.

Холдинг тобының негізгі тәуекелдері холдинг тобындағы барлық бизнес-процестерге тән тәуекелдерге сауалнама жүргізу процесінде анықталады және маңыздылық дәрежесін ескере отырып, тәуекелдер картасында графикалық түрде көрсетіледі. Негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар тәуекелдер тіркеліміне сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспа-

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Холдинг тобы контрагентінің қаржы құралы бойынша өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі кредиттік тәуекел болып табылады және Холдинг тобы үшін ықтималдық пен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне ықпал етудің жоғары дәрежесімен неғұрлым елеулі болып есептеледі. Маңыздылықтың жоғары дәрежесін ескере отырып, бұл тәуекел 2021 жыл ішінде Холдингтің тәуекелдер картасына сәйкес тәуекелдердің қызыл аймағында орналасқан.

Кредиттік тәуекелді басқару жүйесінің мақсаты оның алдын алу, қарыз алушының өзінің қаржылық міндеттемелерін орындамауы салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығын азайту болып табылады.

Кредиттік тәуекелдерге бейімділікті басқару құралдары жеке қаржылық актив және/немесе қаржылық активтер портфелі шеңберінде қарастырылады және екі санатқа бөлінеді:

- 1) кредиттік тәуекелдердің туындау себептерінің алдын алуға арналған құралдар;
- 2) кредиттік тәуекелдердің туындау зардаптарын басқару құралдары.

Жеке қаржылық актив шеңберінде кредит тәуекелінің туындау себептерінің алдын алуға арналған құралдар қарыз алушының кредит қабілетін бағалау мен мониторингін қамтиды.

ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды, бұл өз кезегінде өзінің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру үшін қолайлы баға бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жеткілікті өтімді қаражатымен қамтамасыз етілуіне әсер етеді.

Холдинг өтімділікті басқаруды оларды өтеу мерзімінің басталуына қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының

рына сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырылады. Тәуекелдер картасы, тәуекелдер тіркелімі, түйінді тәуекелдер жөніндегі іс-шаралар жоспары және іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп тоқсан сайын Холдингтің директорлар кеңесімен қаралады және бекітіледі.

Қаржы активтері портфелінің кредит тәуекелінің туындау себептерінің алдын алуға арналған құралдар болып қаржылық активтер портфелін сандық жағынан бағалау, кредиттік және инвестициялық шешімдерді қабылдау процесін жақсарту табылады. Кредиттік шешімдерді қабылдау процесін жақсарту мыналарды қамтиды:

- 1) ұйымдастыру құрылымын жетілдіру;
- 2) кредит беру және әртүрлі қаржы құралдарына инвестициялау процесін бақылау;
- 3) қолданылатын ақпараттық технологияларды жетілдіру.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары кредиттік тәуекелге ерекше назар аударады. Кредиттік тәуекел деңгейін айқындау және тәуекелді барынша азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру контрагенттің кредиттік қабілеттілігін айқындаудың және бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына ең жоғары лимиттерді белгілеудің әртүрлі құралдарын пайдалана отырып, тұрақты негізде жүзеге асырылады. Лимиттерді белгілеу кезінде Холдинг халықаралық рейтингтік агенттіктер берген контрагенттердің ең төменгі кредиттік рейтингтерін пайдаланады, сондай-ақ қолжетімді қаржылық есептілік және дербес жүргізілген талдау нәтижелері негізінде қаржылық жай-күйіне бағалау жүргізеді. Тәуекелдің осы түрінің мониторингі мен бақылауын шоғырландырылған негізде Холдингтің уәкілетті органы жүзеге асырады.

тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Өтімділікті басқару жөніндегі Холдингтің рәсімдері мыналардан тұрады:

- ақша ағындарын болжау және өтімді активтердің қажетті деңгейін есептеу;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз құралдарының шоғырлануы мен құрылымын басқару;

- қарыздық қаржыландыру бойынша жоспарлар әзірлеу;
- кассалық өтімділік үзілген жағдайда қорғау шарасы ретінде еркін іске асыруға болатын өтімділігі жоғары активтер портфеліне қызмет көрсету;

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Холдинг нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістер тәуекеліне ұшыраған валюталық, пайыздық және өзге де қаржы құралдары бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырайды.

Нарықтық тәуекелдерге ұшырауды басқару жүйелерінің мақсаты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өзіне қабылдайтын жиынтық тәуекелді өзінің стратегиялық міндеттеріне сәйкес деңгейде ұстау болып табылады. Күтпеген қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықты барынша азайту негізінде Холдингтің активтері мен капиталының барынша сақталуын қамтамасыз ету басым болып табылады.

Нарықтық тәуекелдерді басқару процесі келесі дәйекті кезеңдерді орындауды қамтиды:

- басқаруды жоспарлау – нарықтық тәуекелдерге ұшырауды тиімді басқаруды жүзеге асыру үшін релевантты тәсілдерді анықтау;

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Холдинг адекватты емес немесе қате ішкі процестердің, жүйелердің жұмыс істеуінің, қызметкерлердің іс-қимылдарының нәтижесінде шығындарға, сондай-ақ сыртқы оқиғаларды іске асыру себебі бойынша туындайтын шығындарға әкелетін операциялық тәуекелге ұшырайды.

Операциялық тәуекелді басқарудың мақсаты операциялық шығындарды азайту, шығыстарды ұтымды ету, сондай-ақ уақытты азайту және бақылаудан тыс болған оқиғаларға ден қоюдың барабарлығын арттыру жолымен Холдингтің операциялық тиімділігін оңтайландыру болып табылады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ операциялық тәуекелді мынадай құралдар арқылы басқарады:

- әрбір оқиға бойынша операциялық тәуекелдерді басқару бойынша ұсынымдар әзірлейтін жауапты құрылымдық бөлімшені тарта отырып, операциялық тәуекелдер оқиғаларының журналын толтыру арқылы операциялық тәуекелдер санатына жататын оқиғаларды жіктеу;

- өтімділікті және қаржыландырудың берілген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;
- Холдинг Тобы өтімділігінің баланстық көрсеткіштерінің белгіленген нормативтер мен лимиттерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

- сәйкестендіру – Холдингтің қаржылық нәтижесіне теріс әсер ете алатын нарықтық тәуекелдерге бейімділік түрлерін анықтау және құжаттау;
- сапалы бағалау – нарықтық тәуекелдерді сапалы талдау, олардың Холдингтің қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында пайда болу себептерін анықтау;
- сандық бағалау – нарықтық тәуекелдерді іске асыру салдарларының пайда болу ықтималдығы мен әсерін сандық талдау;
- әрекеттерді жоспарлау – нарықтық тәуекелдерді іске асырудың теріс салдарларын әлсірету бойынша рәсімдер мен әдістерді анықтау;
- ұшырағыштықты мониторингілеу және бақылау – нарықтық тәуекелдердің мониторингі және оларды уақтылы басқару бойынша рәсімдерді орындау; нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықты барынша азайту бойынша қабылданған іс-әрекеттердің тиімділігін бағалау.

- операциялық тәуекелдерді іске асыруға байланысты нақты шығындарды салыстыра отырып, операциялық тәуекелге капитал резервін есептеу;
- операциялық тәуекелдер бойынша есептілік мониторингі;
- басқарумен үздіксіз қызметті тиісті деңгейде қамтамасыз ету.

Операциялық тәуекел деңгейі мониторингінің нәтижелері тиісті алқалы органдарға жеткізіледі.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Тұрақты дамуды басқару жүйесі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі қаржы институты бола отырып, «Бәйтерек» Холдингі өзінің қоршаған ортаға әсерінің маңыздылығын сезінеді (кең мағынада) және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтауға ұмтылады.

Холдинг өз қызметі шеңберінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттардың келісімділігін қамтамасыз етеді, оның ішінде:

- неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі;
- өңдеуші өнеркәсіптің өсуі; шикізаттық емес салалар экспортының өсуін ұлғайту;
- еңбек өнімділігін арттыру; жаңа жұмыс орындарын құру;
- шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- ашық конкурстық рәсімдерді және жұмысқа қабылдау кезінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- еңбек қауіпсіздігін қамтама сыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау және т. б.


Холдинг өз қызметінде Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген орнықты дамудың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, айқындық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық,

адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу.

Холдинг өз қызметінде адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын да ұстанады. Тұрақты даму саясатында мақсаттар, міндеттер, қағидаттар толығырақ бекітілген.

Тұрақты дамуды басқару – Холдинг қызметінің стратегиялық бағыты. Холдингтің және оның ЕҰ қызметіне орнықты даму қағидаттары мен бастамаларын енгізу «Қазақстан-2050» Стратегиясында бекітілген мақсаттарға қол жеткізу үшін басты басымдық болып табылады. Соған байланысты Холдинг ұқсас халықаралық даму институттарының қызметін және Мемлекеттік басымдықтарды талдау шеңберінде анықталған, Холдингтің 2014–2023 жылдарға арналған жаңартылған даму жоспарының¹ жобасына енгізілген орнықты даму сала – сындағы басымдықтарды айқындады. Сонымен қатар, Даму стратегиясының жобасына сондай-ақ тұрақты даму саласындағы холдингтің пәк – ESG рейтингісі енгізілді. Бұл ҚНК-нің нысаналы мәні базалық мәнмен салыстырғанда 2023 жылға қарай бағалауды 2 тармаққа арттыруды көздейді.

Тұрақты даму саласындағы Холдинг қызметінің басым бағыттары



¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.



ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Холдингте тұрақты дамуды басқару корпоративтік басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Холдингтің Директорлар кеңесі тұрақты дамудың енгізілуіне стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады.

Холдингтің стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің құзыретіне тұрақты даму мәселелерін қарау алдын ала берілген.

Холдинг Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын бекітеді. Басқарма сондай-ақ есепті жылдан кейінгі жылдың үшінші тоқсанында жыл сайынғы негізде тұрақты даму туралы есепті Директорлар кеңесінің қарауына ұсынады.

Холдинг Басқармасы Мүшелерінің ҚНК корпоративтік карталары «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі ҚНК-ны қамтиды, бұл ретте Деректер көзі Холдингтің тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі есеп болып табылады.

Холдингтің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз құзыреттері шеңберінде іс-шараларды іске асыруға және орнықты даму саласындағы ҚНК-ға қол жеткізуге дербес жауапты болады.

Холдингтің тұрақты даму мәселелерін үйлестіретін негізгі Департамент Стратегия және талдау департаменті болып табылады, ол келесі жұмыстарды орындайды:

- тұрақты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады;
- Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің тұрақты даму саласындағы қызметін үйлестіреді;
- тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспары мен ҚНК орындалуы бойынша есепті дайындауды жүзеге асырады;
- тұрақты даму туралы бөлімді қоса отырып, Холдингтің жылдық есебін дайындауды жүзеге асырады;
- Холдингтің ЕҰ және халықаралық ұйымдармен тұрақты даму мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары қызметті жүргізу және өз міндеттерін орындау кезінде орнықты даму қағидаттарын ұстанады және барлық қызметкерлердің тартылуына ықпал етеді.

ХОЛДИНГТІҢ 2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Іс-шаралар жоспарына орнықты дамуды басқару практикасын жетілдіру, орнықты даму саласындағы корпоративтік құжаттардың өзектілігін арттыру/әзірлеу және есептілік пен сайттағы қаржылық емес ақпаратты неғұрлым толық ашу жөніндегі іс-шаралар енгізілген.

Жобаларды іске асырудан әлеуетті оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру мақсатында тұрақты дамуды басқару тәжірибелерін жетілдіру шеңберінде Холдингтің еншілес ұйымдары («Қазақстан даму банкі» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, «Даму» қоры» АҚ, «KazakhExport» ЭСК» АҚ) 2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Экологиялық және әлеуметтік саясаты негізінде меншікті ІНҚ бекітті. 2022 жылы «АКК» АҚ мен «ҚАФ» АҚ-да ұқсас саясаттардың бекітілуі күтілуде. Холдингтің бұл саясатында жобаларды іріктеу кезінде ESG-факторларды ескеру қажеттілігі, сонымен қатар жауапты инвестициялау саласындағы даму институттарының ең үздік тәжірибелерін ұстану ниеті көрсетілген (IFC әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық стандарттары, БҰҰ жауапты инвестициялау қағидаттары). Жыл сайын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік сайтында Холдинг пен оның ЕҰ «жасыл» жобаларының бірыңғай базасын жандандыру жүзеге асырылады.

Тұрақты даму жөніндегі құзыреттілікті арттыру блогының шеңберінде Холдинг қызметкерлері есептілікті дайындайтын кезде GRI халықаралық стандартын қолдану жөнінде оқудан өтті. Бұдан

2022 жылға арналған жоспарлар

Холдинг басқармасы Холдингтің 2022 жылға арналған тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті, оған мынадай бағыттағы бірқатар іс-шаралар кіреді:

- Холдингтің негізгі процестеріне және әкімшілік-шаруашылық қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізу;
- қаржылық емес ақпаратты ашудағы ашықтықты арттыру;
- тұрақты даму бойынша құзыреттерді арттыру.

Атап айтқанда, жоспарға сәйкес төмендегілер жоспарланды:

- Холдингтің біріншілік мақсаттары мен БҰҰ ТМД ұлттық индикаторларына сәйкес БҰҰ ТМД қол жеткізу жолындағы Холдингтің үлесін анықтау;

басқа, сыртқы сарапшылармен бірігіп, тұрақты даму мен қаржылық есеп есептілік саласындағы өзекті трендтер бойынша ЕҰ арналған вебинар өткізілді.

Холдингте мүдделі тараптар үшін оның қызметі туралы ақпараттың ашықтығын арттыруға ерекше назар аударылады. Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 19 шілдедегі № 04/21) Холдингтің 2020 жылға арналған жылдық есебі және GRI халықаралық стандарттары негізінде әзірленген 2020 жылға арналған Холдингтің тұрақты дамуы туралы есеп бекітілді. PwC Kazakhstan зерттеулеріне сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жылдық есептерде ESG-ақпаратты ашу деңгейі бойынша Қазақстандағы ең үздік қаржы компаниясы болып танылды. Бұл ретте PwC жүргізген жылдық есептерде ақпаратты ашу деңгейі бойынша 50 үздік компанияның жалпы рейтингінде 2021 жылы 6-орынға жайғасты (2020 жылы 10-орында болды).

Сонымен қатар Холдингтің жылдық есебі Қазақстан Қор биржасы (KASE) ұйымдастырған байқау қорытындысы бойынша «Қаржы секторындағы 2020 жылғы ең үздік жылдық есеп» номинациясында жеңімпаз атанды.

Сондай-ақ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тұрақты дамуы туралы есеп «2020 жылғы Тұрақты даму туралы ең үздік есеп» номинациясында жеңімпаз атанды. Есеп тұрақты дамудың үш құрамдас бөлігі – экономикалық, әлеуметтік және экологиялық саладағы қызмет нәтижелерін ашып көрсетеді.

- Тұрақты даму жөніндегі халықаралық бастамаға / ESG (БҰҰ жауапты инвестициялау қағидаттарына / БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарына және т.б.) қосылу мүмкіндігін қарастыру;
- Холдингтің ЕҰ-мен тұрақты даму облигацияларын шығару жөніндегі сұрақтарды қарастыру (ESG облигациялар – «жасыл», әлеуметтік);
- АӨК саласындағы жобаларды жүзеге асыратын кезде тұрақты даму қағидаттарының қолданылуын талдау;
- Қызметкерлердің экологиялық сана-сезімін арттыру жөніндегі насихаттаушы іс-шараларды жүргізу – байқаулар, тимбилдинг;
- «Жасыл офис» тақырыбына оқыту өткізу және т.б.



Холдингінің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі

Холдинг басшылығы 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған, кедейлікті жоюға, ғаламшар ресурстарын сақтауға және жалпы жұрттың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған 17 тұрақты даму мақсаттарын (бұдан әрі-ТДМ) қолдайды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ТМД-ға қол жеткізу жолында жәрдемдесуі қызметті жүргізуге жауапты тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, жобалық портфельді қалыптастыру кезінде Холдинг ТДМ-ға сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал ететін жобаларға, оның ішінде мынадай жобаларға басымдылық танытады:

- барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру;
- қалалар мен елді мекендердің ашықтығы, қауіпсіздігі, өмірге төзімділігі және экологиялық тұрақтылығы;
- Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың/қалалардың экономикасын әртарапандыру.

Есепті жылы Холдинг Қазақстанда ТДМ ілгерілету бойынша БҰҰ ұйымдастырған дөңгелек үстелдер мен семинарларға қатысты.

Холдингінің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған міндеттері

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары	Холдингінің Қызметі	
3 SALES DEPARTMENT және ӘЛ-АУҚАТ	ТДМ 3. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және әл-ауқатқа жәрдемдесу	Қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау.
4 СОПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ	ТДМ 4. Бүкіл қамту және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу	Оқыту бағдарламаларын ұйымдастыруды қамтитын кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау; ішкі оқыту бағдарламаларын іске асыру; қайырымдылық білім беру жобаларын қолдау.
5 ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК	ТДМ 5. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту	Тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау; Қызметті және сыйақыны бағалаудың тең жүйесін қамтамасыз ету.
8 ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ	ТДМ 8. Үдемелі, барлығын қамтитын және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа жәрдемдесу	Холдингінің қаржы құралдарын ұсыну жолымен ірі бизнесті қолдау және ШОБ дамыту; қызметтердің клиентке бағдарлануын арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру.
9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ	ТДМ 9. Тұрақты инфрақұрылым құру, индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу	Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жобаларды қолдау; қазақстандық шикізаттық емес тауарлар өндірушілерді және қызметтерді жеткізушілерді сыртқы нарықтарда жылжыту және олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту; тұрғын үй құрылысын қолдау; технологиялық кәсіпкерлікті және private equity инфрақұрылымын дамыту.
10 ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІКТІ ҚЫСҚАРТУ	ТДМ 10. Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті қысқарту	Жастар, бастаушы кәсіпкерлер үшін өнімдер әзірлеу; халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына арналған өнімдерді әзірлеу; қайырымдылық жобаларды іске асыру арқылы қатысу аймақтарындағы мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қолдау көрсету.
11 ҚАЛАЛАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АШЫҚТЫҒЫН, ҚАУІПСІЗДІГІН, ӨМІРШЕҢДІГІН ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	ТДМ 11. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету	Ірі инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды қолдау; ШОБ-ты кешенді қолдау.
12 ТҰТЫНУ МЕН ӨНДІРИСТІҢ ҰТЫМДЫ ҮЛГІЛЕРІНЕ КӨШУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	ТДМ 12. Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету	«Жасыл» жобаларды қолдау; Холдинг кеңсесінде ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану; ресурстарды жауапты тұтыну.
16 ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ БЕЙБІТШІЛІК СҮЙГІШ ЖӘНЕ АШЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ, БАРЛЫҒЫ ҮШІН ӘДІЛ СӨТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕ ТИІМДІ, ЕСЕП БЕРЕТІН ЖӘНЕ КЕҢ АУҚЫМДЫ ҚАТЫСУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН МЕКЕМЕЛЕРДІ ҚҰРУ	ТДМ 16. Тұрақты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін әділ сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және кең ауқымды қатысуға негізделген мекемелерді құру	Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру; Холдингінің мүдделерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге/өзектілігін арттыруға қатысу.
17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕ ЖАҒАМДЫҚ СЕРІКТЕСТІК АЯСЫНДА ЖҰМЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ ЖАНДАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫН НЫҒАЙТУ	ТДМ 17. Тұрақты даму мүддесінде жағамдық серіктестік аясында жұмысты жүзеге асыру және жандандыру құралдарын нығайту	Тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық институттармен және қаржы ұйымдарымен серіктестік; Қазақстанда ТБМ-ны ілгерілету бойынша конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысу.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Холдинг барлық мүдделі тараптармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға үлкен мән береді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ғы тұрақты даму саясатын сәтті және тиімді жүргізу үшін мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуге тиісті көңіл бөлінеді. Мүдделі тараптарды айқындау кезінде Холдинг және оның еншілес ұйымдары осы саладағы халықаралық стандарттарды пайдаланады. Холдингте бекітілген Стейкхолдерлер картасы негізгі мүдделі тараптардың тізбесін және олардың әсер ету дәрежесін айқындайды. Жарта стейкхолдерлердің әрқайсысымен бара-бар жұмыс стратегиясын құру үшін Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының ортасы туралы ақпаратты жүйелендіруге және визуализациялауға мүмкіндік береді.

2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ стейкхолдерлер картасы мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу рөлдерін, міндеттері мен рәсімдерін ескере отырып, өзара әрекеттесу стратегиясына (коммуникациялық стратегиялар) қатысты өзектілігін арттырады және негізгі мүдделі тараптардың тізімі мен олардың әсер ету деңгейін анықтайды.

Холдингтің мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі Холдинг қызметін басқару процесінің барлық сатыларында мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, әлеуетті тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға мүдделі тараптарды тартуды көздейтін тарту қағидатына негізделген.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесудің негізгі нысандары:

- 1) Сауалнамалар; фокус-топтар; мүдделі тараптармен кездесулер; жария кездесулер; семинарлар; коммуникация құралдары арқылы кері байланысты ұсыну; консультативтік кеңестер;
- 2) Әлеуметтік әріптестік қағидаты негізіндегі ұжымсыз келіссөздер;
- 3) Көп жақты форумдар; консультациялық тақталар; консенсусқа қол жеткізу процесі; бірлесіп шешім қабылдау процесі; фокус-топтар; кері байланысты ұсыну сұлбалары;

- 4) Бірлескен жобалар; бірлескен кәсіпорындар; әріптестік; мүдделі тараптардың бірлескен бастамалары;
- 5) Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу сұрақтарын басқару, стратегия мен операциялық қызметке біріктіру.

Стейкхолдерлердің тартылуына мынадай үш қағидатты сақтаған кезде қол жеткізіледі:

1. **Маңыздылық.** Холдинг өзінің мүдделі тараптарын нақты айқындайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері елеулі болып табылатынын түсінеді.
2. **Толықтығы.** Холдинг өз қызметі барысында мүдделі тараптардың қауіптілігіне назар аударады, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктерін және қызметтің күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерді түсінеді.
3. **Әрекет ету.** Холдинг мүдделі тараптардың барлық маңызды мәселелеріне дәйекті жауап береді.

Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқаруды ұйымдастыру мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өз қызметін мынадай негізгі қағидаттарға шоғырландырады:

- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;
- мақсатты аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді ақпараттандыруға ұмтылады;
- мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау бойынша сыртқы кандидаттар арасында конкурстық іріктеу, қаржылық және қаржылық емес қызметтерді ұсыну) іске асыру, сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде ақпараттық ашықтықтың объективтілігін, анықтығын, тәуелсіздігін және жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және өнімді серіктестікті қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындайды;
- тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алады.

Мүдделі тараптардың негізгі топтары және олармен өзара әрекет ету әдістері

Мүдделер / уәждер	Ықпал ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Жалғыз акционер		
Холдингтің Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау, стратегиялық мақсаттарға / көрсеткіштерге қол жеткізу	Жарғы, Холдингті корпоративтік басқару кодексі, ресми сұратулар	<ul style="list-style-type: none"> • Негізгі қызмет бағыттарын, сонымен қатар жалғыз акционердің құзіретіне жататын сұрақтарды мақұлдау; • Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдингтің Жарғысына сәйкес негізгі шешімдердің тиімді қабылдауына бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционер құқықтарының жүзеге асыруын қамтамасыз ету; • Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына, жарғыға және Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайы ақпарат ұсыну.
Басқару органы		
Оранның құзіретіне жататын Холдинг қызметінің жалпы басшылығы	Жарғы, Холдингтің ішкі құжаттары	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен Холдингтің Жалғыз акционерінің айрықша құзіретіне жататын сұрақтарды қоспағанда, негізгі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша шешім қабылдау; • Холдинг қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асыру.
Менеджмент		
Холдингтің ағымдағы қызметін басқару, Холдингтің өзге органдары мен лауазымды тұлғаларының құзіретіне жатпайтын қызметіне қатысты сұрақтар бойынша шешім қабылдау	Жарғы, Холдингтің ішкі құжаттары	<ul style="list-style-type: none"> • Жалғыз акционер мен Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау; • Даму жоспары мен Холдингтің қызметіне қатысты өзге сұрақтарды дайындау және өткізу; • Холдингтің жедел қызметін басқару.
Персонал		
Мансаптық өсу, жоғары жалақы, әлеуметтік қамтамасыз ету (медициналық сақтандыру, жыл сайын төленетін демалыс), кәсіби даму	Еңбек кодексі, Еңбек шарттары азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар	<ul style="list-style-type: none"> • Қызметкерлерді электронды пошта арқылы бос орындар туралы және корпоратившілік байқаулар туралы ақпараттандырып отыру; • Жыл сайын демалыстар кестесін құрастыру; • Қызметкерлерге арналған корпоративтік мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (тимбилдинг және т.б.); • Қызметкерлерді оқыту және/немесе олардың дағдылары мен құзіретін арттыру жолында сүйемелдеу; • Еңбек даулары туындаған жағдайда оларды шешетін келісім комиссиясының болуы; • Холдингтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді орындау. Ашық, мөлдір, білікті әрі уәждендірілген персоналды қалыптастыруға бағытталған кадрлық саясатты жүргізу; • Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі барысында өз әлеуетін жүзеге асыруына тең мүмкіндіктерді, олардың нәтижелерін риясыз әрі әділ бағалауды қамтамасыз ету, қызметкерлерді тең кәсіби қабілеттеріне, білімі мен дағдыларына сүйене отырып қана таңдау және мансаптық жолда өсіру.

Мүдделер / уәждер	Ықпал ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Мемлекеттік органдар		
Салық түсімдері, Экономикалық өсім, жалықтың жұмыспен қамтылуы / жаңа жұмыс орындарын құрылуы, әлеуметтік мәселелерді шешу	Заңдар, Әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік реттеу, ресми сұраулар	<ul style="list-style-type: none"> Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу; Іскерлік хат-хабар алмасу және/немесе сұратуларға жауап дайындау; Есептілікті ұсыну (қаржылық, қаржылық емес).
Клиенттер, тұтынушылар		
Әлеуметтік мүдделер / коммерциялық мүдделер	Шарттар	<ul style="list-style-type: none"> Корпоративтік сайтқа Холдинг пен оның қызметі туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру; Іскерлік хат-хабар алмасу, клиенттермен (әлеуетті) кездесулер өткізу; Холдинг пен еншілес ұйымдардың қаржылық / қаржылық емес өнімдері мен қызметтерінің тұтынушылардың үміттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету; Шарттарды жасау, олардың орындалуын бақылау.
Еншілес ұйымдар		
Акционерлердің / қатысушылардың мүдделерін сақтау	Холдингтің Жарғысы, Холдингтің ішкі құжаттары, Еншілес ұйымдардың жарғылары	<ul style="list-style-type: none"> Еншілес ұйымның акционері / қатысушысы ретінде Холдингтің өз құқықтарын жүзеге асыруы; Хат-хабар алмасу және еншілес ұйымдарға сұратуларды жолдау; Холдинг жолдайтын тапсырмалардың орындалуын бақылау.
Қоғамдық кеңес		
Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру, Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру	Қоғамдық кеңес туралы ереже	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің Даму жоспары мен Іс-шаралар жоспарының жобаларын, сонымен қатар олардың жүзеге асырылуы туралы есептерді талқылау; Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін талқылау; Холдинг қызметінің бағыттары жөніндегі комиссия шеңберінде өзара әрекеттесу.
Аудиторлар, консалтингтік компаниялар		
Консалтингтік қызметтерді көрсету және қаржылық аудит қызметтері	Шарттар	<ul style="list-style-type: none"> Консалтингтік және аудиторлық қызметтерді көрсету жөніндегі шарттарды жасау.
Жеткізушілер		
Коммерциялық мүдделер, тауармен қамтамасыз ету, мәлімденген талаптарға сәйкес жұмыстарды жүзеге асырып, қызметтерді көрсету	Шарттар, келісімдер	<ul style="list-style-type: none"> Сатып алуға қатысу; Кездесулер өткізу, іскерлік хат-хабар алмасу; Шарттар жасау; Шарттың міндеттемелердің тиісті түрде орындалуын бақылау.
Инвесторлар		
Салынған инвестициялардың рентабельділігі, қаражатты қайтару	Меморандумдар, шарттар	<ul style="list-style-type: none"> Іскерлік хат-хабар алмасу, инвесторлармен (әлеуетті) кездесулер өткізу; Жоба мен негізгі қызметті жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту.

Мүдделер / уәждер	Ықпал ету құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Қаржы институттары		
Депозит шоттарына еркін ақша қаражатын орналастыру, арнайы шоттарға қызмет көрсету	Шарттар, қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіпқойлығы	<ul style="list-style-type: none"> Шарт жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау; Қаржылық көрсеткіштерді жақсарту.
Әріптестер		
Коммерциялық мүдделер, өзара тиімді ынтымақтастық	Шарттар, келісімдер, өзара түсіністік туралы меморандумдар	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді ынтымақтастық, бизнес- және технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру; Шарт жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
Қоғамдық ұйымдар		
Қоғамдық ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру	Шарттар, келісімдер, өзара түсіністік туралы меморандумдар	<ul style="list-style-type: none"> Қайырымдылық пен демеушілікті жүзеге асыру; Ортақ сұрақтар бойынша өзара келісім; Қауымдастықтармен және / немесе бірлестіктермен бірлескен іс-шараларды өткізу (кездесулер, қайырымдылық кештері және т.б.).
Бұқаралық ақпарат құралдары		
Конструктивтік ынтымақтастық	Холдингтің қызметі туралы басылымдар мен ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> баспасөз конференцияларын өткізу, баспасөз релиздерін ұсыну, сұхбаттарды ұйымдастыру; Журналистердің – БАҚ сұратуы бойынша ақпарат ұсыну.
Халық		
Холдинг қызметінің мөлдірлігі, қосымша жұмыс орындарын құру, аймақты дамыту	Қоғамдық пікір, Жоғары тұрған және реттеуші органдарға, БАҚ өтініштер	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің корпоративтік сайтына өзекті жария ақпаратты орналастыру, сонымен қатар өз қызметі туралы қаржылық және қаржылық емес есептілікті жариялау; Әлеуметтік жауапкершілік, қызметтің мөлдірлігі және тұрақты даму қағидаларына іс жүзінде бейімділікті көрсету, жалпылай қабылданған моральдық-этикалық нормаларды ұстануға құлшыну; Жеке тұлғалардың өтініштерін дер кезінде қарастыру; Бедел аудитін өткізу, жұртшылықтың пікірін құрау, PR-стратегияны жүзеге асыру.
Халықаралық ұйымдар		
Бірлескен халықаралық жобаларды жүзеге асыру, өзара тиімді коммерциялық мүдделер	Халықаралық рейтингті беру, шарттар мен келісімдер	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдерді жасау; Кездесулер енгізу, іскерлік хат-хабар; Холдингтің қызметінің бағытына байланысты оның қызметін жетілдіру сұрақтарын талқылау (бизнес-процесс, автоматтандыру, корпоративтік даму).

Ақпараттық саясат

Холдингтің және ЕҰ ақпараттық жұмысы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 17 наурыздағы шешімімен бекітілген Холдингтің 2019–2023 жылдарға арналған PR-стратегиясы аясында жүргізіледі (№ 13/21 хаттама). Бұдан басқа, Холдинг Басқармасының 2021 жылғы 17 наурыздағы шешімімен БАҚ, Холдингтің интернет-қорында және оның әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында ақпаратты орналастыру қағидалары әзірленіп, бекітілді.

Бұл ІНҚ Холдингтің коммуникациялық саясатының бірыңғай стандарттарын белгілейді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ақпаратты ашуды оны төмендегі әдістермен тарату жолымен жүзеге асырады:

- заңнамада, Холдинг Жарғысында, Ақпаратты ашу саясатында және жоғарыда көрсетілген Қағидаларда, Холдингтің басқа да ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен ақпарат алушыларға ақпаратқа (құжаттарға) қолжеткізуге рұқсат беру;
- БАҚ-та орналастыру;
- интернет желісінде, Холдингтің веб-сайтында мына мекенжай бойынша: www.baiterek.gov.kz Facebook, instagram; Twitter, youtube, telegram ресми аккаунттарында орналастыру;
- Холдингтің ішкі ресурстарына орналастыру;
- ақпарат алушылармен баспасөз-конференциялар мен кездесулер өткізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің құжаттарында көзделген өзге де тәсілдер.

Холдинг жылдық медиа-жоспар әзірлейді, оны Басқарма бекітеді. Бұдан басқа, ай сайынғы негізде Холдинг тобының оқиғалар іс-шараларының медиа-жоспары дайындалады, оны кейіннен оның орындалуы туралы есепті бере отырып, Холдинг Басқармасының Төрағасы бекітеді.

2020 жылы келесі жұмыстар жүргізілді:

- БАҚ үшін 176 ақпараттық себеп құрылды;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде 83 баспасөз релиз, 35 сұхбат, 58 шолу-талдау мақаласы жарияланды, онда Холдингтің еншілес ұйымдары-

ның 76 стейкхолдерінің (кәсіпкерлер, қолжетімді тұрғын үй алушылар, экспорттаушылар, түрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша Холдингтің қолдауын алған өнеркәсіптік кешен субъектілері) табыс тарихы көрсетілді;

- Atameken business телеарнасында 2 тақырыптық репортаж, «Хабар 24» телеарнасында 8 жаңалықтар сюжеті ұйымдастырылды;
- Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Орталық коммуникация қызметінің алаңында 1 баспасөз конференциясы өткізілді және 2 интернет конференция өткізілді (1 – әлеуметтік желілердегі Холдингтің парақшаларында, 1 – Egov.kz электронды үкімет алаңында);
- мемлекеттік және орыс тілдерінде 14 тақырыптық инфографика әзірленді.

Нәтижесінде БАҚ-та Холдинг туралы 1109 материал орналастырылды.

Холдингтің Facebook, Instagram, Twitter, YouTube, Telegram әлеуметтік желілеріндегі парақшалары белсенді жұмыс істейді, онда 2021 жылы 2172 материал жарияланды (мақалалар, сұхбаттар, инфографикалар, бейнероликтер және т.б.).

Мынадай жобалар анағұрлым танымалдылыққа ие болды: «Эфирде – сарапшы»; «Мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы: табыс тарихы»; «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Холдингтегі басшы-әйелдермен сұхбат»; Холдингтің еншілес ұйымдарымен бірге ұйымдастырылған Қазақстан халықтары тілі күніне арналған «Туған білім – менің байлығым» тақырыбына өлең челленджі; Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Холдингтің еншілес ұйымдарымен бірігіп өткізілген «Тәуелсіздік замандасы».

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша жазушылардың жалпы саны 2020 жылғы ұқсас кезеңмен алыстырғанда 3 692 бірлікке артып, 32 807 адамды құрады (Facebook – 15 686, Instagram – 9 443, Twitter – 3 006, YouTube – 3 403, Telegram – 1 269).

ХОЛДИНГ ҚЫЗМЕТІНЕ СЕНІМ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

Холдингтің қызметі туралы мақсатты топтардың ақпараттану және білу деңгейін анықтауды басты мақсаты етіп көздейтін холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалау жөніндегі зерттеуді 2021 жылы «УЦ ПРО БИЗНЕС» ЖШС компаниясы өткізді.

Нәтижесінде:

- 2021 жылы Холдингтің қызметіне қатысты мақсатты топтардың интегралды сенім индексі 87,5% құрады (2020 жыл – 88,3%);
- мақсатты топтардың Холдингтің қызметі туралы ақпараттану индексі 98,1% құрады (2020 жыл – 90,5%).

2021 жылы сенім деңгейінің аз ғана төмендеуіне қарамастан, жалпы алғанда, соңғы жылдары өткізілген зерттеу нәтижелері Холдингте мақсатты топтардың жоғары сенім көрсеткішінің сақталғанын және Холдингтің қызметі туралы жоғары ақпараттану деңгейін растайды.

Холдингтің қызметіне сенім деңгейін арттыру мақсатында 2021 жылы еншілес ұйымдардың баспасөз хатшыларымен 12 кеңес өткізілді, онда PR-стратегия шеңберінде ақпараттық жұмыстың өзекті мәселелері талқыланды.

2021 жылға арналған жоспарлар


«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2022 жылға арналған медиа-жоспары Холдинг қызметі туралы ақпараттық материалдарды дайындау мен орналастыруды, сондай-ақ Холдинг басшылығының қатысуымен іс-шаралар (брифингтер мен сұхбаттар) өткізуді қарастырады.

Сонымен қатар, Холдинг Басқармасының шешімімен 2022 жылға арналған Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының қызметіне нысаналы топтардың сенім деңгейін одан әрі арттыру жөніндегі жоспар бекітілді, онда Жалғыз акционермен, еншілес ұйымдармен, нысаналы топтармен жүйелік коммуникациялық жұмысты күшейту және жетілдіру жөніндегі бірқатар іс-шаралар көзделген. Көзделген іс-шаралар қатарына мыналар кіреді:

- ірі компаниялармен, инвесторлармен, Жалғыз акционермен және еншілес ұйымдармен іс-шаралар (кеңестер, кездесулер, семинарлар және т.б.) ұйымдастыру және өткізу;

Холдинг сайтының «сұрақ-жауап» бөлімінде қоғаммен кері байланыс механизмі қамтамасыз етілген (<https://www.baiterek.gov.kz/ru/qa/>), 2021 жылы азаматтардан 247 сұраныс қайда келіп түсті, оларға жауаптар Холдингтің бейінді БК-мен жедел пысықталды және Холдингтің веб-сайтында орналастырылды. Бұдан басқа, Холдингтің Басқарма төрағасының жеке блогы жұмыс істейтін электрондық үкімет порталы арқылы кері байланыс қолдау табады. 2021 жылы блог арқылы қарауға 55 өтініш қабылданды, олар уақытылы қаралып, оларға белгіленген мерзімде жауаптар берілді.

Холдингтің сенім индексі, %



- Холдингтің еншілес ұйымдарының әлеуметтік желілерін пайдалану арқылы жазылушылар санын арттыру – кросс-маркетинг;
- барлық басқару деңгейінде қызметкерлердің біліктілігін, еңбек жағдайының сапасын арттыру, ынталандырушы факторларды енгізу;
- Холдинг пен оның ЕҰ қызметкерлерін корпоративтік оқыту;
- Холдинг клиенттеріне арналған өнімдер мен ұсыныстарды кеңейту, мақсатты топқа тәуелсіз клиенттердің мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кең бағдарланған клиентке бейімделушілікті арттыру.

Персоналды басқару

Холдингтің бірыңғай кадрлық саясаты Холдингтің орталық аппараты мен еншілес ұйымдарында адами ресурстарды тиімді басқару мәселелерін реттейтін корпоративтік стандарттарды қамтиды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өзінің Даму стратегиясы шеңберінде Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының бәсекелестік артықшылықтарының бірі ретінде орнықты адами капиталды қалыптастыруды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Кадр саясатын іске асырудың негізгі бағыттары:

Стратегиялық HR. HR-функцияның стратегиялық рөлін HR бизнес-серіктестер институтын құру және олардың ұйым бизнесін дамытуға белсенді қатысуы арқылы дамыту.

- **Өзгерістерді басқару.** Қызметкерлерді өзгерістерге дайындауға, қарсыласуды басқаруға және қызметкерлерді қажетті білім мен дағдыларға үйретуге басшылық жасауға жәрдемдесу.
- **Жұмыс берушінің бренді.** Мақсатты аудитория арасында брендті жылжыту және бренд туралы хабардарлықты үнемі бағалау арқылы HR брендин дамыту.

- **Корпоративтік мәдениет.** Мақсатты корпоративті мәдениетті анықтау, мәдениетті сақтау үшін негізгі HR процестерін түзету, корпоративтік құндылықтар мен жұмыс тәртібінің қажетті стандарттарын белсенді насихаттау.
- **Ішкі коммуникациялар.** Ұйымның барлық қызметкерлері арасында жеткілікті кері байланыс арналарын құру арқылы ішкі байланыс арналарын дамыту. Қызметкерлерді тарту деңгейін тұрақты бағалау.
- **Автоматтандыру және талдау.** Бизнес-процестерді оңтайландыру. Күнделікті процестерді барынша автоматтандыру үшін заманауи бағдарламалық жасақтаманы қолдану, «жеке кабинет» құралдарын енгізу, чат-боттарды, дашбордтарды және басқа да автоматты құралдарды құру. Басшылыққа және өзге де мүдделі тұлғаларға тұрақты есеп беру, сондай-ақ ағымдағы HR-трендтерді талдау арқылы HR-талдау функциясын кеңейту.
- **Күнделікті процестерді оңтайландыру.** Операциялық қызмет көлемін қысқарту және Жалпы Қызмет көрсету Орталығын (меншікті немесе сыртқы ұқсас орталықтарға қосылу шеңберінде) құру мүмкіндігін қарау.

ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Холдинг Тобы бойынша персоналдың орташа тізімдік саны 2021 жылы өткен жылмен салыстырғанда 26,9%-ға артып, 3 256 адамды құрады. Холдингтегі орташа тізімдік сан 2021 жылы 131 адамды

құрады. Орталық аппарат бойынша кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2021 жылы 1,5%-ды, Холдинг тобы бойынша – 9,74%-ды құрады.

Персоналдың орташа тізімдік санының динамикасы

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, адам	106	115	123	123	131
Холдинг Тобы, адам	2 507	2 431	2 538	2 564	3 256

Холдинг Тобы бойынша 2021 жылғы орташа тізімдік саны

	2021 жыл
Холдинг Тобында барлығы ¹ , адам, оның ішінде:	3256
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	131
«ҚДБ» АҚ	293,5
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	361
«ҚКМ» АҚ	99
«ҚИК» ИҰ» АҚ ²	219
«KazakhExport» ЭСК» АҚ	92
«Отбасы Банк» АҚ	1357,3
«ИФК» АҚ	333
«АКК» АҚ	458

Орталық аппарат кадрларының жасы мен жынысы бойынша бөлудегі тұрақтамауы

	Гендерлік топтар		Жас ерекшелік топтары		
	Ерлер	Әйелдер	30 жасқа дейін	30-дан 50 жасқа дейін	50 жастан жоғары
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, адам	1	1	–	2	–

Холдинг тобы бойынша 2020 жылғы кадрлар тұрақтамауы

	2021 жыл
Жалпы көрсеткіш, %	9,74
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	1,5
«ҚДБ» АҚ	8,5
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ	10,2
«ҚКМ» АҚ	0
«ҚТҮК» АҚ ³	9,6
«KazakhExport» ЭСК» АҚ	22,8
«Отбасы Банк» АҚ	9,0
«ИФК» АҚ	3,4
«АКК» АҚ	12,9

¹ Қайта ұйымдастыру барысында «ИФК» АҚ сатылып, «QTV» АҚ, «KPPF» АҚ «ҚКМ» АҚ-на қосылды.

² 2021 жылғы 26 қаңтардан бастап «Қазақстандық Ипотекалық компания» ИҰ» АҚ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ болып өзгертілді.


³ 2021 жылғы 26 қаңтардан бастап «Қазақстандық Ипотекалық компания» ИҰ» АҚ «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ болып өзгертілді.

Холдинг қандай да бір әлеуметтік белгілер бойынша кемсітушілікке жол бермейді және барлық қызметкерлер үшін тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтама-

сыз етеді. Бұл, атап айтқанда, Холдинг тобы бойынша да, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ персоналдың гендерлік құрылымымен расталады.

2021 жылы персоналдың гендерлік құрылым

Холдинг тобы



■ Ерлер ■ Әйелдер

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ



■ Ерлер ■ Әйелдер

Холдинг персоналының басым бөлігі – 30-50 жас аралығындағы қызметкерлер. 2021 жылы орталық аппарат қызметкерлерінің және Холдинг тобы бойынша орташа жасы 37,5 жасты құрады.

2021 жылы жынысы мен жасына қарай бөлінген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ персоналының құрылымы

	30 жасқа дейін	30-дан 50 жасқа дейін	50 жастан жоғары
Ерлер, адам	11	63	6
Әйелдер, адам	6	72	8
Барлығы орташа тізімдік, адам	17	135	14

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2021 жылғы басқарушы органдар құрамы

	30-дан 50 жасқа дейін		50 жастан жоғары	
	Ер	Әйел	Ер	Әйел
Директорлар кеңесі, адам	5	–	5	–
Басқарма, адам	6	1	–	–

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ЖАЛДАУ

Үміткерлерді іріктеудің негізгі мақсаты бос лауазымдарға орналасу үшін білікті үміткерлерді жұмысқа тарту бөлігінде персоналды басқару саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу арқылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ету болып табылады.

Бос лауазымдар туындаған жағдайда, бірінші кезекте, Президенттік жастар кадр резервінен (бұдан әрі – ПЖКР) және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының бірыңғай кадр резервінен кандидаттар қаралады. Келесі кезеңде Холдингтің орталық аппаратының және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ аутсорсинг секторының қызметкерлері арасында

ішкі конкурс өткізіледі. Содан кейін сыртқы конкурс жарияланады. Сыртқы кандидаттарды іздеу туралы ақпарат міндетті түрде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сайтында, жазылушыларға хабарлама жібере отырып, Telegram-арнада жарияланады, ал өтінімдер электрондық пошта немесе Digital Baiterek платформасында тіркеу арқылы қабылданады.

Осылайша, негізгі мамандарды ұстап қалу және Холдинг тобында ұзақ жұмыс істеуге ынталандыру мақсатында ішкі іріктеу басымдыққа ие болады.

2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлерді жалдау кезінде қандай да бір белгілер бойынша кемсіту жағдайлары анықталған жоқ.

2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жасы мен жынысы бөлігі бойынша жалданған қызметкерлер

	Барлығы	30 жасқа дейін	30-дан 50 жасқа дейін	50 жастан жоғары
Жалданған қызметкерлердің барлығы, адам	26	7	18	1
Ерлер, адам	16	6	9	1
Әйелдер, адам	10	1	9	0

ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМУ

Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және Холдингтің даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешу үшін қызметкерлердің кәсіби және басқарушылық қызметі саласында қосымша теориялық және практикалық білімді, іскерлікті, қабілеттілікті, құзыреттер мен дағдыларды жаңарту және алу мақсатында жүзеге асырылады. Холдинг қызметкерлерін оқытуды және кәсіби дамытуды ұйымдастыру мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- оқыту іс-шараларының тақырыбы мен мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне, қызмет-

кердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес айқындалған қажеттіліктерге сәйкестігі;

- оқыту іс-шараларының Холдинг қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге, үздік корпоративтік практикалар мен стандарттарды зерделеуге бағытталуы;
- оқытудың және кәсіби дамудың жүйелік, қолданбалы, жоспарлы сипаты;
- Холдинг қызметкерлерінің барынша көп санын оқыту және кәсіби даму бағдарламаларымен қамту.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлерін оқыту

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Бір адамға шаққандағы орташа жылдық оқу сағатының саны, адам-сағат	259	336	40	43

Қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөле отырып, бір қызметкерге оқу сағаттарының орташа жылдық саны

Көрсеткіш	Барлық қызметкерлер бойынша	Гендерлік топтар бойынша		Қызметкерлердің санаттары бойынша		
		Әйелдер	Ерлер	Жоғары басшылық	Орта буын басшылары	Қызметкерлер
Есепті кезеңде ұйым қызметкерлерінің өткен оқу сағаттарының орташа саны	43	43	43	33	41	46

2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ оқыту және кәсіби дамыту бойынша 56 іс-шара өткізілді, оның ішінде 49% – кәсіби дағдыларды дамытуға (hard skills), ал 28% – жеке және іскерлік құзыреттерді дамытуға (soft skills), 23% – міндетті оқыту. Оқумен 94 адам қамтылды. Орташа алғанда, бір қызметкермен 2 немесе одан да көп тренинг/семинар өтті.

Көбінесе кәсіби білімді дамытуға бағытталған тренингтер / семинарлар өткізілді, оның ішінде: қаржы, есеп және аудит, деректерді талдау, IT, инвестициялық жобалар, тұрақты даму, GR, корпоративтік

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАСҚАРУ

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері ҚТК-ны орындау негізінде тиімділікті бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесіне көшті (тоқсанына бір рет), бұл құрылымдық бөлімше мен жеке қызметкер деңгейіне басшылықтың ҚТК-ны «каскадтауға», қойылған мақсатқа «табалдырық-мақсат-шақыру» деңгейінде қол жеткізудің нақты деңгейін анықтау үшін жеткілікті өлшем шарттарға ие болуға және әрбір қызметкердің нақты тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

ГРЕЙДИРЛЕУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобында еңбекақы төлеу жүйесін грейдирлеу және біріздендіру жүйесі енгізілуде. Бірыңғай қағидаттарды енгізу еңбекақы төлеу жүйесінің ішкі әділдігін және еңбек нарығындағы ағымдағы жағдаймен салыстыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Грейд жүйесі – бұл ұйымның стратегиялық мақсаттарына сәйкес лауазымдардағы қызметкерлер орындайтын жұмыстардың күрделілігі мен құндылығы негізінде құрылған лауазымдық дәрежелер жүйесі (лауазымдардың иерархиясы). «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының лауазымдарын бағалауды грейдерлеу кезінде пайдаланылатын әдіснаманың ірі халықаралық компанияларда табыстың 70 жылдан астам тарихы бар, сондай-ақ Қазақстанның мемлекеттік қызметіне еңбекақы төлеу саласында жүзеге асырылатын реформалар үшін негіз болып табылады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде келесі мақсаттарға қол жеткізілді:

- грейдтер негізінде ұйымның лауазымдар жүйесі ретке келтірілді (базалық жалақы атауы бойынша емес, негізгі қызметке күрделілігі мен үлесі бойынша)

басқару, персоналды басқару, мемлекеттік тілді оқыту, ішкі бақылау және аудит және т.б. Сонымен қатар, СИМА Р1 «Операциялардың тиімділігін басқару», «СИМА Р2: бизнестің тиімділігін басқару», АССА «Бизнестің тиімділігін басқару (PM)», сияқты халықаралық сертификаттау емтихандарына дайындық мақсатында оқыту ұйымдастырылды.

Жеке-іскерлік құзыреттілік саласынан эмоционалдық күйіп кету, ойлау икемдігі, резильенттілікті түсіну және дамыту, DISC® мінез-құлық стилі бойынша оқыту ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, жылына бір рет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның барлық қызметкерлері қызметтің тиімділігін кешенді бағалаудан өтеді, оның шеңберінде өткен жылғы жұмыскердің жалпы нәтижелілігі және оның жеке-іскерлік құзыреттерінің даму деңгейі қаралады. Нәтижелер «9 жасушалы талант матрицасы» бойынша бөлінеді. Бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақы төленбейді, бірақ бағалау нәтижелері қызметкерді одан әрі ынталандыру және ынталандыру (оқыту, жоғарылату, кадр резервіне алу және т.б.) туралы шешімдерге әсер етеді.

- экономиканың нысаналы секторындағы еңбек нарығындағы ағымдағы жағдайды жыл сайын талдай отырып, бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеу жүйесі құрылды (бенчмаркинг);
- әдіснаманы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының кадр қызметтеріне трансляциялау (сыртқы сарапшыларды тартпай, лауазымдарға бағалауды дербес жүргізуге мүмкіндік беретін мамандарды сертификаттау);
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының лауазымдарын бағалау және еңбекақы төлеу бойынша ішкі нормативтік құжаттар (үлгілік әдіснама негізінде) бекітілді;
- функционалдық міндеттерге көзқарасты өзгерту – күрделі жұмыс үшін жауапкершілікті қабылдауға ынталандыру (жұмыс неғұрлым күрделі болса, соғұрлым үлкен болады);
- қызметтің ерекшелігін ескере отырып, еншілес ұйымдардың еңбекақы төлеу жүйесі бойынша ұсыныстар әзірленді.

Сонымен қатар, қолданыстағы регламенттердің шектеулерін мойындай отырып, алдағы уақытта «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қосылуы материалдық ынталан-

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Холдинг қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу және тарту мақсатында көрсетіледі.

Басқарма шешімімен Холдингте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесі (бұдан әрі – Ереже) бекітілді, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Холдингтің ішкі құжаттарына сәйкес холдинг қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету түрлерін, шарттары мен тәртібін айқындайды.

Қағидаларда әлеуметтік қолдаудың мынадай түрлері көзделеді:

- материалдық көмек; ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасы (ауырған жағдайда сақтандыру).

Қағидаларда көзделген әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған қаражат сомасы тиісті бап бойынша Холдингтің жыл сайынғы бекітілетін бюджетіне енгізіледі.

Материалдық көмек қызметкерлерге Холдинг қаражаты есебінен белгіленген тәртіппен мынадай жағдайларда төленеді:

дырудың алуан түрлі әдістерін қолдану үшін тиісті нормативтік актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс 2021–2022 жылдарға жоспарланған.

- 1) некеге тұруына байланысты;
- 2) жүктілігі және босануы бойынша демалысқа, жаңа туған баланы (жаңа туған балаларды) асырап алуға байланысты;
- 3) бала тууға / бала асырап алуға байланысты;
- 4) қызметкерді немесе оның отбасы мүшелері болып табылатын адамдарды емдеуге/операцияға байланысты;
- 5) қызметкердің, жұбайының/балаларының, қызметкердің ата-анасының қайтыс болуына байланысты.

Медициналық сақтандырумен Холдинг бюджетінде көзделген қаражат есебінен қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Медициналық сақтандыруға арналған қаражат қызметкер ауырған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыру ұйымдарымен жасалған шарттарға сәйкес не медициналық ұйымдармен медициналық қызмет көрсетуге арналған шарттар бойынша жұмсалады. Бұл ретте бір жұмыскерге арналған медициналық сақтандыру шығыстары тиісті қаржы жылына 100 АЕК-тен аспауы тиіс.

Жүктілік және босану, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыстар туралы ақпарат

Көрсеткіш	Барлығы, адам	Соның ішінде	
		ерлер	әйелдер
2021 жылы жүктілікке және босануға байланысты демалысты, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалысты ресімдегендер саны	13	1	12
Жүктілігі және босануы бойынша демалыстан, сондай-ақ 2021 жылы бала күтімі бойынша демалыстан оралған қызметкерлердің саны	1	0	1
2020 жылы жүктілікке және босануға байланысты демалыстан, сондай-ақ бала күтіміне байланысты демалыстан оралған қызметкерлердің саны	3	0	3

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ БРЕНДІ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ HR-брендін ілгерілету және холдинг қызметкерлерінің тартылуын арттыру, ішкі коммуникация мен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы тиісті іс-шаралар кешені қабылданды.

Холдинг Тобы қызметкерлерінің тартылу деңгейі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 75%-ды құрады. Дағдарыс кезеңіндегі көрсеткіштің тұрақтылығы жұмыс берушіге деген сенімнің жоғары деңгейін көрсетеді.

2021 жылы Холдингтің орталық аппаратының Комплаенс қызметіне «жедел желі» арқылы еңбек қатынастары бойынша өтініш келіп түскен жоқ.

Есепті жыл ішінде қандай да бір белгілер бойынша кемсіту жағдайлары анықталған жоқ.


ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Холдинг пен оның еншілес ұйымдары үшін сөзсіз басымдық Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, холдингтің осы саладағы ішкі құжаттарының талаптарына қатаң сәйкестікте еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ Холдинг үй-жайларында болған уақытта холдинг саясатына сәйкес және Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде Холдинг қабылдаған және әзірлеген қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтайды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 «Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жыл сайын оқыту іс-шаралары өткізіліп отырады. 2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы құрамы мен Холдингтің құрылымды бөлімшелерінің директорларына арналған «Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт-техникалық минимум» тақырыбына оқыту семинарлары өткізілді және Нұр-Сұлтан қаласының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі

Холдинг тобы қызметкерлерінің тартылу деңгейі, %



мемлекеттік комиссиясын тарта отырып, артынан арнайы емтихан тапсырды. 2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі жұмыс жүргізілді. Ауырып қалған қызметкерлердің мониторингі және санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-зарарсыздандыру шараларын күшейту жөнінде тұрақты жұмыс жүргізіліп отырады.

«Бәйтерек» БО бірінші қабатында (бұдан әрі – БО) холдар мен дәліздерде әрбір 50-100 метр сайын санитаризерлер орнатылған (лифтке кірер жерде, санитарлық тораптарда).

2021 жылы БО бірінші қабатындағы конференц-залда Холдинг қызметкерлері үшін вакциналау ұйымдастырылды.

COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу шеңберінде тұрақты негізде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының ауырып қалған қызметкерлерінің мониторингі жүргізіліп отырды.

Алғашқы медициналық көмек көрсететін кезде Холдинг қызметкерлерінің денсаулығын сақтап қалып, өміріне төнген қауіпті төмендету мақсатында Холдингтің дәрілер қорабында дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды жаңарту жүргізілді, со-

нымен қатар төтенше жағдайлар кезінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Холдингте газ бен түтіннен қорғау кешендерінің жарамдылық мерзімінің мониторингі жүргізілді.

2021 жылы Холдинг пен оның еншілес ұйымдарында жарақат алу жағдайлары болған жоқ.

Жауапты инвестициялау

Холдинг қаржы институты ретінде жауапты инвестициялауға ерекше көңіл бөледі. Тұрақты дамудың осы бағытын «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басым бағыт ретінде қарастырады, сондықтан Холдингтің 2014–2023 жылдарға арналған өзектілігі арттырылған даму стратегиясының жобасына енгізілді¹.

Өз қызметі шеңберінде Холдинг инвестициялық шешімдер қабылдау процесіне, оның ішінде Холдингтің контрагенттерінің ESG факторларымен танысу арқылы ESG факторларын енгізуге және біріктіруге ұмтылады.

Холдинг өзінің контрагенттерінен төмендегілерді күтеді:

- экологиялық тәуекелдерді (қоршаған ортаны) басқару жүйесін қоршаған орта мен қоғамға нақты және ықтимал әсерді анықтау, бағалау, басқарудың тиісті шараларын айқындау және нәтижелі енгізу, бақылауды жүзеге асыру және экологиялық тәуекелдердің деңгейі бойынша қолдану;
- адам ресурстарын басқару және жұмыскерлердің денсаулығын қамтамасыз ету (сақтау) жүйесін қолдану, ол жұмыскерлердің құқықтарын құрметтеуге, соның ішінде бірлесу бостандығына және ұжымдық шарттар жасасу құқығына негізделуі тиіс; осы жүйе жұмыскерлерге әділ қарым-қатынасты, олар үшін қауіпсіз және саламатты еңбек жағдайларын жасауды, халық пен тұтынушылар топтарының денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз әсердің алдын алуды және болдырмауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуі;
- әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік және құзыреттілік қағидаларына негізделген адал корпоративтік басқару жүйесін қолдану; адал корпоративтік басқару ұйымның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді болжайды және оның табысты қызметіне, оның ішінде нарықтық құ-

2022 жылы стандарттау, санитарлық нормалар мен ережелер жөніндегі басқарушы құжаттар мен қағидалардың мемлекеттік стандарттарының талаптарын ескере отырып, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Холдингтің барлық қызметкерлерін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті және денсаулықты қорғау жөніндегі жұмыстарға белсенді қатысуға тарту жоспарланған.

нының өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықты қолдауға ықпал етеді.

ESG сұрақтарын компания қызметіне енгізудің тиімділігін бағалаудың негізгі құралы – ESG рейтингі. Сонымен қатар, мұндай рейтинг компанияның ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақтылығын анықтау үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға бағытталған.

2019 жылы Холдингке алғаш рет ISS-Oekom халықаралық рейтингтік агенттігімен ESG-рейтингін берілді. Холдинг «D+» деңгейінде рейтинг алды, бұл ретте орта есеппен ұқсас сектор ұйымдарының «D»/«C» деңгейінде рейтингтері, ең жоғары рейтингі – «B» (Азия Даму Банкі) бар.

Сарапшылар әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару және іскерлік этика қағидаларын ұстанатынын, сондай-ақ ESG факторларын Холдингтің стратегиясы мен бизнес-процестеріне интеграциялауға ұмтылысын растады. Сонымен қатар, жобалық қызмет аясында экологиялық факторларды ескеру қажеттілігі атап өтілді.

2021 жылы
«ҚАЗАГРО» ҰБХ» АҚ
қосылуын ескере отырып,
«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ
Инвестициялық саясатының
өзектілігі артты

¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.

ESG даму стратегиясының жобасына рейтинг тұрақты даму саласындағы Холдингтің негізгі пәк ретінде енгізілді. Бұл ҚНҚ-нің нысаналы мәні базалық мәнмен салыстырғанда 2023 жылға қарай бағалауды 2 тармаққа арттыруды көздейді.

Холдинг жауапты инвестициялау тәжірибесін дамыту үшін белсенді жұмыс жүргізуде. Осылайша, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ инвестициялық саясаты ESG факторларын қаржылық қолдау көрсету процесіне интеграциялау ниетін қамтиды. Сондай-ақ саясат шеңберінде әлеуетті жобаларға басымдық беру құралы – елдің дамуына үлес қосуға және ықпал етуге қабілетті неғұрлым маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін даму индексі енгізілді.

Жобаларды іске асырудан әлеуетті экологиялық және әлеуметтік әсерлерді арттыру мақсатында Холдингте 2020 жылы экологиялық және әлеуметтік саясат бекітілді. Саясат Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының инвестициялық қызметіндегі

экологиялық және әлеуметтік факторларды есепке алу мен мониторингілеудің қағидаттары мен тәсілдерін айқындайды. Саясатты әзірлеу кезінде жауапты инвестициялау бойынша халықаралық бастамалар – БҰҰ-ның жауапты инвестициялау қағидаттары экватор қағидаттары, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша IFC қызметінің стандарттары ескерілді. Сондай-ақ, саясат шеңберінде АХҚО әзірлеген «жасыл» таксономия негізінде «жасыл» жобалардың критерийлері айқындалды.

2021 жылы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қосылуын, сонымен қатар басқа да өзектілігі артқан ішкі құжаттарға сәйкестендіруді ескере отырып, «Бәйтерек» ҰБХ»АҚ Инвестициялық саясатының өзектілігі артты.

Атап айтқанда, Холдингтің инвестициялық қызметінің біріншілік бағыттарына қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру, техникалық жасақтау деңгейін және агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріс қарқынын арттыру жөніндегі жаңа бағыт енгізілген.

Сонымен қатар Инвестициялық саясаттың біріншілік бағыттарына «жасыл» экономиканы дамыту жөніндегі іс-шаралар қосылып, «жасыл» қаржыландыру жөніндегі ұстанымдарды сипаттайтын нормалар енгізілген.

2021 жылы 2020 жылдың қорытындысы бойынша жасыл жобаларды жүзеге асырудан экологиялық әсердің бағалауы өткізілді (жылына бір рет өткізіледі). Осылайша, қаржыландырылған жобалар бойынша (ҚДБ, ҚКМ, ҚДҚ желісі бойынша) 534 млн кВт*сағ электр қуаты өндірілді. Мысалы, күн электр станциялары елімізде күн есебінен өндірілген электр қуаты жалпы көлемінің 27% жасап шығарды, жел қуаты есебінен елімізде өндірілген жалпы қуаттың 20%-н жел электр станциялары жасап шығарды.

2021 жылдың соңына қарай Холдинг «жасыл» энергетика саласындағы жалпы қаржыландыру сомасы 337 млрд теңгеден асатын бірқатар жобаларды қолдады (су электр станциясын, күн және жел электр станцияларын салу).

2022 жылы Холдинг бағытты дамыту бойынша жұмысты жалғастыратын болады, атап айтқанда:

2021 жылдың соңына қарай Холдинг «жасыл» энергетика саласындағы жалпы қаржыландыру сомасы

337

МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСАТЫН БІРҚАТАР ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛДАДЫ

- Холдингтің экологиялық және әлеуметтік саясатының ережелерін жүзеге асыру шеңберінде Холдинг пен оның ЕҰ инвестициялық қызметіне ESG-қағидаларын енгізу туралы есепті дайындау;
- Холдинг пен оның ЕҰ «жасыл» жобаларының бірыңғай базасының өзектілігін арттыру.

Холдинг қолдаған «жасыл» жобалардың мысалдары



«Ыбырай» ЖЭС

Сипаттамасы: Қостанай облысы Қостанай ауданында қуаты 50 МВт «Ыбырай» ЖЭС құрылысы
Пайдалануға беру: 2022 жылғы мамыр
Жобаның жалпы құны: 27,2 млрд теңге
Холдингтің қатысу сомасы: 16,9 млрд теңге

Балқаш қаласындағы КЭС

Сипаттамасы: Қарағанды облысы Балқаш қаласында қуаты 100 МВт күн электр станциясының құрылысы
Пайдалануға беру: 2022 жылғы шілде
Жобаның жалпы құны: 21,7 млрд теңге
Холдингтің қатысу сомасы: 16,9 млрд теңге

«Абай» ЖЭС

Сипаттамасы: Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарында қуаты 150 МВт «Абай» ЖЭС құрылысы
Пайдалануға беру: 2022 ж. қазан-желтоқсан
Жобаның жалпы құны: 82,5 млрд теңге
Холдингтің қатысу сомасы: 57,8 млрд теңге

Экономикалық нәтижелілік

Холдинг өзінің миссиясына байланысты Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына елеулі ықпал етеді және өзінің түйінді міндеттерін

ғана емес, сонымен қатар халықтың әртүрлі топтарына оң ықпал ете отырып, маңызды әлеуметтік экономикалық функцияларды орындай.

Экономикалық құнды бөлу¹

Көрсеткіш, млн теңге	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Құрылған экономикалық құн (табыс)	426 578	463 346	753 189
негізгі қызметтен түскен кірістер (пайыздық кірістер)	332 040	432 521	708 301
комиссиялық кірістер	9 115	8 202	21 842
басқа да кірістер	85 424	22 623	23 046
Бөлінген экономикалық құн:	375 068	390 289	642 309
еңбекақы төлемі бойынша шығындар	24 252	25 859	37 922
мемлекеттік бюджетке салықтар мен алымдар бойынша шығындар	13 305	13 637	33 354
капиталды жеткізушілерге төлемдер (пайыздар мен дивидендтер төлеу)	175 137	241 283	409 788
қайырымдылық және демеушілік көмек	315	1 090	131
басқа операциялық шығындар	134 597	87 365	135 446
басқа операциялық емес шығындар	27 461	21 054	25 667
Бөлуге экономикалық құны (таза пайда)	51 510	73 057	110 880

¹ Холдинг тобы бойынша шоғырландырылған деректер.

Сатып алу қызметі

Холдингтің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүйесі Холдингтің сатып алу-ды жүзеге асыруының транспаренттілігін қамтамасыз етеді және жалпы қалыптасқан құқық қолдану практикасына және халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Холдингте сатып алуды жүзеге асыру ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, тиімділікті, ашықтықты арттыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту, әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру қағидаттарына негізделеді.

Холдинг өз қызметінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 1201 бұйрығымен бекітілген Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын басшылыққа алады.

Холдинг мемлекеттік компаниялардың ішінде бірінші болып квазимемлекеттік секторда сатып алу процесін бақылауды енгізді. Мәселен, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Холдингте және оның еншілес ұйымдарында сатып алуды жүзеге асыру қағида-

ларының сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асыратын Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет (бұдан әрі – СБОҚ) жұмыс істейді. ЦСКЗ Холдингтің Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

ЦСКЗ негізгі міндеттеріне сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды орындайды:


- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының сатып алуын жүзеге асыру қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) ОДКК құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өтініштерді қарайды;
- 3) Өз құзыреті шегінде ауызша және жазбаша консультациялар береді;
- 4) Холдингтің Директорлар кеңесіне қызмет нәтижелері туралы есепті тұрақты түрде бекітуге ұсынады;

ЦСКБ бақылау объектілері болып табылады:

- 1) Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, тендерлік комиссия, сатып алу жөніндегі сараптама комиссиясы, сатып алу жөніндегі сарапшы;
- 2) өткізілетін сатып алу нысанасы шегінде әлеуетті өнім беруші, өнім беруші, сондай-ақ олар жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер не қызметтер көрсету бойынша бірлесіп орындаушылар ретінде тартатын тұлғалар;
- 3) электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы.

2020 жылғы сатып алу көлемі және жергілікті қамту үлесі

2021 жылы Холдинг тобы бойынша ТЖҚ жалпы сатып алу көлемі және жергілікті қамту үлесі, млн теңге



Холдинг тобы бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 2021 жылы 36 048 млн теңгені құрады, оның ішінде отандық жеткізушілерден – 23 071 млн теңге, жергілікті қамтудың жалпы үлесі 64%.

2021 жылға арналған жоспарлар

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 8 маусымдағы № 47-VII ҚРЗ «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» заңы және Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат Қоры ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығымен бекітілген және күші Холдинг пен еншілес ұйымдарға таралатын квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің Сатып алуды жүзеге асыру қағидалары күшке енеді.

Сондай-ақ, Холдингте корпоративтік құндылықтар мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес сатып алу қызметін жүзеге асыру бойынша жұмыс жалғасады.

ТЖҚ сатып алудың жалпы көлемінің жергілікті қамту үлесі

64%

Холдинг Тобы бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі шеңберінде 2022 жылға 22 397 млн теңгеге сатып алу жоспарланған.

Қоршаған ортаны қорғау



Өз қызметінің сипатына қарай Холдинг қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Холдинг тұтынатын негізгі ресурстар-электр энергиясы, жылу энергиясы және су.

Холдинг қоршаған ортаға қолайсыз әсердің алдын алуды ең жақсы түрде қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидалары мен әдістерін қолдана.

Холдинг өз қызметінде ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және энергия тиімді технологияларды енгізу, су тұтынуды азайту, кеңсе мұқтаждары үшін қағаздың жұмсалуын азайту (атап айтқанда, электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу есебінен) арқылы қолданыстағы теріс экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады.

«ЖАСЫЛ КЕҢСЕ»

Тұңғыш Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы аясында 2019 жылдан бастап Республикалық «Жасыл кеңсе» байқауы өткізілуде. Байқаудың мақсаты – экологиялық жауапты компаниялар қауымдастығын қалыптастыруға ықпал ету.

Холдинг 2019 жылдан бастап «Жасыл кеңсе» конкурсына белсенді қатысып келеді, оның шеңберінде квазимемлекеттік сектор үшін жеке номинация көзделген. Конкурс критерийлерінің бірі «Жасыл кеңсе» жүйесін енгізу және қолдау бойынша корпоративтік құжаттаманың болуы болып табылады.

Осы негізде, есепті жылы Басқарма Холдингтің «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасын бекітті, онда «жасыл кеңсенің» мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары, сондай-ақ оны енгізу бойынша тәсілдер мен болжамды іс-шаралар бар. Тұжырымдаманы дайындау кезінде кеңселерді экологияландыру бойынша халықаралық ұйымдардың ұсынымдары да ескерілді.

«Жасыл кеңсенің» негізгі элементтері ретінде мыналар ерекшеленеді:

- электр энергиясын тұтынуды қысқарту;
- жылу энергиясын үнемдеу;
- су тұтынуды азайту;
- ластануды азайту және қалдықтарды басқару;
- ресурстарды үнемдеу және тұтынуды азайту;
- ызметкерлердің денсаулығы;
- қызметкерлерге экологиялық білім беру;
- менеджмент жүйесінің, «жасыл» кеңсе қағидаттарын қолдау процестерін құжаттаудың болуы.

«Жасыл кеңсе» тұжырымдамасының қағидаттары үш R – Reduce (Қысқарт), Reuse (Қайта пайдалан), Recycle (Қайта өңде) ережелеріне негізделген:

- **Reduce (Қысқарт).** Осы Қағидаға сәйкес «жасыл кеңсе» табиғи ресурстарды: электр энергиясын,

суды, қағазды, жылуды пайдалануды азайтуға тырысуы керек. Бұл ережеге заманауи технологиялар мен жабдықтарды қолдану арқылы да, ұйымдастырушылық және үгіт-насихат жұмыстары арқылы да қол жеткізіледі.

- **Reuse (қайта пайдалан).** Бұл принцип қайталама шикізаттан жасалған материалдарды, соның ішінде қағазды, кеңсе тауарларын және кеңсе жабдықтарын пайдалануға бағытталған.
- **Recycle (Қайта өңде).** Бұл принцип бойынша ең бастысы-пайдаланылған шикізатты дұрыс жою: барлық қалдықтарды сұрыптау, макулатураны тапсыру, кеңсе жабдықтары мен батареяларды дұрыс тастау.

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар негізінен кеңсе қызметі шеңберінде қызметкерлерді экологиялық ағартуға, ресурстарды үнемдеуге және қалдықтармен жұмыс істеуге бағытталған. Бұл іс-шаралар Холдингтің бизнес-ортада экологиялық жауапты мінез-құлықты танымал ету жөніндегі ұлттық бастамаларды іске асыруды қолдау мақсатында қажет болып табылады.

«Бәйтерек» Холдингті Тобының Бизнес орталығы ресурстарға ұқыпты қарау технологияларын ескере отырып салынған. Жұмыс, апаттық және жөндеу жарықтандыру жүйелері қарастырылған. Люминесцентті жарық көздері қолданылады. Инсоляцияны ескере отырып, қасбеттің витраждары электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, электр энергиясын үнемдеу үшін уақытша болу орындарында қозғалыс датчиктері орнатылды.

Есепті жылы энергия мен суды тұтыну өткен жылмен салыстырғанда «Бәйтерек» Бизнес орталығында қызметкерлердің қашықтан жұмыс істеу режиміне байланысты қысқартылды.

Тұтынылған ресурс көлемі

	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Су тұтыну, м ³	24 622	22 076	18 350
Жылу энергиясы, г. кал	5 084	5 207	4 063
Электр энергиясы, кВт*сағ	5 791 496	4 817 149	4 449 284

2021 жылға арналған жоспарлар

Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында 2021 жылы Холдинг төмендегілерді жоспарлады:

- жеке іскерлік кездесулердің санын азайту, бейнеконференциялар өткізу, қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндігі;
- Қалдықтарды кәдеге жаратуға беру мүмкіндігін қарастыру, берілген макулатураның есебін жүргізу;

- қызметкерлердің экологиялық санасын арттыру бойынша ақпараттық кампаниялар мен үгіт іс-шараларын-ақпараттық стендтер, плакаттар, хабарламалар, сенбіліктер, тимбилдингтер мен конкурстар әзірлеу;
- қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыс істейтін ұйымдар қатарындағы әріптестермен өзара іс-қимыл жасау; «Жасыл кеңсе» конкурсына қатысу.

Демеушілік және қайырымдылық көмек



2021 жылы Холдинг демеушілік көмек жөніндегі 2 жобаны жүзеге асырды, оларды жүзеге асыруға 120 млн теңге мөлшерінде қаражат бөлінді, оның ішінде:

- 1) «Қазақстандық экономикалық бастамалар қоры» корпоративтік қорына кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың қағидалары мен ұстанымдарын әзірлеуге 80 млн теңге мөлшерінде.
- 2) «Қазақстандық экономикалық бастамалар қоры» корпоративтік қорына әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды аймақтық даму институттарына трансформациялау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге өзгерістерді әзірлеу және креативтік экономика жөніндегі зерттеулерді өткізуге – 40 млн теңге. Жобаны жүзеге асыруға бөлінген сомандан кем соманың қажет болғанын ескере отырып, ақшаның 10 млн теңге мөлшеріндегі қолданылмаған бөлігі Холдингке қайтарылды.

Холдингтің 2021 жылы іске асырылған бастамашылдық жобалары:

- Холдинг Nur Otan партиясының «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына қатысты. Холдинг

қызметкерлері әлеуметтік осал топқа жататын отбасынан шыққан балаларға арнап мектеп керек-жарақтары салынған жол дорбаларын жинады. Мұқтаж отбасыларына көмек жыл сайын көрсетіліп отырады.

- Холдинг «Донор күнін» ұйымдастырып, оның барысында Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының 77 қызметкері қан өткізді, жалпы алғанда 30 литрден артық қан тапсырылды.
- Холдингте «Baiterek – Open Hearts» қайырымдылық жәрмеңкесі өтіп, одан түскен қаражат Ұлттық ана және бала ғылыми орталығында ұзақ емде жатқан балаларға арналған жаңажылдық мерекені ұйымдастыруға жұмсалды. Сатылым нәтижесінде 1 300 мыңнан астам теңге жиналды.
- Холдинг ұжымы Ұлттық ана және бала ғылыми орталығында ұзақ емде жатқан балаларға арнап мереке ұйымдастырды, сонымен қатар қайырымдылық жәрмеңкеден жиналған ақша қаражатына «Ника» үй жануарларына арналған баспананы көмірмен, тамақпен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етті.



ҚОСЫМШАЛАР

Есеп туралы

Холдинг өзінің экономикалық және әлеуметтік қызметінің маңыздылығын сезінеді және ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. 2013 жылдан бастап Холдинг жыл сайынғы негізде <https://baiterek.gov.kz/ru/o-kholdinge/otchetnost-kholdinga/godovye-otchetu/atты> корпоративтік интернет-сайтта ұсынылған жылдық есептерде өз қызметінің нәтижелерін ашады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2021 жылғы жылдық есебі (бұдан әрі – Есеп) тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша Жаһан – дық бастаманың стандарттарына (GRI Standards, «негізгі» ашу нұсқасы), Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне және Холдингтің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес дайындалды.

Бұл Есеп Холдинг қызметінің 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі нәтижелерін көрсетеді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2020 жылғы жылдық есебі 2021 жылдың тамызында жарияланды. Ағымдағы Есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

Есептік жылы Холдингке жүктелген елдің тұрақты экономикалық дамуына қолдау көрсету міндетін ескере отырып, «Тұрақты бизнес және тұрғын үйдің қолжетімділігі» тақырыбы Есептің басым тақырыбы ретінде таңдалды.

Есептің мазмұнын анықтау

Есептік жылы Холдинг Есепте ашуға барынша маңызды тақырыптардың тізбесін айқындау бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс GRI Standards көрсеткіштеріне және ұқсас компаниялардың жылдық есептеріне талдау жүргізу болды. Талдау нәтижелері бойынша Холдинг қызметі үшін 30-ға жуық маңызды тақырыптарды қамтитын сауалнама дайындалды.


Сауалнамада көрсетілген барлық тақырыптар үш топқа бөлінген – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Сауалнама ұсынылатын тізбеден неғұрлым маңызды тақырыптарды таңдау мақсатында



Холдингтің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарының өкілдеріне бағытталған. Атап айтқанда, сауалнамаға құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, менеджмент, Холдингтің еншілес ұйымдары, инвесторлар, БАҚ өкілдері және т. б. қатысты.

Сауалнама нәтижелері бойынша жиынтық бағалар Маңыздылық матрицасына енгізілді. Матрицаның оң жақтағы жоғарғы бұрышына түскен тақырыптар аса маңызды деп танылды және оларға есеп жасау кезінде бірінші дәрежелі мән берілді.

МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ



Тақырыптар (ең маңызды деп танылған тақырыптар алтын түсті)	№
ЭКОНОМИКА	
Экономикалық нәтижелілік	1
Нарықтарға қатысу	2
Тікелей емес экономикалық ықпал ету	3
Сатып алулар тәжірибесі	4
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	5
Бәсекелестікке кедергі	6
ЭКОЛОГИЯ	
Материалдар	7
Энергия	8
Су	9
Биоалуантүрлілік	10

Тақырыптар (ең маңызды деп танылған тақырыптар алтын түсті)	№
Шығарындылар	11
Төгінділер мен қалдықтар	12
Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі	13
Өнім берушілерді экологиялық бағалау	14
ҚОҒАМ	
Жұмыспен қамту	15
Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	16
Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	17
Оқыту және білім беру	18
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	19
Кемсітушілікке жол бермеу	20
Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу бостандығы	21
Балалар еңбегі	22
Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек	23
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі	24
Байырғы және саны аз халықтардың құқықтары	25
Адам құқықтарының сақталуын бағалау	26
Жергілікті қауымдастықтар	27
Өнім берушілердің қоғамға әсерін бағалау	28
Мемлекеттік саясат	29
Тұтынушының денсаулығы және қауіпсіздігі	30
Өнімдер мен қызметтерді таңбалау	31
Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық	32
Талаптарға сәйкестігі	33

Есептің шекаралары

Осы Есеп Холдинг Тобының қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Холдингтің 8 еншілес ұйымы туралы ақпарат «2021 жылғы еншілес ұйымдардың қызметі» Қосымшасында толығырақ берілген.

Қаржылық-экономикалық нәтижелері ХҚЕС шоғырландыру периметріне сәйкес «Менеджмент есебі» бөлімдерінде ашылады. Есептің басқа бөлімдерінде,

егер өзгеше көрсетілмесе, Холдингтің Тобы бойынша тұтастай ақпарат бар.

Экономикалық нәтижелілік, тікелей емес экономикалық әсер ету және табиғат қорғау заңнамасына сәйкестік тақырыптары негізінен ұйымнан тыс жерлерде өзекті. Қалған тақырыптар ұйымның ішінде де, одан тыс жерлерде де маңызды.

2021 жылғы еншілес ұйымдардың қызметі

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ БАНКІ» АҚ

«ҚДБ» АҚ миссиясы елдің шикізаттық емес секторын қаржыландыру арқылы ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
ROE, %	2,7	4,8	5,9
ROA, %	0,4	0,8	0,9
Қарыз/Капитал	5,0	5,0	5,7
Активтер, млрд теңге	2 591	3 088	3 742
Активтердің өсімі, %	2	19,2	21,2
Таза пайда, млрд теңге	11	22,4	31,5

Қызметтің негізгі нәтижелері

- Жобалар мен бағдарламаларды тікелей қаржыландыру көлемі – 533,2 млрд теңге, оның ішінде 168,3 млрд теңге сомаға экспорттық операцияларға қолдау көрсетілді.
- 1 100,1 млрд теңге сомаға жобалар мақұлданды.
- 2021 жылы «ҚДБ» АҚ қатысуымен қаржыландырылған 7 кәсіпорын пайдалануға енгізіліп, жаңартылды.

- Жалпы активтері 2020 жылғы 3,1 трлн теңгеге қарсы 3,7 трлн теңгеге жетті, бұл 21%-қ өсімге сәйкес келеді.
- «ҚДБ» АҚ кредиттік портфелі 2020 жылмен салыстырғанда 2,2% артып, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2 013,5 млрд теңгені құрады.
- 2021 жылдың қорытындысы бойынша әрбір 1 теңгеге «ҚДБ» АҚ мемлекет қаражатынан нарықтық қарыз алудың 2,98 теңгесі тартылды.

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ

«Даму» Қоры» АҚ миссиясы қолдау көрсетудің кешенді және тиімді құралдарын іске асыру арқылы Қазақстандағы микро, шағын және орта кәсіпкерліктің (МШОК) тұрақты дамуындағы белсенді рөлі болып табылады.

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
ROE, %	4,8	4,63	19,18
ROA, %	1,2	1,37	6,81
Қарыз/капитал	2,9	1,47	1,67
Активтер, млрд теңге	338	358	378
Активтердің өсімі, %	11	6	5
Таза пайда, млрд теңге	4	4,8	25,0

Қызметінің негізгі нәтижелері

- 2021 жылы «Даму» қоры» АҚ 2,2 трлн теңге кредит сомасына қаржы құралдарын қолдана отырып, 57,4 мың жобаға қолдау көрсетті.
- 2021 жылғы 31 наурызда «Даму» қоры» АҚ Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін төмендету» БҰҰДБ ФЭҚ жобасының шеңберінде кейіннен ШОКС мәмілелерін қаржыландыру үшін ЕДБ/МҚҰ-на шартты қаражат орналастыру бағдарламасы іске қосылды.
- 2021 жылғы 15 қыркүйекте «Даму» қоры» АҚ Қазақстан қор биржасының алаңында әлеуметтік облигацияларды табысты дебюттік орналастыруды жүзеге асырды. Әлеуметтік облигацияларды шығару жолымен Қор 1 млрд теңге сомаға қаржы тартты. Құралдар қордың меншікті қаражатымен 1:1 қатынаспен қосарлап қаржы-

ландырылды. 3 млрд теңге мөлшеріндегі жалпы қаражат пулы 2021 жылғы қараша айында «Bank RBK» АҚ орналастырылды. Бұл құралдар COVID-19 пандемиясы кезінде экономика секторында анағұрлым көбірек зардап шеккен ШОКС қолдау көрсетуге арналған.

- 2021 жылдың наурыз айында ЕДҚБ-мен бірлескен бағдарлама аяқталды, ол ЕДБ/ХҚҰ-ң кейіннен ШОКС-не кредит беруіне арналған «Даму» Қоры» АҚ кепілдігімен жүзеге асырылды, сонымен қатар қаражат әйелдер кәсіпкерлігі жобаларын қаржыландыруға бөлінді. Бағдарлама бойынша ЕДҚБ теңгеге шаққанда жалпы сомасы шамамен 70 968 млн теңгені құрайтын қаражаты тартылды, оның шеңберінде бірлескен бағдарлама жүзеге асырыла бастаған бүкіл кезең ішінде 127 758 млн теңге сомаға 15 205 ШОКС қаржыланды.

«ОТБАСЫ БАНК» АҚ

«Отбасы Банк» АҚ миссиясы қазақстандық отбасыларын жеке баспанамен қамтамасыз ету және Отан сезімін нығайту болып табылады.

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
ROE, %	12,4	12,05	19,8
ROA, %	2,4	2,08	2,91
Борыш/капитал	4,5	5,04	6,36
Активтер, млрд теңге	1 353	1 707	2 804
Активтер өсімі, %	36	26	64
Таза пайда, млрд теңге	28	32	66

Қызметтің негізгі нәтижелері

- 2021 жылғы 31 желтоқсанда «Отбасы Банк» АҚ жүйесінде жинақ сомасы 1,5 трлн теңгені құрайтын 2,2 млн шарт болған.
- Азия даму банкінің қарызға алынған қаражаты есебінен тұрғын үйді қаржыландыруда гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан әйелдерінің тұрғын үй жағдайын жақсартуға арналған «Ұмай» бағдарламасы іске қосылды.
- «Бақытты отбасы» ЖАО кезекте тұрған аз қамтылған отбасыларына кредит беру» бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасына қатысуға өтініш қабылдау басталды.

- Тұрғын үйді сатып алу және сату жөніндегі маркетинг іске қосылды (Vaspara market порталы), онда клиенттер тұрғын үй таңдай алады, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға өтінім бере алады, «Отбасы Банк» АҚ меншікті бағдарламалары бойынша құрылыс салушылардан оңтайлы нұсқаны таңдай алады, екінші қайтара нарықта пәтер сатып алуына болады, ал құрылыс салушылардың өз кабинеті болуы мүмкін және сол кабинет арқылы олар серіктестік туралы электронды өтінім беріп, «Отбасы Банк» АҚ сатып алушыларының көбірек пулы үшін пәтерді сатуға шығара алады.

«ҚАЗЫНА КАПИТАЛ МЕНЕДЖМЕНТ» АҚ

«ҚКМ» АҚ миссиясы тұрақты және тиімді басқарылатын компанияларды құра алатын, тұрақты табыс деңгейін алатын және экономиканың өсуі мен жаңғыртылуына жәрдемдесетін мықты командаларға инвестициялау жолымен Қазақстандағы private equity экожүйесін дамытуда жетекші рөлге ие болу болып табылады.

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
ROE, %	2,6	1,78	1,03
ROA, %	1,9	1,30	0,76
Активтер, млрд теңге	190	194	214
Активтер өсімі, %	2	2	10
Таза пайда, млрд теңге	4	2,5	1,6

Қызметтің негізгі нәтижелері

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 31 мамырдағы шешімі (№ 28/21 хаттама), «ҚКМ» АҚ «QazTech Ventures» АҚ жәй акцияларының 100%-ы және «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС жарғылық капиталына 97,7% қатысу үлесі табысталды.
- Ақпараттық технологиялар, инфрақұрылым және финтех, B2C/B2B технологиялары және цифрлық автоматтандыру саласындағы жобаларды қаржыландыру мақсатында Da Vinci Emerging Technologies Fund III L.P. тікелей инвестициялар қорын құрудағы шектеулі серіктестік туралы келісімге қол қойылды.
- «ҚКМ» АҚ стратегиялық сессиясы өткізіліп, оның шеңберінде «ҚКМ» АҚ даму стратегиясы, қызметінің жаңа бағыттары талқыланды, сонымен қатар Қоғамға тұрақты даму мен ESG стандарттары енгізілді.
- AxFina Holding S.A. (Австрия) инвестициялық холдингі Қазақстандағы стреттік активтер нарығын дамытуға арналған бірлескен кәсіпорынды құру жөніндегі «ҚКМ» АҚ-мен ниет хатына (Letter of Intent) қол қойды.
- Абу-Дабиде (БАӘ) «ҚКМ» АҚ мен Abu Dhabi Development Holding Co PJSC (ADQ) бірлескен венчурлік қорды құру үшін негізгі қатысу талаптарына қол қойды (Term Sheet). Жоспарланып отырған қорды капиталдандыру 100 млн АҚШ долларын құрайды. Қор инвестицияларының 50%-ы Қазақстанға, 30%-ы БАӘ-не және 20%-ы Орталық Азия елдеріне жұмсалады.
- «ҚКМ» АҚ мен дамуды қаржыландыру жөніндегі COFIDES (Compañía Española de Financiación del Desarrollo) испан компаниясы Қоғам мен COFIDES арасындағы әлеуетті ынтымақтастықты талқылау негізін құру мақсатында индустриалдық және

инфрақұрылымдық жобаларды сүйемелдеуге, жүзеге асыруға және қосарлап инвестициялауға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

- «ҚКМ» АҚ Kazakhstan Hungarian Investment Private Equity Fund C.V. 49,5% мөлшеріндегі активтерінің бір бөлігін табыстады. Enel Russia (фонд Macquarie Russia & CIS Infrastructure Fund C.V.), National Stock Exchange of India (Wolfensohn Capital Partners L.P.), Foundation Wind Energy-I,II (Islamic Infrastructure Fund L.P.), «Labnet» ЖШС (Kazakhstan Growth Fund L.P.), VIST Group (Ресей-Қазақстан нанотехнологиялар қоры), «Z-Invest» ЖШС (Baiterek Venture Fund) жобаларынан толық шығу, сонымен қатар Arctic Green Energy China жобасынан ішінара шығу (CITIC Kazyna Investment Fund I L.P.) жүзеге асырылды.
- «ҚКМ» АҚ 2020–2021 жылдарға арналған «агроөнеркәсіп кешенін дамыту» Жұмыспен қамту жол картасының үшінші бағыты шеңберінде 12,8 млрд теңге мөлшерінде облигациялық қарызды тартты. Қаражат АӨК-гі 3 жобаны жылдығы 12% мөлшерлеме бойынша қаржыландыруға жұмсалды.
- Қосарлап инвестициялау тетігі арқылы Kazakhstan Infrastructure Fund мен TAV Airports компаниясы Алматы әуежайының жаңа халықаралық терминалының құрылысы бойынша жобаны жалпы сомасы 200 млн, АҚШ долларына қаржыландыру жүзеге асырылды, оның ішінде 170 млн – TAV Airports қаражаты, 27,9 млн – «ҚКМ» АҚ-на тиесілі.
- Тәуелсіз бағалау, құжаттардың техникалық өңделуіне қатысты 7 жоба бойынша және қаржы-техникалық бақылауға қатысты 2 жоба бойынша және жалғасып жатқан 1 жоба бойынша технологиялық сараптама өткізілді.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОРЫ – «ҚАЗАҚСТАН ТҰРҒЫН ҮЙ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 9 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй бағдарламалары операторларының санын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, оның ережелерінде тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының пайда болуы көзделген. «ҚИК» ИҰ» АҚ, «БД» АҚ, «ФГЖС» АҚ Тұрғын үй құрылысының бірыңғай опе-

раторына біріктірілген. 2021 жылғы 26 қаңтардан бастап тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы жаңа атауға ие болды – «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ.

«ҚТК» АҚ миссиясы Қазақстан халқын қолжетімді және сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2020 жыл	2021 жыл
ROE, %	4,49	2,46
ROA, %	0,73	0,37
Борыш/капитал	5,9	5,5
Активтер, млрд теңге	1 375	1 425
Таза пайда, млрд теңге	6,1	5,2

Қызметтің негізгі нәтижелері

- «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 183,7 млрд теңгеге ЖАО облигациялары сатып алынды.
- 2020–2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасы бойынша 74,6 млрд теңгеге ЖАО облигациялары сатып алынды.
- Құрылысты аяқтауға 372,6 млрд теңгеге (1 994 мың м², 21 080 пәтер) 70 кепілдік берілді.
- 11 млрд теңгеге жеке құрылыс салушылардың кредиттері бойынша субсидиялау шарттары жасалды.

- 31,1 млрд теңге сомаға «G4 City» қала құрылысы инвестициялық жобасы қаржыланды.
- «Орда» бағдарламасы бойынша 23,5 млрд теңгеге 1 761 ипотекалық қарыз берілді.
- 48,8 млн теңге сомаға ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқығы сатып алынды.
- 8,8 млрд теңгеге кейіннен сатып алынатын 742 пәтер жалға берілді.
- Құрылыс материалдары бар онлайн-платформа құрылды www.material.kz.

«KAZAKHEXPORT» ЭКСПОРТТЫҚ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ миссиясы қазақстандық шикізаттық емес тауар өндірушілерді және сыртқы нарықтарда қызмет көрсетушілерді жылжытуға және экспортты қолдаудың тиімді қаржылық шараларын ұсыну есебінен олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге қолдау көрсету болып табылады.

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
ROE, %	3,8	4,1	1,8
ROA, %	3,4	3,7	1,53
Борыш/капитал	0,11	0,12	0,2
Активтер, млрд теңге	88,2	122,9	139,4
Активтер өсімі, %	81	39	13,5
Таза пайда, млрд теңге	2,4	3,9	2,0

Қызметтің негізгі нәтижелері

- 100,2 млрд теңгеге мемлекеттік кепілдік лимиті ұлғайтылды.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ 5 млрд теңге сомаға капиталдандыру жүзеге асырылды.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ сақтандыру қорғанысы болған жағдайда қаржы институттарының саудалық қаржыландыру мөлшерлемесін, отандық өңделген тауарлар мен қызметтерді шетелдік сатып алушылардың екінші деңгейдегі банктерін

- субсидиялауды енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына түзетулер енгізілді («Өнеркәсіптік саясат туралы» заң).
- Экспортушыларға жалпы сомасы 326,5 млрд теңгеге қолдау көрсетілді.
- Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі 2020 жылғы 134,6 млрд теңгеден 2021 жылғы 204,7 млрд теңгеге дейін артты.
- 2021 жылы 81 экспорттаушыға қолдау көрсетілді, оның ішінде 26-ына – алғаш рет.

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ

«ҚазАгроҚаржы» АҚ міндеті сапалы әрі бәсекеге қабілетті лизингтік қызметтерді көрсету жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жасақтауға қолдау көрсету болып табылады.

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2021 жыл
ROE, %	13,36
ROA, %	4,52
Борыш/капитал	1,60
Активтер, млрд теңге	413,3
Таза кіріс, млрд теңге	17,3

Қызметтің негізгі нәтижелері

- Ауыл шаруашылық техникасы мен жабдығының лизинг көлемі 141,6 млрд теңгені құрады.
- АӨК 3 161 субъектісі қаржыланды.
- 2021 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның портфеліндегі белсенді клиенттер саны 9 583 бірлікті құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 16%-ға артық (8 263 АШТӨ). Шағын және орта бизнес басым үлеске ие – бұл шамамен 93%.

«АГРАРЛЫҚ КРЕДИТ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ

«Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ міндеті – жеке қаржы институттарын қатыстыру және АӨК субъектілерінің құзіреттілігін арттыру арқылы қаржыландырудың қолжетімді әрі тиімді жүйесін құру жолымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытуға қолдау көрсету.

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2021 жыл
ROE, %	3,97
ROA, %	1,28
Борыш/капитал	1,98
Активтер, млрд теңге	806,5
Таза кіріс, млрд теңге	8,7

Қызметтің негізгі нәтижелері

- 2021 жылы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қосу жолымен «АКК» АҚ қайта ұйымдастыру жүзеге асырылды, осыған байланысты «АКК» АҚ қызметі, АӨК субъектілерін кредит беруден басқа, агроөнеркәсіптік кешендегі сақтандыру саласында оператордың функцияла-

- рын және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы сенімді агенттің функцияларын жүзеге асырады.
- 2021 жылы жүзеге асырылатын кредит беру бағдарламалары шеңберінде жалпы сомасы 322,5 млрд теңгеге 19,6 қарыз алушы қаржыланды. Несиелік портфельдегі АӨК субъектілерінің жалпы саны 75 468 бірлікті құрады. 2021 жылы қаржыландыру 4 бағдарлама бойынша жүзеге асырылды:
 - «Агробизнес» (169,4 млрд теңгені құрайтын жоспар кезінде игеру фактісі 171,3 млрд теңгені құрады);
 - «Кең дала» (70 млрд теңгені құрайтын жоспар кезінде орындалу 70 млрд теңге);
 - «Іскер» (12,5 млрд теңгені құрайтын жоспар кезінде орындалуы 12,5 млрд теңге);
 - Микрот кредит беру (67,6 млрд теңгені құрайтын жоспар кезінде игеру фактісі 68,6 млрд теңге).

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау жөніндегі есеп

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
1.	Өкілеттіктерді шектеу қағидаты		
1.1.	Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі. Мемлекеттік орган Холдингтің Жалғыз акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және Холдингтің мүдделеріне де, Жалғыз акционердің мүдделеріне де ықпал етпейтін мүдделер қайшылығын болдырмау мақсатында мемлекеттік функцияларды орындауға байланысты өкілеттіктерді шектейді. Мемлекеттік орган Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің рентабельділігін қамтамасыз ету және Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қатысатын мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру мақсатында Холдингтің Жалғыз акционерінің функцияларын жүзеге асырады. Холдинг және оның еншілес ұйымдары өз қызметін өзінің негізгі (бейінді) қызметі шеңберінде жүзеге асырады. Холдингте және оның еншілес ұйымдарында активтердің оңтайлы құрылымын құру керек, олар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша жеңілдетуге ұмтылуы тиіс. Жаңа ұйымдарды құру кезінде басым ұйымдық-құқықтық нысан жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Холдинг сондай-ақ кейбір функцияларды орталықтандырылған басқаруды (жоспарлау, қазынашылық, мемлекеттік органдармен өзара ісқимыл, тәуекелдерді басқару, ақпараттық технологиялар, құқықтық қамтамасыз ету, ішкі аудит және басқалар) қамтитын еншілес ұйымдарды басқарудың басқа да ықтимал тетіктерін қабылдайды.	Сақталады	Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Холдинг органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты аражігін ажыратуды көздейді. Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасымен, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысымен айқындалады. ЖА, ДҚ, Холдинг Басқармасының қызметі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңымен, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ЖА 23.12.2014 ж. шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысымен (Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің № 279 бұйрығы), сонымен қатар Холдингтің ішкі құжаттарымен реттелген, атап айтқанда: <ul style="list-style-type: none"> • «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ЖА 08.12.2020 ж. шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің № 650 бұйрығы); • «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ДҚ 11.10.2013 ж. шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқармасы туралы ережесі (№ 4 хаттама). ҚР Үкіметінің 30.03.2021 ж. № 175 «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес Холдинг акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне табысталды (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ). Осылайша, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 166-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖА құзіретіне жатқызылған сұрақтар бойынша Холдинг акционері ретінде мемлекет мүддесін ҚР ҰЭМ танытуындағы мемлекеттік орган танытады Атап айтқанда, 30.03.2021. бастап ҚР ҰЭМ ЖА қызметін Холдинг пен оның ЕҰ қызметінің рентабельділігін қамтамасыз ету және Холдинг пен оның ЕҰ қатысатын мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды орындау мақсатында жүзеге асырып келеді. Бұл ретте ҰЭМ өзінің Холдингтің ЕҰ ретінде өкілеттіктері мен өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген мемлекеттік міндеттерді орындаумен байланысты өкілеттіктердің аражігін ажыратып отырды.

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>Холдинг өз қызметінде индустриалды-инновациялық даму, ұлттық өнім экспортын ілгерілету, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді жүзеге асыру, халықтың әл-ауқатын арттыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сонымен қатар Президент пен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген басқа да міндеттерді басшылыққа алады.</p> <p>Холдингтің міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> өзара іс-қимылды басқару, үйлестіру, компанияның қорын тиімді бөлу; кластерлік бастаманы жүзеге асыру – қазіргі индустриалды-инновациялық кластерлердің жұмысын жаңарту және жаңаларын құру; ұлттық және халықаралық инвесторлармен бірігіп, жобалық басқаруды дұрыс ұйымдастыру мен терең салалық зерттеулер базасында жаңа жобалар бастамасын көтеру; сарапшылық сүйемелдеу, қаржыландыру, ұзақ мерзімді тапсырыстар алу, басқа да ресурстық қамтамасыз ету саласындағы ірі индустриалдық жобаларды институционалдық қолдау; жаңа өндірістерді жоғары білікті мамандармен кадрлық жинақтау үшін технологиялық полигондарды құру; Қазақстан халқы арасында кәсіби деңгейде индустриаландыру бағдарламаларын насихаттау; компанияларда корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесін енгізу. <p>2021 жылы Холдинг пен оның ЕҰ жарғылардың өзектілігін арттыру жұмысын жүргізді.</p> <p>2021 жылы Холдинг компанияларының Тобына оның келесі еншілес ұйымдары кірді: «Қазақстан даму банкі» АҚ, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ, «Отбасы Банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «QazTech Ventures» АҚ, «Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ (бұрынғы атауы – «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы), «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС.</p> <p>Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін бюджеттен тыс инвестицияларды тарту жөніндегі қаржылық операциялар мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жолымен мемлекеттің активтерін ұлғайту мүмкін болатын және Холдингтің еншілес ұйымдары болып табылатын өндірістік – қаржы компаниялары акционерлік қоғам түрінде құрылған, оларға ҚТК жатады.</p>

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру жөніндегі ЖҰЖ 77-тармағын орындау үшін 2021 жылы Холдинг ДБ, ҚИК және ТҚКК акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру және Бірыңғай операторға ДАМУ жеке құрылыс салушылардың кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау міндетін табыстау жолымен Бірыңғай операторды құру жұмысын жүзеге асырды. Нәтижесінде КТҚ бірыңғай операторға айналды (бұрын ҚИК деп аталған).</p> <p>Холдинг өкілдерін Холдинг ЕҰ бола отырып, еншілес ұйымдарды басқаруды жүзеге асыратын стратегиялық орган ретінде еншілес ұйымдарының директорлар кеңесінің жұмысына белсенді тарту арқылы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру Холдинг қызметінің экономикалық және операциялық тиімділігін арттырудың негізгі жолдарының бірі болып табылады.</p>
2.	Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты		
2.1	Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Холдингке және оның еншілес ұйымдарына инвестициялар тарту үшін негізгі шарт болып табылады. Осыған байланысты Холдингте және оның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Холдингтің тиімді қызметіне ықпал етуге және қызметтің рентабельділігіне қол жеткізуге бағытталған.	Сақталады	<p>Холдинг пен оның еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқару ЖА құқықтары мен заңды мүдделерін қорғап, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделген және Холдингтің тиімді қызметіне ықпал етуге және қызметінің рентабельділігіне қол жеткізуге бағытталған.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереженің 1-тарауының 2-тармағына сәйкес ДК қызметі тиімділік пен жауапкершілік, ЖА мен Холдингтің мүдделерін барынша сақтап, жүзеге асыру, сонымен қатар ЖА құқықтарын қорғау, Холдинг қызметі үшін жауапкершілік қағидаларына негізделеді.</p> <p>ҚР Үкіметінің 30.11.2021 ж. № 849 қаулысымен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2014–2023 жылдарға¹ арналған өзектендірілген Даму жоспары бекітілді, ол ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын, салалық Ұлттық жобаларды, Холдинг жүзеге асыруға қатысатын ҚР Президентінің жолдауларын, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-мен бірігуді және Холдингтің ЕҰ қайта ұйымдастыруды қамтиды.</p> <p>Холдингтің тиімді қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруы мақсатында Холдинг Басқармасының ұсынымы бойынша Холдингтің ДК жыл сайынғы негізде Холдингтің даму жоспарын бекітіп отырады, оған негізгі көрсеткіштер, сонымен қатар активтердің рентабельділік көрсеткіштері (минималды оң мәннен төмен емес – шығынсыз қызметті қолдау) кіреді. Осы көрсеткішке жету жолындағы іс-шаралар ретінде Холдинг клиенттері үшін қаржы құралдарының қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында мүмкін болатын минималды сыйақы мөлшерлемесі кезінде еншілес ұйымдардың негізгі қызметінен табыс алу, сонымен қатар уақытша бос ақша қаражаты арқылы депозиттер мен ағымдағы шоттар бойынша сыйақы алу көзделеді. Сонымен қатар, Холдинг өзінің активтеріндегі кредиттік және инвестициялық портфельдер үлесін 2023 жылы 77%-ға дейін арттыру жөніндегі стратегиялық мақсатты көздейді («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ активтерінің қазынашылық портфельге салынбай, экономиканы дамыту үшін жұмыс істеуі маңызды).</p>

¹ ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына сәйкес «Даму стратегиясы» ұғымы «Даму жоспары» болып өзгертілді.

Рет- тік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ сақталмай- ды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар	Рет- тік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ сақталмай- ды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>2021 жылы ЖА келесі құқықтарды жүзеге асырды:</p> <ol style="list-style-type: none"> Холдингтің ДК 29.01.2021 ж. шешіміне сәйкес (№ 01/21 хаттама): <ul style="list-style-type: none"> жарияланған акциялар саны шегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 5 000 000 жәй акциясын орналастыру, орналастыру әдісі мен бағасы туралы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акцияларын Холдингтің ЖА 09.03.2021 ж. орналастырып, 09.03.2021 ж. төледі (реттік № 102294239); «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамын қосу жолымен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру жөніндегі шешім қабылдау туралы», «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының акцияларын орналастыру (өткізу) тәртібі, мерзімдері мен бағасы туралы мәселені «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы; ДК құрамындағы ЖА өкілі – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Б. Атамқұлов 2021 жыл ішінде Холдингтің ДК отырыстарына қатысып, онда қарастырылған мәселелер бойынша дауыс берді; Холдингтің ЖА 27.01.2021 ж. шешімі негізінде (Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің № 37 бұйрығы) ДК мүшелері болып табылатын Холдинг директорларының Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Р.Е. Даленовтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды, оның орнына Холдингтің ДК құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ә.А.Ерғалиев сайланды. 2021 жылдың тамыз айында Холдинг Холдингтің ЖА шешіміне сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің ЖА дивиденд төлемін жүргізді (Қазақстан Республикасының Бірінші Ұлттық экономика вице-министрінің 17.08.2021 ж. № 233 бұйрығы); Холдинг өзінің қызметі туралы ақпарат алуға ЖА құқығын қамтамасыз ету мақсатында өз қызметі туралы, сонымен қатар өзінің қаржылық жағдайы туралы, экономикалық көрсеткіштері, негізгі қызметінің нәтижелері туралы сәйкес ақпаратты Холдингтің веб-сайтында, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-қорында, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының электронды құжат айналымы жүйесінде орналастырды. 12.07.2021 ж. (шығ. № 07-2-29/3444) ҚР ҰЭМ-нің бекітуіне Холдингтің ДК 27.05.2021 жылғы шешімімен алдын ала бекітіліп (№ 03/21 хаттама), кейін Холдингтің ЖА 17.08.2021 ж. шешімімен бекітілген Холдингтің 2020 жылға арналған аудит жүргізілген жылдық қаржы есептілігі жіберілді. 				<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысымен акцияларының жүз пайызы республикалық меншікке тиесілі «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2020 жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған жылдық қаржы есептілігінде көрсетілген таза табысының 14,2 (он төрт бүтін оннан екі) пайызы мемлекеттік акциялар пакетіне дивиденд төлеуге жұмсайды деп белгіленген.</p> <p>Қазақстан Республикасының Бірінші ұлттық экономика вице-министрінің 17.08.2021 ж. № 233 бұйрығына сәйкес мемлекеттік акциялар пакетіне дивиденд төлеміне Холдинг 2020 жылдың қорытындысы бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> таза шоғырландырылған табыстың 14,2%-н немесе 10 368 337 863 теңгені жұмсады.
				3.	Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты		
				3.1	<p>Директорлар кеңесі Холдингтің стратегиялық басқаруын және Басқарма қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.</p> <p>Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын, сондай-ақ осы Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді.</p> <p>Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі директорлар кеңесінің және құрамына кіретін комитеттің отырыстарына қатысады. Осы нормадан ауытқуға Директорлар кеңесі туралы ережеде айтылған ерекше жағдайларда жол беріледі.</p> <p>Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Холдингтің Жарғысымен айқындалады, бірақ оның мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.</p>	Орындалады	<p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Жарғысының 10-бабы 55-тармағына сәйкес Холдингтің ДК Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Жарғымен ЖА айрықша құзіретіне жатқызылғандарды қоспағанда, Холдинг қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асырады.</p> <p>ДК ЖА-ң алдында өз қызметінің толық мөлдірлігін, сонымен қатар Кодекстің барлық ережелерін енгізуді, оның ішінде Кодекстің қағидалары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы жылдық есеп арқылы қамтамасыз етеді.</p> <p>Холдингтің ДК өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Кодексті, Директорлар кеңесі туралы ережені және Холдингтің өзге ішкі құжаттарын басшылыққа алады.</p> <p>Кодексте көрсетілген және ДК ерекше назар аударатын мәселелерді Холдингтің ДК бетпе-бет кездесу барысында қарастырады.</p> <p>2021 жылы Холдингтің ДК 7 отырысы өткізілді (5 бетпе-бет және 2 сырттай). Өткізілген отырыс қорытындысы бойынша ДК мүшелерінің 85 пен 100% аралығындағы жоғары деңгейде келуі/қатысуы талап етіледі.</p>

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар	Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
3.28	Өз міндеттерін орындау үшін Корпоративтік хатшы білімі, тәжірибесі мен біліктілігі, адал іскерлік беделі бар. Холдингтің мөлшеріне және оның қызметінің ауқымына қарай Корпоративтік хатшы қызметі құрылуы мүмкін. Корпоративтік хатшы лауазымына жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімі бар, кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі және корпоративтік басқару және корпоративтік құқық саласында практикалық білімі бар тұлға тағайындалады. Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылған материалдардың толықтығы мен пайдалылығы мезгіл сайын талқыланады. Осы талқылаулардың нәтижелері Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін бағалау үшін негіз болады. Холдингте Корпоративтік хатшыға қатысты лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленуде. Корпоративтік хатшыны тағайындау Холдингтің ішкі құжаттарында бекітілген ашық және айқын рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.	Жиі орындалады	Холдингтің Корпоративтік хатшысының міндеттерін атқарушы – Қазақстан Республикасы Премьер-министрі кеңесінің басшысы Г.Т. Қойшыбаевтың жеткілікті білімі, тәжірибесі мен біліктілігі, мінсіз іскерлік беделі бар және ол Холдингтің ДК пен ЖА сеніміне ие. 2013 жылы Холдингте КХҚ құрылған, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшының қызметі туралы Ереженің 2-тарауының 10-тармағына сәйкес оның қызметінің басты міндеті Корпоративтік хатшыға жүктелген функциялардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету болып табылады. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы туралы ереженің 1-бабының 1.3. тармағына сәйкес Холдингтің ДК Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Кеңесінің басшысына Холдингтің Корпоративтік хатшысының міндеттерін жүктеу туралы шешім қабылдауға құқылы. ДК отырыстарын дайындау мен өткізу тиімділігін арттыру мақсатында КХҚ ДК мүшелеріне ұсынылатын материалдың толықтығы мен пайдалы жақтарының талдауы жасалды. КХҚ 2019 жылы әзірлеген түсіндірме хаттары мен шешім жобаларының үлгілері, материалдар ДК қарауына шығарылатын мәселелер бойынша ДК мүшелеріне анағұрлым қажетті ақпаратты қамтиды. Холдингте Холдингтің ДК 22.06.2020 ж. шешімімен (№ 06/20 шешім) бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының жаңа тағайындалған корпоративтік хатшысы лауазымына енгізу Бағдарламасы жұмыс істейді, ол Корпоративтік хатшыны Холдингтің қызметімен; Холдингтің тарихымен, ЖА, ДК, Басқарма мен Холдингтің ҚБ жұмысымен, Холдингтің ішкі құжаттарымен, сонымен қатар Холдингтің қызметін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілермен, атап айтқанда Корпоративтік хатшының өзінің қызметімен таныстыру рәсімін қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Холдинг қызметінің ерекшелігімен және Холдингтің Корпоративтік хатшысының міндеттерін орындаумен байланысты Қазақстан Республикасы Премьер-министрі кеңесінің басшысы Холдингте Корпоративтік хатшыға қатысты мирасқорлықты жоспарлау бағдарламаларын әзірлеген жоқ. Корпоративтік хатшының функциялары, құқықтары мен міндеттері, Холдинг органдарымен өзара әрекеттесу тәртібі, Корпоративтік хатшының лауазымына қойылатын біліктілік талаптары «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Холдингтің ДК 25.09.2013 ж. шешімімен (№ 3 шешім) бекітілген Корпоративтік хатшы туралы ережесімен реттелген. Холдинг Басқармасының тарапынан Холдингтің Корпоративтік хатшысының міндеттерін атқарушы мен КЖЖ жан-жақты қолдау көрсетіледі.	3.29	Іскерлік этика қағидаттарын сақтау, Холдингте туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Холдинг қызметкерлері арасынан Омбудсмен тағайындалады. Холдингтің жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылды және жұмыс істейді. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйеленген және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.	Орындалады	Іскерлік этика қағидаларын сақтау, Холдингте туындап отыратын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Холдингтің ДК 19.07.2021 ж. шешімімен (№ 04/21 хаттама) Холдинг қызметкері М.Д. Турганованың, Корпоративтік хатшының орынбасары – Холдингтің Омбудсмені Холдингтің ДК 24.07.2017 ж. шешімімен тағайындаған Холдингтің КХҚ басшысының өкілеттігі 2 (екі) жыл мерзімге ұзартылды (№ 06/17 хаттама), ол мінсіз іскерлік беделге, жоғары құрметке ие, сонымен қатар риясыз шешім қабылдауға қабілетті. Холдингтің жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін Холдингтің ДК 23.07.2013 ж. шешімімен (№ 1 хаттама) Холдингтің ІАҚ құрылған. ІАҚ сандық құрамы Холдингтің ДК 20.09.2018 ж. шешімімен (№ 08/18 хаттама) осы шешімге енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Холдингтің ДК 23.07.2013 ж. шешімімен 3 қызметкерден тұратын құрамда белгіленді (№ 1 хаттама). Холдингтің ІАҚ жұмыскерлері Холдингтің ДК мен Басқарма мүшелері болып табылмайды. Холдингтің ІАҚ тікелей Холдингтің ДК-не бағынады, аудиторлық қорытындыларды, бағалаулар мен ұсынымдарды қалыптастыратын кезде Холдинг Басқармасына тәуелсіз болып табылады. 2020 жылы Холдингтің ІАҚ басшылығымен Холдингтің ДК АЖК мүшелерінің кездесу өткізу тәжірибесі енгізіліп, 2021 жылы жалғасын тапты (Холдинг басшылығының қатысуынсыз).
				3.35	Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасын қоспағанда) сайлайды, өкілеттік мерзімін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, олардың еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындайды. Басқарма құрамына кандидаттарды іздеу және іріктеу, олардың сыйақысын анықтау процесінде Холдингтің Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті маңызды рөл атқарады. Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің қарауына Басқарма құрамына сайлауға кандидаттар бойынша ұсыныстарды Басқарма Төрағасы енгізеді. Басқарма басшысының Басқарма құрамына сол бір бос лауазымға екінші рет ұсынған кандидатты Директорлар кеңесі қабылдамаған жағдайда, осы бос лауазымға кандидат бойынша ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне ауысады.	Ішінара орындалады	Холдингтің ДК 15.05.2019 ж. шешімімен (шешім № 04/19) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының құрамы сайланды, өкілеттік мерзімі, лауазымды жалақы мөлшерлері, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы мен сыйақы төлеу талаптары және мөлшерлері белгіленген. Сонымен қатар «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасына құрамына ұсынылатын кандидаттарға және олардың лауазымды жалақы мөлшерлеріне қатысты ДК үшін сәйкес ұсынымдар Холдингтің ДК ККВСВ 02.05.2019 ж. құрылды (шешім № 02/19). Басқарма құрамына сайлауға кандидаттар жөніндегі ұсыныстарды Холдингтің ДК КСӘСК қарауына Холдинг Басқармасының Төрағасы шығарады. Басқарма Төрағасы ДК-нен Басқарма құрамындағы лауазымға ұсынған кандидаттарды қабылдау жағдайлары болған жоқ. 2021 жылы ДК КСӘСК 26.05.2021 ж. шешімімен (хаттама № 03/21) Басқарманың сандық құрамын анықтау, Холдингтің Басқарма құрамына жаңа мүшелерді сайлау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымды жалақы мөлшерін анықтау жөніндегі ұсынымдар берілді.

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
4. Тұрақты даму қағидаты			
4.1	<p>Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты 39 дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын сезінеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының тұрақты дамуына ықпал ететін болады.</p> <p>Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимыл жасау кезінде мүдделі тараптармен айқындау мен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарын пайдаланады.</p> <p>Холдингтің Директорлар кеңесі стратегиялық басшылықты және тұрақты дамудың енгізілуіне бақылауды жүзеге асырады. Холдинг Басқармасы тиісті іс-шаралар жоспарын қалыптастырады.</p> <p>Холдингте және оның еншілес ұйымдарында тұрақты негізде оқыту және біліктілікті арттыру бағдарламалары жүргізіледі. Оқыту тұрақты дамуды енгізуде тұрақты элемент болып табылады. Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары қызметті жүргізу және міндеттерді орындау кезінде мәдениетті, мінез-құлықты өзгерту және тұрақты даму принциптерін түсіну және ұстанушылық негізінде қызметкерлердің тұрақты дамуға тартылуына ықпал етеді. Холдингте жыл сайынғы негізде қызметкерлердің тартылуы мен қанағаттануы бойынша зерттеулер жүргізіледі.</p> <p>Холдинг пен еншілес ұйымдар әріптестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын енгізуді және сақтауды талқылайды.</p>	Сақталады	<p>Өзінің экономикаға, экология мен қоғамға ықпалының маңыздылығын түсіне отырып, Холдинг мен оның ЕҰ-да өз қызметіне тұрақты даму қағидаларын енгізуге бағытталған жұмыс жүргізіледі.</p> <p>Холдинг мен оның ЕҰ бизнес пен қоғам мүдделерінің теңгерімділігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар ұзақ мерзімді кезең ішінде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін өз қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді басқаруға тырысады.</p> <p>Холдинг өз қызметін тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды ескере отырып әзірленген және Холдингтің ДК 26.11.2020 ж. шешімімен бекітілген (№ 10/20 хаттама), «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясатында қарастырылған қағидалар мен ережелерді ескере отырып жүзеге асырады.</p> <p>Холдингтің ЕҰ-да «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы ережелерін ескеретін тұрақты даму саласындағы ұқсас саясаттар бекітілген.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саясатында тұрақты даму дегеніміз Холдинг өз қызметін жүзеге асыратын кезде басшылыққа алатын міндеттемелер мен қағидалар жиынтығы деп белгіленген, атап айтқанда: мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасты басқару; ұлттық экономикаға, әлеуметтік салаға және экологияға әсерді бағалау және басқару.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясаты Холдингтің адам құқығын қорғау, еңбек арақатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы БҰҰ Жаһандық шартының қағидаларына бейілділігін қарастырады, Холдинг оларды мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу шеңберіне де ескереді.</p> <p>Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және жан-жақты әрекеттесу ұстанымының Холдинг пен оның ЕҰ тұрақты дамытуға ықпал ететінін назарға ала отырып, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясаты AA1000SES мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жөніндегі халықаралық стандартқа негізделген мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жөніндегі қағидаларды реттейді (атап айтқанда, бұл біздің байыптылық, толықтық және қарсы әрекет ету қағидаларымыз).</p> <p>Өз стейкхолдерлерімен конструктивті диалог құрып, табысты ынтымақтастыққа бағытталған қажетті іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Холдинг Басқармасының 17.11.2021 ж. шешімімен (хаттама № 62/21) Холдингтің стейкхолдерлер картасы жандандырылды, ол мүдделі тараптардың тізімін, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу стратегиясына әсер ету деңгейін анықтайды.</p> <p>Холдингтің ДК 2021 жылғы 19 шілдедегі шешімімен (хаттама № 04/21) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2020 жылғы тұрақты дамуы туралы есеп қарастырылды.</p>

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
			<p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясатының 3-бөлімі 1-тарауының 71-тармағына сәйкес Холдингтің ДК стратегиялық бағытты және тұрақты дамудың енгізілуін бақылауды жүзеге асырады. Холдинг Басқармасы тұрақты даму саласындағы сәйкес іс-шаралар жоспарын бекітеді.</p> <p>Тұрақты даму мәселелері бойынша ұсынымдарды дайындау мақсатында Холдингтің 13.11.2018 ж. ДК шешімімен (№ 10/18 шешім) тұрақты даму сұрақтарын алдын ала қарастыру функциясы Холдингтің ДК СЖК құзіреті шеңберіне берілді.</p> <p>БК қызметкерлерінің тұрақты даму тақырыбы бойынша оқыту жыл сайын Холдингтің тұрақты дамуы жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізіліп отырады.</p> <p>Сонымен қатар «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021 жылға арналған Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру шеңберінде Холдинг қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға бағытталған келесі іс-шаралар өткізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тұрақты даму саласындағы өзекті трендтер; • мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу; • қаржылық есептілік: функциялар мен форматтар; • GRI Standards шолуы; • ESG-рейтингтері; • ESG-факторлары және жауапты инвестициялау. <p>Холдингте жыл сайын қызметкерлерді қатыстыру мен олардың қанағаттануы бойынша зерттеулер өткізіліп отырады.</p> <p>2021 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг қызметкерлерінің оқумен қамтылуы 81%-ды құрады.</p> <p>Холдингте жыл сайын қызметкерлерді қатыстыру мен олардың қанағаттануы бойынша зерттеулер өткізіліп отырады.</p> <p>Холдингтің Компаниялар тобы персоналының 2021 жылғы біріктірілген қатысу көрсеткіші 75% құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 5%-ға төмен. Холдинг өз қызметкерлерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған негізгі әлеуметтік кепілдіктермен және өтемақылармен қамтамасыз етеді, сонымен қатар кезекпен қосымша әлеуметтік бағдарламалар мен жеңілдіктерді жүзеге асырып, дамытады.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы саясатында Холдингтің тұрақты даму қағидаларын сәйкес серіктестермен тұрақты даму мақсаттарына қатысты келісім деңгейін арттыру үшін жасалатын келісімшарттарға (келісімдер, шарттар) енгізу мүмкіндігін қарастыратыны туралы норма бекітілген (3-бөлім 2-тараудың 86-тармағы).</p> <p>Сонымен қатар серіктестермен жасалатын сәйкес келісімшарттарға (келісімдер, шарттар) тұрақты даму стандарттары мен қағидаларын енгізу және оларды сақтау қамтамасыз етіледі. Серіктестіктермен бірге тұрақты даму стандарттары мен қағидаларын енгізу жөніндегі кешенді іс-шаралар қолданылады.</p> <p>«2019–2020 жылдарға арналған «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының корпоративтік басқаруын жетілдіру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде тұрақты даму қағидаларын ескере отырып, сатып алу шарттың үлгілік нысаны жандандырылды.</p>

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты			
5.1	Холдингте Холдингтің өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімді қамтамасыз етуге бағытталған және Холдингтің Директорлар кеңесі мен Басқармасы мыналарды қамтамасыз ету үшін құрған ұйымдастыру саясаттарының, рәсімдерінің, мінез-құлық нормалары мен іс-қимылдарының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі жұмыс істейді:	Орындалады	Холдингте ТДС Холдинг компаниялары тобының стратегиялық мақсаттарын табысты жүзеге асыру үшін маңызды шешуші мәнге ие және стратегиялық, басқарушылық, қаржылық, инвестициялық шешімдерді қабылдайтын кезде маңызды рөл атқарады. Холдингке корпоративті ТДС енгізу қажетті инфрақұрылым мен мәдениетті орнату мен дамытуды білдіреді, сонымен қатар шығынның алдын алып, пайданы барынша арттыру мақсатында сәйкестендірудің, талдау мен бағалаудың, мониторингтеудің, Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының барлық қызмет бағытына, функциясына немесе процестеріне тән тәуекелдерді бақылау мен басқарудың қисынды және жүйелі әдістердің қолданылуын қамтиды. Холдингтің тәуекелдерін басқару процесінің негізгі элементі болып оның ұйымдастыру ерекшеліктерімен, қызметінің негізгі қағидаларымен, бизнес-процестермен біріктіру және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне қатысуы табылады. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Тәуекелдерді басқару саясаты шеңберінде өз қызметін жүзеге асыру үшін Холдинг ЖА, ЕҰ және өзге мүдделі тараптар үшін тәуекелдерді жүзеге асыру зардаптары мен мүдделерін ескереді. Холдингтің тәуекелдерін басқару процесінің негізгі қағидалары болып мыналар табылады: <ul style="list-style-type: none"> • тұтастық – Холдинг пен ЕҰ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлігінде Холдинг пен ЕҰ жиынтық тәуекелінің элементтерін қарастыру; • ашықтық – автономды немесе ерекше ретінде тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін қарастыруға тыйым салу; • құрылымдық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесінің нақты құрылымы бар; • ақпараттылық – тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді; • үздіксіздік – тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады; • кезеңділік – тәуекелдерді басқару процесі дегеніміз оның негізгі құрамдас бөліктерінің тұрақты қайталанып отыратын нақты құрылған кезеңі. Холдингтің ІАҚ – ішкі аудитті жүзеге асыратын орган (ІАҚПХН анықтамасына сәйкес) – ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультацияларды ұсыну қызметі. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға, бақылау мен корпоративтік басқаруға қатысты жүйелі әрі кезекті ұстанымды қолдана отырып, ұйымға көздеген мақсаттарына жетуге көмектеседі. Холдингтің Тобына кіретін акционерлік қоғам түрінде әрекет ететін барлық ЕҰ-да жеке органдар – ІАҚ құрылған, олар ұйымның қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру қызметін жүзеге асырады.
	1) Холдинг қызметінің рентабельділігі, стратегиялық мақсаттар мен оларға ілесіп жүретін тәуекелдердің арасындағы оңтайлы теңгерім; Холдинг қызметінің рентабельділігі, стратегиялық мақсаттар мен оларға ілесіп жүретін тәуекелдер арасындағы оңтайлы балансты;		
	2) қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін және Холдингтің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуді;		
	3) Холдинг активтерінің сақталуын және ресурстарын тиімді пайдалануды;		
	4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығын, сенімділігі мен дұрыстығын;		
	5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарын сақтауды;		
	6) алаяқтықты болдырмау және негізгі және қосалқы бизнеспроцестердің жұмыс істеуін тиімді қолдауды қамтамасыз ету және қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылауды.		
	Холдингте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің және корпоративтік басқару практикасының сенімділігі мен тиімділігін жүйелі тәуелсіз бағалау үшін Ішкі аудит қызметі құрылды. Холдинг тобына кіретін еншілес ұйымдарда сондай-ақ жекелеген органдар – ішкі аудит қызметтері құрылады.		

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
	Ішкі аудит қызметі өз қызметін Холдингтің Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған (жылдық) аудиторлық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері, түйінді табулар мен тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Холдинг тәуелсіз аудиторды тарту арқылы қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді, ол мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның Халықаралық қаржылық есептілік стандартының талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді.		2021 жылы Холдингтің ІАҚ өз қызметін Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Ішкі аудит қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған Аудиторлық жоспары негізінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ДК 26.11.2020 ж. бекітілген шешімі негізінде жүзеге асырады (№ 10/20 хаттама). Холдингтің ДК 25.11.2021 ж. шешімімен (№ 07/21 хаттама) 2022 жылға қатысты жандандырылған «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Ішкі аудит қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған Аудиторлық жоспары бекітілді. Аудиторлық есеп нәтижелері, негізгі анықтаулар және сәйкес ұсынымдар тоқсан сайын ДК қарауына шығарылып отырады. 03.04.2019 ж. Холдинг 2019–2021 жылдарға арналған қаржы есептілігінің аудиті туралы ұзақ мерзімді шарт жасады. Сыртқы аудиторды таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылды, бұл ретте біліктілік талаптары Холдингтің ДК АЖК-мен 22.11.2018 ж. мақұлданды (хаттама № 09/18). Холдингтің 2019–2021 жылдарға арналған қаржы есептілігінің аудитін өткізу үшін аудиторлық ұйымды белгілеу және оның қызмет ақы төлемі туралы шешімді (шешім № 04/19) Холдингтің ДК 15.05.2019 ж. Холдингтің ДК АЖК алдын ала мақұлдауымен қабылдады (02.05.2019 ж. № 02/19 шешім). 2021 жылғы 27 мамырда Холдингтің ДК бетпе-бет отырысы барысында (хаттама № 03/21) Холдингтің ЖА кейіннен қарастырып, бекітуіне шығару үшін Холдингтің 2020 жылға арналған аудит өткізілген жылдық шоғырландырылған есебі алдын ала бекітілді. 2021 жылғы 17 тамызда Қазақстан Республикасының Бірінші ұлттық экономика вице-министрінің «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2020 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін бекіту және таза табысын бөлу тәртібі туралы» № 233 бұйрығы негізінде Холдингтің 2020 жылға арналған аудит өткізілген жылдық қаржы есептілігін ЖА бекітті.
6. Корпоративтік қайшылықтарды және мүдделер қайшылығын реттеу қағидаты			
6.1	Директорлар кеңесінің және Холдинг Басқармасының мүшелері, Холдинг қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын акционерлер мен Холдинг мүддесінде қайшылықтардан аулақ адал және ақылға қонымды түрде орындайды. Корпоративтік қайшылықты бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдай жасау мақсатында, қайшылық мүдделерін қозғайтын немесе қозғауы мүмкін тұлғалар оны реттеуге қатыспайды. Корпоративтік қайшылықтарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі. Директорлар кеңесі өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік қайшылықтарды реттеуді жүзеге асырады.	Сақталады	Холдингтің ДК мен Басқарма мүшелері Холдингтің қызметкерлері сияқты өз лауазымдық міндеттерін адал әрі парасатты түрде, мүдде дауына жол бермей, Холдинг пен ЖА мүддесінде ерекше қамқорлықпен және аса қырағылықпен орындайды. Олар өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына ғана емес, этикалық стандарттар мен іскерлік этиканың жалпылай қабылданған нормаларына толық сәйкестікті қамтамасыз етеді. Мүдде дауына жол бермеу ЖА, Холдингтің, Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделерін қамтамасыз етудің маңызды талабы болып табылады. 2021 жылы Холдингте корпоративтік даулар мен мүдде дауымен байланысты жағдайларға жол бермеу нәтижелері туралы жағдайлар тіркелген жоқ. 2021 жылы Корпоративтік хатшының және/немесе Корпоративтік дау Омбудсменінің қолдауымен Холдинг органдарының қарастыру қажеттілігімен байланысты жағдайлар туындаған жоқ.

Реттік №	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/сақталмайды	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
7.	Холдингтің қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары		
7.1	<p>Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жай-күйін, қызмет нәтижелерін, меншік пен басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және дұрыс ашады.</p> <p>Холдингте ақпаратты ашу жүйелілігін қамтамасыз ету үшін ақпаратты ашу және қорғау қағидаттары мен тәсілдерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпарат тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, функциялары мен міндеттерін көрсете отырып, жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелерді айқындайтын ішкі құжаттар бекітіледі.</p> <p>Интернет-ресурс құрылымдалған, навигацияны пайдалану үшін ыңғайлы болып табылады және Холдинг қызметін түсіну үшін мүдделі тұлғаларға жеткілікті ақпаратты қамтиды. Ақпарат интернет-ресурстың жеке тақырыптық бөлімдерінде орналасуы ұсынылады.</p> <p>Холдинг осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес жылдық есепті дайындайды. Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.</p>	Орындалады	<p>Холдинг өз қызметінде мөлдірліктің жоғары стандарттарын ұстанады, Холдинг туралы ақпараттың қолжетімділігін, сапасын және ашу жеделдігін жақсарту жолында тұрақты жұмыс істейді.</p> <p>Холдинг қызметіне қатысты барлық қазіргі фактілер туралы, сонымен қатар қаржылық жағдайы, қызметінің нәтижелері, меншік құрылымы және Холдингті басқару туралы шынайы ақпаратты және озық корпоративтік басқару тәжірибесіне сәйкес өзге ақпаратты дер кезінде ашуды қамтамасыз етеді.</p> <p>Холдинг корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есеп пен аудиторлық есептерді, үлестес тұлғалардың тізімдерін, сонымен қатар жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп туралы заңнамасына, «Қазақстан қор биржасы» АҚ листинг қағидаларына сәйкес белгіленген Холдингтің Басқарма мүшелері сыйақысының жиындық мөлшері туралы ақпаратты қаржы есептілігі депозитарийінің және «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет қорына орналастыру арқылы ашады.</p> <p>ЖА Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, мүдделі тұлғаларына Холдинг туралы қажетті ақпаратты дер кезінде ұсыну мақсатында Холдингтің ДК 20.03.2014 ж. шешімімен (хаттама № 02/14) «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Ақпаратты ашу саясаты бекітілді, бұл саясат ақпаратты ашу қағидалары мен ұстанымдарын, сонымен қатар ақпаратты ашу тәртібін, мерзімдерін және нысанын белгілейді.</p> <p>Холдингтің интернет қоры www.baiterek.gov.kz жақсы құрылымдалған, пайдалануға ыңғайлы навигациясы бар, мүдделі тұлғаларға қажетті ақпарат бар. Бұл ретте ақпарат интернет қордың жеке тақырыптық бөлімдерінде орналасқан.</p> <p>Холдингтің интернет қорының ұдайы, аптасына кемінде 1 рет жаңартылып отырады.</p> <p>Холдингтің 2020 жылдық есебін Холдингтің ДК 19.07.2021 жылы бекітті (хаттама № 04/21).</p>

Жасалуына қызығушылық бар мәмілелердің тізбесі

№	Мәміленің атауы	Директорлар кеңесінің шешімі
1.	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамымен қызығушылық тудырған мәмілені жасау туралы	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 25 ақпандағы № 02/21 бетпе-бет қабылдаған шешімі
2.	«Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамымен, «Аграрлық кредит корпорациясы» акционерлік қоғамымен, «Қазына капитал менеджмент» акционерлік қоғамымен қызығушылық тудырған мәмілені жасау туралы	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 18 шілдедегі № 04/21 бетпе-бет қабылдаған шешімі
3.	«Аграрлық кредит корпорациясы» акционерлік қоғамымен және «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамымен қызығушылық тудырған мәмілені жасау туралы	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 25 қарашадағы № 07/21 бетпе-бет қабылдаған шешімі
4.	«Қазақстан Даму банкі» акционерлік қоғамымен қызығушылық тудырған мәмілені жасасу туралы және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021 жылға арналған Жылдық бюджетіне және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2019–2023 жылдарға арналған Даму жоспарына өзгерістер енгізу	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 қаңтардағы № 01/21 бетпе-бет қабылдаған шешімі
5.	«Қазақстан Даму банкі» акционерлік қоғамымен қызығушылық тудырған мәмілені жасасу туралы және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2021 жылға арналған Жылдық бюджетіне және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2019–2023 жылдарға арналған Даму жоспарына өзгерістер енгізу	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 27 мамырдағы № 03/21 бетпе-бет қабылдаған шешімі
6.	«Қазақстан Даму банкі» акционерлік қоғамымен қызығушылық тудырған мәмілені жасасу туралы»	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 04/21 бетпе-бет қабылдаған шешімі
7.	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамымен қызығушылық тудырған мәмілені жасасу туралы»	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 04/21 бетпе-бет қабылдаған шешімі

Жылдық қаржы есептілігі

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жартыжылдық негізде шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындайды және жариялайды. Жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік 2019–2021 жылдар кезеңіне «КПМГ Аудит» ЖШС компаниясы болып табылатын тәуелсіз аудитордың аудитінен өтеді.

Тәуелсіз аудитордың ескертулері мен есебімен 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің толық мәтіні Холдингтің сайтында «Холдинг туралы» бөлімінде мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://baiterek.gov.kz/ru/o-kholdinge/otchetnost-kholdinga/finansovaya-otchetnost/>

Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	2021 жылғы 31 жел-тоқсан	2020 жылғы 31 жел-тоқсан
Активтер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	1,389,045,232	577,623,210
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын басқа да активтер	154,118,280	127,770,366
Банктерге және қаржы институттарына берілген кредиттер	367,879,233	343,660,770
Банктердегі және қаржы институттарындағы депозиттер	217,171,683	259,247,511
Клиенттерге берілген кредиттер	4,704,073,545	3,316,270,022
Инвестициялық бағалы қағаздар	1,785,415,690	1,436,201,117
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	929,926,219	490,616,859
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялау объектілері	555,065	2,388
Инвестициялық меншік	10,230,182	6,194,729
Ағымдағы табыс салығы бойынша алдын ала төлем	25,359,231	16,041,107
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша актив	33,955,310	10,429,868
Негізгі құралдар	17,997,190	17,798,673
Материалдық емес активтер	9,091,019	7,591,382
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	3,463,876	12,869,742
Басқа да қаржы активтері	30,694,738	17,369,093
Басқа да активтер	190,898,868	173,388,678
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	9,869,875,361	6,813,075,515
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Клиенттердің қаражаты	1,788,020,886	1,062,591,005
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	4,065,432,159	2,511,162,841
Тәртіптелген борыш	7,502,151	6,991,949
Банктерден және басқа да қаржы институттарынан алынған қарыздар	652,462,122	686,324,646
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	577,428,415	347,670,193
Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме	1,915,356	41,699
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттеме	40,257,423	33,715,827
Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	41,554,777	24,933,675
Басқа да қаржылық міндеттемелер	200,188,894	82,753,520
Мемлекеттік субсидиялар	741,637,963	580,085,440

(мың қазақстандық теңгемен)	2021 жылғы 31 жел-тоқсан	2020 жылғы 31 жел-тоқсан
Басқа да міндеттемелер	83,922,988	46,114,914
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	8,200,323,134	5,382,385,709
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	1,266,238,962	1,046,504,712
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві	(16,554,288)	(6,153,857)
Бизнесті біріктіру кезіндегі резерв және қосымша төленген капитал	211,640,338	174,459,214
Басқа да резервтер	32,466,050	19,021,258
Бөлінбеген пайда	175,761,165	196,767,022
Холдинг иелеріне тиесілі таза активтер	1,669,552,227	1,430,598,349
Бақыланбайтын меншік иелерінің үлесі	–	91,457
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	1,669,552,227	1,430,689,806
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	9,869,875,361	6,813,075,515

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	2021 ж.	2020 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелген пайыздық кірістер	605,756,946	382,314,481
Басқа да пайыздық кірістер	102,543,599	50,206,620
Пайыздық шығыстар	(409,788,469)	(241,283,014)
Таза пайыздық кірістер	298,512,076	191,238,087
Қарыз портфельінің және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануына арналған резерв	(74,402,396)	(51,283,927)
Кредиттік портфельдің құнсыздануына резервті шегергеннен кейінгі таза пайыздық кіріс	224,109,680	139,954,160
Комиссиялық кірістер	21,842,222	8,201,840
Комиссиялық шығыстар	(8,354,095)	(7,994,671)
Таза комиссиялық (шығыс)/кіріс	13,488,127	207,169
Кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында өзгерістері көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын активтермен операциялардан таза (залал)/пайда	(234,594)	4,925,206
Шетелдік валютамен жасалатын операциялардан түскен таза пайда	996,437	3,117,563
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтермен операциялардан таза пайда	61,083	6,740,542
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді тануды тоқтатудан таза пайда	16,569,734	2,689,288
Еңбекпен табылған таза сақтандыру сыйлықақылары	5,418,679	3,490,301
Сақтандыру шарттары бойынша резервтегі өзгерістер және сақтандыру төлемдері бойынша таза шығыстар	(12,596,076)	(14,203,300)
Басқа да операциялық шығыстар/кірістер, нетто	(32,154,154)	1,660,083
Операциялық кіріс	215,658,916	148,581,012
Басқа қаржылық активтердің құнсыздануы (резерві)/қалпына келтіру	5,275,441	(4,289,426)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша құнсыздану шығыстары (резерві)/қалпына келтіру	1,020,771	(9,580,762)

(мың қазақстандық теңгемен)	2021 ж.	2020 ж.
Еншілес ұйымның шығып қалуынан залал	(13,996,439)	-
Әкімшілік шығыстар	(65,475,791)	(49,625,271)
Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін инвестициялар объектілерінің қаржылық нәтижесінің үлесі	(4,614)	(4,789)
Салық салғанға дейінгі пайда	142,478,284	85,080,764
Табыс салығы бойынша шығыс	(31,598,231)	(12,023,657)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА	110,880,053	73,057,107
Тиесілі пайда:		
- Холдинг иелеріне	110,880,053	73,065,073
- бақыламайтын үлестерге	-	(7,966)
Бір жылдағы пайда	110,880,053	73,057,107

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	2021 ж.	2020 ж.
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА	110,880,053	73,057,107
Басқа да жиынтық кіріс:		
<i>Нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта сыныпталмайтын баптар:</i>		
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, үлестік құралдардың әділ құнының өзгерістерінің нетто-шамасы	83,093	(205,719)
<i>Нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта сыныпталуы мүмкін баптар:</i>		
Бағалы қағаздардың әділ құнының резерві:		
- Әділ құнның таза өзгеруі	(10,871,278)	8,010,045
- Пайда немесе залал құрамына көшірілген әділ құнның таза өзгеруі	(46,466)	(7,147,850)
Бір жылдағы басқа да жиынтық кіріс	(10,834,651)	656,476
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ	100,045,402	73,713,583
Тиесілі жиынтық кірістің жиыны:		
- Холдинг иелеріне	100,045,402	73,721,549
- бақыламайтын үлестерге	-	(7,966)
Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны	100,045,402	73,713,583

(мың қазақстандық теңгемен)	Холдинг иелеріне тиесілі					Меншікті капитал жиыны
	Акциянерлік капитал	Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві	Бизнесті біріктірген кездегі резерв және қосымша төленген капитал	Басқа да резервтер	Бөлінбеген пайда	
2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	1,046,504,712	(6,153,857)	174,459,214	19,021,258	196,767,022	1,430,689,806
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	110,880,053	110,880,053
Басқа да жиынтық кіріс	-	(10,834,651)	-	-	(10,834,651)	(10,834,651)
Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны	-	(10,834,651)	-	-	110,880,053	100,045,402
Акциялардың эмиссиясы – ақшалай жарна	5,000,000	-	-	-	5,000,000	5,000,000
Бизнесті біріктірумен байланысты капиталға жарналар (акциялар шығарылымы)	214,734,250	-	-	(111,981,993)	102,752,257	102,752,257
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(10,368,338)	(10,368,338)
Активтің шығып қалуы нәтижесінде қайта бағалау жөніндегі резервті көшіру	-	434,220	-	-	(434,220)	-
«Қазақстан инвестициялық қоры» АҚ еншілес кәсіпорнының шығып қалуы	-	-	(14,945,904)	-	14,945,904	-
8,016,096 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергенде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар бойынша дисконтты мойындау	-	-	32,064,385	-	32,064,385	32,064,385
5,015,661 мың теңге мөлшеріндегі салықтық әсерді қоспағанда, шығарылған борыштық бағалы қағаздардың шарттарын елеулі модификациялау әсерін мойындау	-	-	20,062,643	-	20,062,643	20,062,643
Акциянерлерге өзге төлемдер	-	-	-	(10,602,471)	(10,602,471)	(10,602,471)
Резервтік капиталды есептеу	-	-	-	13,444,792	(13,444,792)	-
Өзге қозғалыстар	-	-	-	-	(91,457)	(91,457)
2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	1,266,238,962	(16,554,288)	211,640,338	32,466,050	175,761,165	1,669,552,227

(мың қазақстандық теңгемен)	Холдинг иелеріне тиесілі						Меншікті капитал жиыны
	Акциянерлік капитал	Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві	Бизнесті біріктірген кездегі резерв және қосымша төленген капитал	Басқа да резервтер	Бөлінбеген пайда	Барлығы	
2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	917,218,712	(7,224,576)	160,093,819	14,007,062	142,942,619	1,227,037,636	1,227,137,059
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	73,065,073	73,065,073	73,057,107
Басқа да жиынтық кіріс	-	656,476	-	-	-	656,476	656,476
Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны	-	656,476	-	-	73,065,073	73,721,549	73,713,583
Акциялардың эмиссиясы – ақшалай жарна	129,286,000	-	-	-	-	129,286,000	129,286,000
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	-	(11,198,660)	(11,198,660)	(11,198,660)
Активтің шығып қалуы нәтижесінде қайта бағалау жөніндегі резервті көшіру	-	414,243	-	-	(414,243)	-	-
«QazTech Venture АҚ еншілес кәсіпорнының шығып қалуы»	-	-	(60,650)	-	(2,613,036)	(2,673,686)	(2,673,686)
3,606,511 мың теңге мөлшеріндегі салықтарды шегергенде Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қарыздар бойынша дисконтты мойындау	-	-	14,426,045	-	-	14,426,045	14,426,045
Акциянерлерге өзге төлемдер	-	-	-	-	(535)	(535)	(535)
Резервтік капиталды есептеу	-	-	-	5,014,196	(5,014,196)	-	-
2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	1,046,504,712	(6,153,857)	174,459,214	19,021,258	196,767,022	1,430,598,349	1,430,689,806

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп

(мың қазақстандық теңгемен)	2021 ж.	2020 ж.
Операциялық қызметтен ақша ағындары		
Алынған пайыздық кірістер	574,943,992	300,245,981
Төленген пайыздық шығыстар	(316,037,432)	(150,342,971)
Алынған комиссиялық кірістер	45,432,197	24,547,778
Төленген комиссиялық шығыстар	(8,245,383)	(7,383,759)
Шетелдік валютамен жасалатын операциялардан түскен таза (залал)/ пайда	(674,747)	181,299
Есептелген таза сақтандыру сыйлықақылары	5,265,000	3,319,335
Төленген сақтандыру талаптары, таза	(2,476,145)	(1,312,414)
Өзге операциялық кірістер бойынша түсімдер	4,775,533	6,247,014
Алынған дивидендтер	69,150	71,170
Төленген әкімшілік және өзге операциялық шығыстар	(58,495,249)	(47,038,402)
Төленген табыс салығы	(33,080,318)	(10,091,780)
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының ағындары	211,476,598	118,443,251
<i>Мыналар бойынша таза (өсім)/төмендеу:</i>		
- өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын активтер	(18,623,715)	(6,104,266)
- банктер мен қаржы институттарына берілген кредиттер	13,522,990	22,978,933
- банктер мен қаржы институттарына депозиттер	67,343,169	(99,636,180)
- клиенттерге берілген кредиттер	(881,438,585)	(570,769,100)
- қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек	130,753,868	36,926,491
- өзге қаржылық активтер	(2,181,087)	4,797,353
- өзге активтер	(201,676,852)	(167,471,840)
<i>Таза (төмендеу)/өсім мыналар бойынша:</i>		
- клиенттердің қаражаты	721,132,449	222,971,570
- өзге қаржылық міндеттемелер	(37,086,049)	36,525,749
- өзге міндеттемелер	14,148,985	5,519,942
Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза ағыны	17,371,771	(395,818,097)
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары		
Инвестициялық бағалы қағаздар сатып алу	(1,453,073,447)	(1,838,669,892)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсімдер	1,132,858,169	943,222,736
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(3,514,895)	(3,871,073)
Негізгі құралдарды сатудан түсімдер	529,238	646,428
Инвестициялық мүлікті сатудан түсімдер	73,248	-
Нәтижесінде шығып қалған ақша қаражатын шегергенде, еншілес кәсіпорынның шығып қалуынан түсімдер	5,040,157	(2,715,036)
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың шығып қалуынан түсімдер	44,708	851,937
Бірігу нәтижесіндегі түсімдер	375,993,158	-
Инвестициялық қызметтен алынған/(пайдаланылған) ақша қаражатының таза ағыны	57,950,336	(900,534,900)

(мың қазақстандық теңгемен)	2021 ж.	2020 ж.
Қаржы қызметінен ақша ағындары		
Банктерден және басқа да қаржы институттарынан қарыздарды алу	114,493,103	182,940,727
Банктерден және басқа да қаржы институттарынан алынған қарыздарды өтеу	(214,104,933)	(176,047,286)
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздар	296,554,591	191,003,613
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қарыздарды өтеу	(123,382,071)	(6,195,988)
Жәй акцияларды шығарудан түсімдер	5,000,000	129,286,000
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түсімдер	791,492,968	1,259,394,682
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу/өтеу	(148,832,989)	(148,085,934)
Алынған мемлекеттік субсидиялар	33,144,980	–
Төленген дивидендтер	(10,368,338)	(11,198,660)
Акционерлерге басқа да төлемдер	(10,602,471)	(535)
Қаржы қызметінен алынған таза ақша қаражаты	733,394,840	1,421,096,619
Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражатына және оның баламаларына әсері	2,786,271	25,656,601
Құнсыздануға резерв өзгерістерінің әсері	(81,196)	674,544
Ақша қаражатының және оның баламаларының таза азаюы	811,422,022	151,074,767
Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары	577,623,210	426,548,443
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	1,389,045,232	577,623,210

«Operating Principles for Impact Management» ХҚК қағидаларына сүйену туралы ақпарат

1-қағида. Инвестициялық стратегияға сәйкес келетін ықпал етудің стратегиялық мақсаттарын айқындау:

Ұйымда Тұрақты даму мақсаттарымен келісетін оң өлшенетін әлеуметтік немесе экологиялық салдарға қол жеткізу үшін портфель немесе қор үшін әсер етудің стратегиялық мақсаттары айқындалуы тиіс.

2-қағида. Портфель негізінде стратегиялық ықпалды басқару:

Ұйымда жобаларды іске асырудың оң әсерлеріне қол жеткізуді басқару процесі құрылуы тиіс. Сондай-ақ ынталандыру жүйелерін тиімділікке қол жеткізуге сәйкес келтіру қажет болып табылады.

3-қағида. Нәтижеге қол жеткізудегі үлесін анықтау:

Жобаларды іске асырудан тиімділікке қол жеткізу құжатталуы тиіс.

4-қағида. Жүйелік тәсіл негізінде әрбір инвестициядан күтілетін әсерді бағалау:

Әрбір инвестициялар үшін оны алдын ала бағалау, нақты оң нәтиже туралы түсінік болуы қажет.

5-қағида. Әлеуетті теріс салдарларды бағалау, жою, мониторинг және басқару:

Ұйымның әрбір инвестициясы үшін ықтимал теріс салдарларды анықтауға және жеңілдетуге ұмтылуы тиіс.

6-қағида. Нәтижеге қол жеткізудегі әрбір инвестицияның өрлеуін мониторингілеу

Холдинг Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі қаржы институты ретінде халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуден бастап ірі индустриялық жобаларды қолдауға дейінгі негізгі әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады. Холдинг өңірлердің дамуына елеулі әсер ететіндіктен, Холдинг ел экономикасына қосқан үлесін бағалауды мерзімді негізде жүзеге асырады.

Холдинг қызметінің әрбір стратегиялық бағыты бойынша 2023 жылға арналған мақсатты мәнін айқындай отырып, ҚНҚ көзделген.

Жылдық аралық мақсатты мәндері мен іс-шаралары бар егжей-тегжейлі қосымша тапсырмалар «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның жұмыс құжаты болып табылатын стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында көзделген. Бұл ретте, Басқарма мүшелеріне сыйақы стратегиялық ҚНҚ қол жеткізу нәтижелеріне және Директорлар кеңесінің шешімі бойынша қызметті бағалау нәтижелеріне байланысты төленеді.

Холдингтің инвестициялық саясаты инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде ESG факторларын (экологиялық, әлеуметтік факторлар мен адал корпоративтік басқару факторлары) ескереді. Сондай – ақ саясат шеңберінде әлеуетті жобаларды басымдау құралы – Даму индексі енгізілді, оның шеңберінде тұрақты әлеуметтік дамуға әсері ескеріледі: жоба қалалар мен елді мекендердің ашықтығына, қауіпсіздігіне, өміршеңдігіне және экологиялық тұрақтылығына ықпал етуі тиіс.

Жобаларды талдауды Холдинг немесе еншілес ұйымдар әрбір әлеуетті жоба үшін жүргізеді. Жобаларды талдау мыналарды қамтиды (бірақ шектелмейді): жобаның негізгі ұстанымдарға және негізгі бағыттарға сәйкестігі мәніне талдау, қаржы-экономикалық және техникалық-технологиялық көрсеткіштерді бағалау, әлеуетті тәуекелдерді бағалау. Бұл ретте қаржылық қолдау көрсетілетін басым бағыттарды айқындау кезінде Холдинг және оның еншілес ұйымдары Холдингтің стратегиялары мен мемлекеттік бағдарламаларда бекітілген бағыттарға бағдарланады. Холдинг және оның ЕҰ пайдалы қазбаларды өндіру (егер оларды одан әрі өңдеу көзделмеген жағдайда), ойын бизнесі және ҚР заңнамасымен тыйым салынған басқа да қызмет түрлері бойынша қолдау көрсетпейді.

Холдинг және оның ЕҰ қатысушылар, олардың қызметінің сипаты туралы ақпаратты кешенді талдауды қамтитын бағалау рәсімдерін қолданады. Теріс факторлардың болуына ерекше назар аударылады, оларды анықтаған кезде Холдинг және оның ЕҰ қосымша тексеру жүргізеді.

Жобалар мониторингі тұрақты негізде жүргізіледі.

7-қағида. Жобалардан олардың одан әрі тұрақты әсерін ескере отырып шығу	ҚР-ның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалау және қаржылық қолдау көрсету тәсілдерін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында жобалардың постмониторингі жүргізіледі.
8-қағида. Қол жеткізілген нәтижелер негізінде шешімдер мен процестерді шолу, құжаттау және жетілдіру	Холдинг еншілес ұйымдар жіберетін әлеуетті, қолданыстағы және аяқталған жобалар туралы ақпаратты шоғырландырады. Шоғырландырылған есептілік нысандары қаржылық қолдаудың негізгі бағыттарын басымдау бойынша еншілес ұйымдарға ұсынымдар беру туралы шешім қабылдауды кейіннен қарау үшін тиісті уәкілетті органдарға жіберіледі.
9-қағида. Қағидаларға сәйкестікті жария ету және сәйкестікке тұрақты тәуелсіз тексеруді ұсыну	Холдинг IFC импакт-инвестициялау қағидаларына сәйкес жобаларға қолдау көрсетуге ұмтылады және одан әрі бастамаға ресми қосылуды қарастыруға ниетті.

GRI көрсеткіштер кестесі

Стандарт нөмірі ¹	Есептілік элементі	БҰҰ Жаһандық шартының қағидасы	Есептің тараулары / Пікір білдіру	Бет
GRI 101 (2016): Негіздер				
GRI 102 (2016): Жалпы ашу				
Ұйым профілі				
102-1	Ұйымның атауы		Холдинг туралы	3
102-2	Қызмет, брендтер, өнімдер және қызметтер		Холдинг туралы	3
102-3	Штаб-пәтердің орналасқан жері		Байланыс ақпараты	169
102-4	Қызметті жүзеге асыру орны		Даму тарихы, Даму жоспары	4-5, 20-23
102-5	Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны		Даму тарихы	4-5
102-6	Ұйым жұмыс істейтін базарлар		Даму тарихы, Даму жоспары	4-5, 20-23
102-7	Ұйым ауқымы		Даму тарихы, Қызметтің негізгі көрсеткіштері, Қызметтің қаржылық нәтижелері, Персоналды басқару	4-5, 6-7, 37-39, 116-117
102-8	Персонал және басқа қызметкерлер туралы ақпарат	6	Персоналды басқару	116-119
102-9	Жеткізу тізбегі	10	Бизнес-модель, Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету, Капитал нарықтарында қаражат тарту	18-19, 110, 39-42

¹ Стандарт атауларында жақша ішінде олардың жарияланған жылдары көрсетілген.

Стандарт нөмірі ¹	Есептілік элементі	БҰҰ Жаһандық шартының қағидасы	Есептің тараулары / Пікір білдіру	Бет
102-10	Масштабтардың, құрылымның және меншіктің елеулі өзгерістері		Есепті жылы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға қосылды; «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ бәсекелестік ортаға «QazTech Ventures» ақ берілді және «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС жеке қорлар ретінде «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ басқаруына берілді; «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ микрокредит беру жөніндегі функцияларды бере отырып, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға қосылу жолымен қайта ұйымдастырылды, бұл ретте кредиттерге кепілдік беру жөніндегі функциялар «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға берілді	
102-11	Сақтық қағидасын қолдану	7	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	99-103
Холдинг инвестициялық шешімдер қабылдау аясында Холдингтің еншілес ұйымдары үшін жауапты инвестициялау қағидаларын таратуды қамтамасыз етеді				
102-12	Сыртқы бастамалар		Тұрақты дамуды басқару жүйесі	107
102-13	Қауымдастықтарға мүшелік		Холдинг қандай да бір қауымдастықтар мен бірлестіктердің мүшесі болып табылмайды	
Стратегия				
102-14	Шешім қабылдайтын ең үлкен басшының өтініші		Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі, Басқарма Төрағасының Үндеуі	8-9, 10-13
102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер	1-10	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	99-103, 110-113
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл, Даму жоспары				
Этика және адалдық				
102-16	Ұйымның құндылықтары, принциптері, стандарттары және мінез-құлық нормалары	1, 2, 6, 10	Корпоративтік этика және мүдделер қақтығысын реттеу, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	94-95, 96-97
102-17	Этикалық мінез-құлық мәселелері бойынша кеңес алуға жүгіну тетіктері	1, 2	Корпоративтік этика және мүдделер қақтығысын реттеу	94-95
Корпоративтік басқару				
102-18	Корпоративтік басқару құрылымы		Корпоративтік басқару жүйесі	63-66
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл				
102-40	Мүдделі тарап топтарының тізімі		Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	111-113
102-42	Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу		Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	111
102-43	Ұйымның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі		Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	111
102-44	Негізгі тақырыптар мен алаңдаушылықтар		Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	111-113

Стан-дарт нөмірі ¹	Есептілік элементі	БҮҮ Жаһандық шартының қағидасы	Есептің тараулары / Пікір білдіру	Бет
Есеп беру рәсімі				
102-45	Есептілігі ұйымның есептілігіне енгізілген заңды тұлғалар		Холдинг туралы, Есеп туралы	3, 133
102-46	Есеп мазмұны мен тақырыптар шекарасын анықтау		Есеп туралы	131
102-47	Маңызды тақырыптар тізімі		Есеп туралы	132-133
102-48	Көрсеткіштерді қайта тұжырымдау		Есеп туралы	131
102-49	Алдыңғы есепті кезеңдермен салыстырғанда тақырыптардың қамтылуы мен шекараларының елеулі өзгерістері		Есеп туралы	133
102-50	Есепті кезең		Есеп туралы	131
102-51	Алдыңғы есептің жарияланған күні		Есеп туралы	131
102-52	Есеп беру циклі		Есеп туралы	131
102-53	Осы есепке қатысты сұрақтармен жүгінуге болатын байланысуға арналған тұлға		Байланыс ақпараты	169
102-54	GRI стандарттарына сәйкес есептілікті дайындау нұсқасы туралы өтініш		Есеп туралы	131
102-55	GRI көрсеткіштерінің кестесі		GRI көрсеткіштерінің кестесі	160-164
102-56	Ұйымның есептілікті сыртқы растауды қамтамасыз етуге қатысты практикасы		Есеп туралы	131
GRI 103 (2016): Менеджмент саласындағы тәсілдер				
103-1	Материалдық және шектері		Есеп туралы	131
103-3	Менеджментті бағалау		Менеджмент есебі	78-79
Ерекше элементтер				
GRI 200 Экономикалық тақырыптар				
GRI201 (2016): Экономикалық тиімділік				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	10	Менеджмент есебі	125
201-1	Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн	10	Қызметтің қаржылық нәтижелері	125
GRI203 (2016): Тікелей емес экономикалық ықпал ету				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	10	Менеджмент есебі	20-23
203-1	Инфрақұрылымға инвестициялар және өтеусіз қызметтер	10	Кәсіпкерлікті қолдау	43-45
203-2	Елеулі тікелей емес экономикалық ықпал ету	10	Кәсіпкерлікті қолдау	55

Стан-дарт нөмірі ¹	Есептілік элементі	БҮҮ Жаһандық шартының қағидасы	Есептің тараулары / Пікір білдіру	Бет
GRI205 (2016): Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	96-97
205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту	10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	96-97
205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған іс-әрекеттер	10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл <i>Есепті жылы Холдинг қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау фактілері тіркелген жоқ</i>	96-97
GRI 300 Экологиялық тақырыптар				
GRI307 (2016): Экологиялық талаптарға сәйкестік				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	7, 8, 9	Қоршаған ортаны қорғау	127-128
307-1	Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	7, 8, 9	<i>Есепті жылы экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін айыппұлдар анықталған жоқ</i>	
GRI 400 Әлеуметтік тақырыптар				
GRI401 (2016): Жұмыспен қамту				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	1-6, 10	Персоналды басқару	116-117
401-1	Жаңадан жалданған қызметкерлердің жалпы саны мен пайызы, сондай-ақ жас тобы, жынысы және өңірі бойынша бөліністегі кадрлардың тұрақтамауы	6	Персоналды басқару	116-117
GRI403 (2016): Денсаулық және қауіпсіздік				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	1	Еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігі	122-123
403-2	Өндірістік жарақаттанудың түрлері мен деңгейі, кәсіптік аурулардың деңгейі, жоғалған күндердің коэффициенті және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ жұмысқа байланысты өлімжітімнің жалпы саны өңірлер мен жыныс бойынша бөлінуі	1	Еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігі	122-123

Стандарт нөмірі ¹	Есептілік элементі	БҰҰ Жаһандық шартының қағидасы	Есептің тараулары / Пікір білдіру	Бет
GRI404 (2016): Оқыту және білім беру				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	6	Персоналды басқару	119-120
404-1	Қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөле отырып, бір қызметкерге оқу сағаттарының орташа жылдық саны	6	Персоналды басқару	119
404-3	Қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөле отырып, нәтижелілігі мен мансабының дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі	2, 6	Персоналды басқару	120
GRI405 (2016): Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер		Персоналды басқару	118
405-1	Басшы органдардың құрамы және жынысы, жас топтары, кіші топтарға тиесілігі және әртүрліліктің басқа да белгілері бойынша бөлінген ұйым персоналының негізгі санаттары		Персоналды басқару	118
GRI413 (2016): Жергілікті қауымдастықтар				
103-2	Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	1,2	Демеушілік және қайырымдылық қызмет	129
413-1	Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау, жергілікті қоғамдастықтарға ықпал етуді бағалау және жергілікті қоғамдастықтарды дамыту бағдарламаларын іске асыратын бөлімшелер	1,2	Демеушілік және қайырымдылық қызмет	129

Глоссарий

«Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ, «АКК» АҚ	«Аграрлық кредит корпорациясы» акционерлік қоғамы
АДБ	Азия даму банкі
АЖ	Ақпараттық жүйе
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АӨК	Агроөнеркәсіптік кешен
АТ	Ақпараттық технологиялар
«Ауыл шаруашылыққа қаржылай қолдау көрсету қоры» АҚ, «АҚҚКҚ» АҚ	«Ауыл шаруашылыққа қаржылай қолдау көрсету қоры» акционерлік қоғамы
АХҚО	«Астана» Халықаралық қаржы орталығы
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
«Бәйтерек девелопмент» АҚ	«Бәйтерек девелопмент» акционерлік қоғамы
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Бәйтерек» Холдингі, Холдинг	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
БДҚ	Бірыңғай деректер қоймасы
Бизнестің жол картасы-2020, БЖК-2020	«Бизнестің жол картасы-2020» Бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы
БРИКС	Бес елдің тобы: Бразилия, Ресей, Үндістан, ҚХР және ОАР
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БҰҰ Жаһандық шартының қағидалары	Ғаламдық келісімнің адам құқығы (1, 2), еңбек қатынастары (3-6), қоршаған ортаны қорғау (7-9) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (10) саласындағы он қағидасы жалпыға ортақ келісімге ие және олар мыналардан құралады: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Халықаралық еңбек ұйымының негізгі қағидаттар мен өндірістегі еңбек құқықтары туралы декларациясы Рио-де-Жанейроның Қоршаған орта және даму декларациясы БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы.
ГЭС	Гидроэлектростанциясы
«Даму» Қоры» АҚ	«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы
ДК	Директорлар кеңесі
ЕАДБ	Еуразиялық Даму Банкі
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
ЕҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
«Еңбек»	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы
ЕО	Еуропалық Одақ
ЕҰ	Дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығында Холдингке тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар
ЖАО	Жергілікті атқарушы билік органдары
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖҚҚ	Жалпы қосылған құн
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ИДБ	Ислам Даму Банкі
ИИДМБ	Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

«KazakhExport» ЭСК» АҚ	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	«ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
«ҚазАгроҚаржы» АҚ, «ҚАФ» АҚ	«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «ҚДБ» АҚ	«Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы
«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «ҚИҚ» АҚ	«Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамы
«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ, «ҚИК» ИҰ» АҚ	«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» акционерлік қоғамы»
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, «ҚКМ» АҚ	«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамы
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «ҚТҚЖБ» АҚ	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы
«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ, «ҚЖК» АҚ	«Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚБ	Құрылымды бөлімшелер
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР ЕНХӘҚМ	Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҚЕХС	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары
ҚР ИИДМ	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіштері
ҚР ҚНРДА	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ҚР СЖРА ҰСБ	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
ҚР СИМ	Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі
ҚР ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚР ҰЭМ	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
ҚР ҰЭМ СК	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті
ҚТҚ	Қатты тұрмыстық қалдықтар
ЛК	Лизингтік компания
МЖС	Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік
МҚҰ	Микроқаржы ұйымы
МТБЭ	Метил-трет-бутил эфир
МШОК	Микро, шағын және орта кәсіпкерлік
МШОКС	Микро-, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
МЭЕҰ	Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы
НКИ	Нақты көлем индексі
Нұрлы жер	2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы

Нұрлы жол	«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама
«Отбасы Банк» АҚ	«Отбасы Банк» «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамы
«ӨДҚ» АҚ	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамы
РБ	Республикалық бюджет
«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ, «ТҚКБҚ» АҚ	«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі» акционерлік қоғамы
ТИҚ	Тікелей инвестициялар қоры
ТМД	Тұрақты дамудың мақсаттары – 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібі аясында қабылданған және кедейшілікті жоюға, ғаламшар ресурстарын сақтауға және барлығының әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған 17 мақсат пен 169 міндет
«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ, «ТҚКБҚ» АҚ	«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
Холдинг тобы	«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» Акционерлік қоғамы және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік құқығында Холдингке тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар
ХҚК	Халықаралық қаржы корпорациясы
ІАКПХН	Ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздері
ШОБ	Шағын және орта бизнес
ШОКС	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ІКС	Ірі кәсіпкерлік субъектілері
ЭСДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
7-20-25	Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа Үндеуінде айтылған «Әрбір отбасы үшін тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктері» атты бірінші бастамасының міндеттерін іске асыру аясында әзірленген ипотекалық бағдарлама
ВРМ-жүйесі	Бизнес-процестерді басқару жүйесі
СІТІС	China International Trust and Investment Corporation
СОСО	The Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission
Digital Baiterek	«Digital Baiterek» Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай порталы
ESG	Environmental, Social and Governance
Equator Principles (Экватор қағидаттары)	Халықаралық қаржы корпорациясы қолданатын табиғат қорғау және әлеуметтік стандарттарға негізделген жобалық қаржыландыру аясында экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді бағалау үшін қаржы ұйымдары әзірлеген және қабылдаған нормалар кешені
GRI	Global Reporting Initiative
IFC	International Finance Corporation
«KPPF» ЖШС	«Kazakhstan Project Preparation Fund» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

«QazTech Ventures» АҚ, «QTV» АҚ	«QazTech Ventures» акционерлік қоғамы
ROA	Return on Assets
ROE	Return on Equity
UN PRI (БҮҮ жауапты инвестициялау қағидаттары)	Инвестициялық қызметтің барлық кезеңдерінде экологиялық және әлеуметтік факторларды, сондай-ақ адал корпоративтік басқару факторларын (ESG факторлары) есепке алуға негізделген қағидаттар кешені
VPN	Virtual Private Network

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Нұр-Сұлтан қ.,
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55а үй

Кеңсе телефондары:
8 (7172) 91-91-11, 8 (7172) 91-91-10

Факс:

8 (7172) 91-91-15

Электронды пошта: kense@baiterek.gov.kz

Осы Есепке қатысты мәселелер бойынша байланысатын тұлғалар:

Стратегия және корпоративтік даму департаменті

Ержанова Мадина

8 (7172) 91-91-36

m.yerzhanova@baiterek.gov.kz

Кожемжарова Диана

8 (7172) 91-91-99

d.kozhemzharova@baiterek.gov.kz



BAITEREK

www.baiterek.gov.kz